әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Философия, саясаттану және дінтану институты

ӘОЖ 28(574):130.2 Қолжазба құқында

ТОКТАРБЕКОВА ЛАУРА НИЯЗБЕКОВНА

Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор, Сатершинов Б.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, доцент
Ачилов Дильшод
Массачусетс Университеті
(Дартмут, АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3
1 ДІНИ ДӘСТҮР – ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС 10
1.1 Дәстүр – діни мәдениет құбылысы 10
1.2 Христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрге дінтанулық салыстырмалы талдау 21
1.3 Ислам мәдениетіндегі дәстүрдің білім беру және тәрбиелік сипаттары... 38

2 ИСЛАМ ДӘСТҮРІ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 49
2.1 Ислам канондары мен ислами дәстүрлерді тұжырымдамалау..... 49
2.2 Кейбір ислам қоғамдарындағы діни-мәдени дәстүрлердің қалыптасуы... 56
2.3 Ислам дәстүрі және Батыс Еуропадағы мәдени интеграция мәселелері .. 66

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДӘСТҮРІ: ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КОНТЕКСТТЕР 84
3.1 Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптығы..... 84
3.2 Ислам дәстүрі мен қазақ халқының салт-дәстүрлерінің өзара сабақтастығы..... 98
3.3 Ислам дәстүрі және оның қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы 103

ҚОРЫТЫНДЫ 132

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 135

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста ислам дәстүрінің қазақ мәдениетіне әсері сараланып, оның қазақстандық мәдени-әлеуметтік ортадағы орны зерттеледі. Ислам дәстүрінің қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы анықталады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мәдени-әлеуметтік кеңістіктегі ислам дәстүрінің проблемасын талдаудан өткізу ислам дінінің негіздерін ғылыми тұрғыдан жаңадан зерделеу мен оның қазақстандық мәдениет үшін маңызды қырларын айқындаумен сипатталады.

Зерттеу жұмысының концептуалдық бағыт-бағдары қазақ қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтар әлемін қалыптастырудағы ислам дәстүрінің феноменологиялық мәнін ашу мен оның қазіргі қазақстандық нақты дүниедегі мемлекет пен дін арасындағы және діни ағымдар арасындағы қарым-қатынастың қайтадан өзектенуімен түсіндіріледі. Бұл қадам қазақстандық заманауи болмыстағы жаңа үрдістер мен дәстүрлерді анықтауға мүмкіндік беріп, исламдық дәстүрдің жаңашылдыққа, зайырлы құндылықтармен интеграциялануға және басқа діни дәстүрлермен сұхбаттасуға дайын екендігін көрсетеді. Елбасының өзектеген «Рухани жаңғыру» идеясының негізін заманауи тарихи процестегі мәдени сұхбаттастық құбылысы құрайды [1]. Оның келесі еңбегі «Ұлы даланың жеті қыры» қазақ халқының ежелден қалыптасқан материалдық мәдениетінің маңызын көрсетеді [2].

Дін құбылысы көптеген ғасырлар бойы адамзаттың да, қазақ халқының да және қазақстандық қоғам өмірі руханиятының да ажырамас бөлігі болып, адамдардың құндылықтары мен мінез-құлық көзқарастарын қалыптастырып келді. Соңғы жылдары елімізде діннің рөлі едәуір артты. Діни дәстүрлердің алуан түрлілігі, әр түрлі конфессия өкілдерінің бір тарихи аумақта өмір сүруі мен өзара әрекеттесу тәжірибесі Қазақстанның ерекшелігі саналып және оның дамуын анықтайтын маңызды көрсеткішке айналды.

Қоғамның тұрақтылығы және мемлекеттіліктің одан әрі нығаюы көп жағдайда жүйелі ұлттық және діни саясатқа, сондай-ақ, елімізді мекендейтін ұлттар мен ұлыс өкілдерінің, республиканың барлық азаматтарының біртұтас мемлекеттік бірегейлігін сезінуіне байланысты болады. «Азаматтық қоғам», «азаматтық бірегейлік», «этно-конфессиялық бірегейлік», «қазақстандық патриотизм», «қазақстандық халық» ұғымдарының өзара байланысы және қазіргі өзгерістер жағдайында олардың ұлттық бірегейлікте нақты көрінісі ерекше маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда ислам – әлемдегі ең кең таралған дәстүрлі үш діннің бірі. Ислам дінін ұстаушылар барлық құрлықтарда тұрады, әсіресе Солтүстік Африка, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс, Орталық Азияда өте көп таралған. Біздің еліміз де тұрғындардың басым көпшілігі мұсылман дінін ұстанушы екені белгілі. Дегенмен Ата Заңымызда көрсетілгендей еліміз зайырлы мемлекет болып саналады. Ислам әлемінің үлкен географиялық

аумақты қамтитынына қарамастан, ислам дінін ұстанушы барлық халықтар бірыңғай мәдени тұтастықты құрайды, сондықтан ислам мәдениеті мен дәстүрі туралы жалпы және жекелей дінтанушылық тұрғыдан талдаудың көкейтестілігі мен маңыздылығы күмән туғызбайды.

Әрбір аймақ пен елдегі ислам мәдениетінің түрі исламның қандай діни дәстүрлерінің үстемдігіне байланысты сол қауымдастық үшін дәстүрлі мәдениет болатыны пікірталас туғызатын мәселе. Осыған байланысты мәдениеттің осы түрін қарастыру діннің мәні мен мағынасын терең енбей зерттеу мүмкін емес.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістіктегіндегі ислам дәстүрін зерттеу барысында ең алдымен, дәстүр, мәдени дәстүр, діни дәстүр мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалымдардың көзқарастары қарастырылған. Исламның қоғамға әсері мәселесін зерттеу дін пайда болған сәттен бастап және исламның қоғамға әсерін анықтайтын Құран, сондай-ақ осы діннің алғашқы уағызшысы және негізін қалаушы Мұхаммедтің дәстүрлері деп санауға болады. Әйгілі мұсылман теологтары мен ислам дінтанушыларының: Әл-Фараби, әл-Ғазали, Ибн-Халдун және т.б. көптеген еңбектері диссертацияда көтерілген мәселелерді ғылыми пайымдау барысында басшылыққа алынды.

Діни дәстүр мен ислам мәдениетін зерттеуші беделді ғалымдардың бірі, поляк әлеуметтанушысы және философы Э. Шацкий дәстүрді құндылық ретінде таныса, дәстүрдің әлеуметтік маңызын мойындап, құндылық ретінде қабылдамаған тарихи және диалектикалық ойдың негізін қалаушы К. Маркс және одан кейінгі әлеуметтанушылардың бір бөлігі дәстүрді ескіліктің қалдығы ретінде сипаттады. Заманауи зерттеушілер Э.Шилз дәстүрді тәжірибе арқылы туындайды десе, американдық антрополог ғалым Талал Асад ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын үрдіс ретінде қарастырады. Француз ғалымы Рене Генон дәстүрдің нақты көрінісі Шығыста сақталған деген тұжырым жасайды. Салыстырмалы әлеуметтанушы әр тарихшы израильдік Шмуэль Эйзенштадт дәстүрді кез-келген қоғамдық ұйымның ажырамас бөлігі санайды.

Ислам дәстүрі Құран мен Сүннетте, тәпсірде анықталған, онда исламдық үмбеттің анықталуы мен оған қатысты исламдық ілімдердің негізгі ережелері көрсетілген. Христиан дәстүрі Библия, Інжіл мен Көне және Жаңа өсиетте сипатталып, христиандық ілімнің бастапқы қағидаттарында бейнеленіп, христиандықтың әулие әкейлерінің еңбектерінде көрініс тапқан.

Ислам мәдениетіндегі білім беру мен тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты бағдар. Білім беру мен тәрбиелеу дәстүрі мұсылман ойшылдары әл-Ғазали, әл-Кинди және әл-Фарабидің трактаттарында сипатталады, ислам мәдениетіндегі сапалы білім беру мен тәрбие ең алдымен, кемел адам бейнесінде қарастырылады. Ислам дәстүрі мен мәдениетінің қазіргі замандағы рөлі орыс зерттеушілері А. Смирнов, А. Малашенко, А. Игнатенко, В. Наумкин еңбектерінде зерттеу нысанына айналса, ал қазіргі Батыс Еуропаның басты зерттеу мәселесіне айналған еуроислам ұғымы мен

оның концепциясына қатысты шығармаларды Т.Асад, Т. Ибрагим, М. Сидди, М. Чандра, Т. Рамадан, Б.Тиби, Х.Ханафи, З.Сардар, С.Х.Наср, Т.Саррацин, О.Фаллачи, Т.Модуд еңбектерінен көреміз.

Мұсылман дәстүрінің рөлін ашатын исламтанулық зерттеулер әлемдік өркениеттің мәдени-коммуникациялық процестерін қалыптастырудағы ислами дәстүрдің рөлін қайта қарастыруға мүмкіндік беретін бірнеше тәсілдерді айқындады. Мұндай зерттеулерге А.Мец, М.Ходжсон, М.Элиаде, К.Гирц, Ф. Дитерици, М.Мюллер, А.Корбен, Ф.Шуон, Г.Кремер және тағы басқалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Қазақстандық ғалымдар Н.Ж. Байтенова, Е.Е. Бурова, А.Д. Құрманалиева, К.Х. Таджикова, Д.Т. Кенжетай, Ж.С. Сандыбаев, Б.М. Сатершинов, Н.Л. Сейтахметова, Г.Г. Соловьева, А.Г. Косиченко, Ш.С. Рысбекова, С. Абжалов, Р.С. Мұхитдин, Н.Д. Нуртазина, А.К. Муминов, Қ.М. Борбасова, Б. Бейсенов, Қ.Д. Затов, Қ.С.Бағашаров, З.Г. Джалилов және т.б. ислам дәстүрі, ислами білім беру және ислам мәдениеті мәселелері бойынша дінтанулық және исламтанудық мәселелер айналысып, отандық ғылымға үлкен үлес қосуда.

Қазақ жеріндегі исламға дейінгі діни сенімді, дінді, мәдениет пен өркениетті тарихи-компаративистік негізде зерттейтін қазақстандық ғалымдар: С.Ақатай, М.Орынбеков, М.Бұлытай, Е.Оңғаров, А.Әбдірасилова және т.б.

Мәдени дәстүр мен құндылықтарды, діни дәстүрді сақтау және оны ұлттық бірегейлік идеологиясына қосу қажеттілігі мәселесін көтерген қазақстандық зерттеушілер қатарына Ә.Н. Нысанбаев, Т.Х. Ғабитов, С.Е. Нұрмұратов, Ғарифолла Есім, Г.Ж. Нұрышева, А.Т. Құлсариева, А.Р. Масалимова, М.С.-Ә. Шайкемелев және т.б. жатқызуға болады.

Зерттеудің нысаны: Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі.

Диссертациялық зерттеудің пәні: әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі ислам дәстүрлері ықпалының рөлі мен факторының трансформациясы.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – философиялық-дінтанулық және әлеуметтік-мәдени зерттеулер негізінде Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі құбылысына талдау.

Зерттеу мақсатынан туындайтын жұмыстың негізгі міндеттері:

– Діни дәстүрді діни-мәдени болмыстың тәжірибесін сақтаушы және таратушы діни мәденеиттің феномені ретінде зерттеу;

– Діни дәстүрдің тұрақтылық маркерлерін анықтай отырып, христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрлерге салыстырмалы түрде дінтанулық зерттеулер жүргізу;

– Ислам руханилығын айқындау барысында ислам догматтары мен канондары негізінде ислами дәстүрлерді тұжырымдау;

– Исламдық бірейлікті қалыптастыратын рухани-адамгершілік тәсіл ретінде ислам өмірі парадигмасының онтологиялық сипатын ашу;

– Батыс Еуропадағы ислам мен оның өзегін сақтау шартында ислам дәстүрі мен оның мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы туралы мәселені зерделеу;

– Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығын айқындау;

– қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы және руханилық саласын тұрақты дамытудың факторы ретіндегі ислам дәстүрінің рөлін айшықтау.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: алғаш рет ислам дәстүрлерін дінтанулық талдау тұрғысынан, дін феноменологиясы, дінтану компаративистикасы, оның ішінде ислам компаративистикасы, дін социологиясы әдістерін қолдана отырып, қазақстандық қоғамның мәдени-діни парадигмасын қалыптастырған және қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік феномен ретінде талдау жүзеге асырылады.

Зерттеу үрдісінде жаңашылдық сипаттағы келесі **ғылыми нәтижелер** алынды:

– дін құбылысының мәні мен болмыстық сипаттамасы ғылыми тұрғыда жан-жақты айқындап, дни дәстүрдің қоғамдағы және тарихи үдерістегі діни мәдениетті сақтаушы және сонымен қатар әлеуметте оны кеңінен таратушы функциясының әрқилы жақтары тұжырымдалды;

– діни дәстүрлердің күрделі құрылымы ислам мен христиан діндерінде әртүрлі көрініс беретндігі салыстырмалы дінтанулық зерделеулерден өткізіліп, олардың тұраты маркерлері айшықтарды және осы екі тарихи құбылыстың өзіндік тарихи-мәдени коммуникациясы мен конфессиялық бәсекелестігінің нәтижелері бағамдаудан өткізілді;

– ислам руханиятына тән іргелі дәстүрлі ұстанымдар мен негіздердің түбегейлі қырлары айқындалып, олардың қайнар көздері ретінде мұсылман дінінің догматтары мен канондары жататындығы дәйектелді және оның өзара мәндік байланысы сараптаудан өткізілді;

– ислам өмірінің өзіндік парадигмасын айқындайтын болмыстық негіздер көрсетіліп, рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі қоғамдағы және тарихи эволюциядағы исламдық бірегейлікті қалыптастырушы басты рухани фактор болып табылатындығы дәлелденді;

– әлемге кең таралып келе жатқан ислам мәдениеті мен дәстүрі Батыс Еуропалық кеңістікте де өзінің әлеуметтік институт ретіндегі орнын бекітіп келе жатқаны көрсетіліп, оның әр қилы елдердегі өркениеттік бейімделу сипаттары сыни тұжырымдалып, осы қайшылықты жаңашыл үдерістегі сабақтастықтың ерекшеліктері айқындалды;

– Қазақстандағы діни дәстүрдің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері мен әмбебап көріністері дінтанулық тұрғыдан ғылыми сараптаудан өткізіліп, ислам дәстүрінің тарихи-өркениеттік қасиеттерін айқындайтын өзіндік сипаттамалар беріліп және қайшылықты тұстары сыни сараптаудан өткізілді;

– Қазақстанның көптеген аймақтарында жүргізілген әлеуметтанулыю зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, ислам дәстүрінің қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен руханилықты дамытудағы рөлі анықталды, сондай-ақ еліміздің жекелеген өңірлерінің діни дәстүрлерді сақтау мен өркендету бағытындағы айрықша келбеттері ғылыми тұжырымдалды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы:

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде ислам дәстүріне философиялық-дінтану және мәдени-әлеуметтік талдау жүргізілуіне байланысты маңызды теориялық мәнге ие болады. Қазіргі заманғы Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі мен ислам мәдениетінің рөлін, зайырлы құндылықтармен интеграциялау мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы отандық дінтану саласындағы ислам дәстүрі, исламтану және дін саласындағы ҚР мемлекеттік саясаты мәселелері бойынша элективті курстарды әзірлеу кезінде қолдануға болады.

Ғылыми зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі.

Диссертацияның теориялық базасын дінтанулық теория мен философиясы бойынша дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды, атап айтқанда, ислам дәстүрі мәселесін тарихи-философиялық және теориялық-этикалық талдау әдіс-тәсілдері, сондай-ақ, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық, концептілік талдау әдістері пайдаланылды. Қазіргі кезде діни дәстүрді, оның ішінде ислам дәстүрін зерттеудің әлеуметтанулық және эмпирикалық бағдарының басымдығын ескере отырып, диссертациялық жұмыста арнайы әлеуметтанулық тәсілдер де қолданылды. Жұмыстың теориялық негіздері бұрынғы және қазіргі әлемдік ойшылдар мен отандық зерттеушілердің еңбектеріне, ой-пікірлеріне сүйену бойынша жасақталды.

Зерттеу әдістері:

Ғылыми-зерттеу жұмысы төмендегі әдістер мен әдіснамалық мақсаттардан тұратын теориялық ғылыми тұтас кешенді әдіснаманы қолдануды талап етеді:

– кроссмәдени-тарихи компаративистика әдісі (зерттеу пәнін жан-жақты тұжырымдамалау мақсатында);

– негізгі философиялық әдістер: интертекстуальды кеңістіктің проблемалық өрісін анықтайтын талдау және синтез тұрғысындағы герменевтика, салыстырмалы зерттеу үшін компаративистика және структурализм әдістері қажет. Сыни әдіс, философиялық және мәдени талдау, тарихи мен логикалық бірлік тәсілі;

– дінтанулық феноменологиялық әдістері (пәнаралық қағидаларды енгізу арқылы: тарихи-философиялық, антропологиялық және тарихи-дінтанулық және т.б.);

– кроссмәдени және пәнаралық әдістері;

– құрылымдық және функциональдық әдістері.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар.

1. Діни дәстүр – мәдени-діни болмысты өркениеттік мұралаушы және әлеуметтік ортада рухани құндылықтарды таратушы тәсіл. Сондай-ақ, діни дәстүрлер қоғамдағы көптеген әлеуметтік және рухани мақсаттарға қызмет етеді. Діни дәстүрлердегі сенім туралы пайымдауларды ғылыми зерттеу барысында сыни игеру қажет ететін мәселелер туындайды. Дегенмен, қазіргі дінтану дін мен ғылым тәрізді екі рухани құбылыстың бір-бірінен антагонистік алшақтығы емес, керісінше, бірін-бірі өзара толықтырып отыратын рухани функциялық қасиеттердің жақындығын іздеуге тырысады.

2. Діни дәстүр әлеуметтегі діннің тұрақтылығы мен сақталуының маркері болып табылады. Сондай-ақ, діни дәстүр тек қазіргі мен өткеннің арасындағы байланыс жүйесі ғана емес, ол сонымен қатар болашаққа деген рухани талпыныстардың векторын анықтайтын рухани күшке айналып отыр. Азаматтардың құндылықтық әлемінде діни дәстүрлердің қалыптасуы мен дамуы қоғамның жалпы зайырлылық деңгейін анықтайтын көрсеткіш болары анық. Қоғам жаңашылдық пен дәстүршілдіктің өзара қатынасын әрдайым сезініп отырады және сол арқылы діни дәстүрлерінетүзетпелер жасайды.

3. Ислам дәстүрі ерекше рухани құбылыс ретінде ислам руханилығын және діни тәжірибесінің тарихи сабақтастығын қалыптастырады. Сонымен қатар, ислам дәстүрі Аллаға сенетін және мінез-құлықтың белгілі бір ережелері мен нормаларын сақтайтын адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрін ұдайы қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Ислам мәдениеті тараған елдердегі іштейгі біртұтастықтың бұзылуына себеп болатын детерминанттарға қоғамдық сананың таптаурындық қасиеттердің құрсауында болуын жатқызуға болады.

4. Ислам дәстүріндегі исламдық өмір салтының парадигмасы қоғамдық болмыстың рухани-адамгершілік тәсілі түрінде көрініс береді, онда рухани-адамгершілік басымдықтардың, құндылықтардың ислам санасы мен ислам бірегейлігін қалыптастыратындай әлеуеті бар екенің байқатады. Дегенмен, кейбір елдергі этносаяси және этномәдени салалардағы деструктивті үдерістердің түпкі қайнар көздері ислам өркениетінің сыртындағы әсерлерден гөрі ішкі қайшылықтардың әлеуметте паш етілуі ретінде қабылдауға болады.

5. Ислам дәстүрі ең жоғарғы құндылық ретіндегі адам өмірінің сындарлы коммуникациялық қырын қамтамасыз етеді, қоғам өркендету мен адамды гуманистік тұрғыда әлеуметтендіруге бағытталған ислам мәдениетінің өзегін қалыптастырады. Исламның саясаттанушылық келбеті қоғамдағы өзімшілдік психологиясының дүниетанымда үстемдік етуінің көрінісі деуге болады.

6. Қазақстанда діни радикализмге қарсы тұратын және қазақстандық қоғамның бірігуіне ықпал ететін толерантты ислам дәстүрін қалыптастыратын бірегей мәдени-тарихи және өңірлік ерекшеліктерге (ханафит мазхабы, өмірдің көпмәдени және толерантты қағидаттары, поликонфессионалды ландшафт, қазақ мәдениетінің іргелі дәстүрлері) негізделген өзіндік ислам дәстүрі қалыптасты. Дегенмен, оның жан-жақты қырларын дамытып

отырудың объективті қажеттілігі де бар екенін атап өткен жөн. Себебі, деструктивті сипаттағы діни ұйымдарға қарсы тұрудың ең негізгі жолы дәстүрлі исламның ішкі әлеуетін күшейту екені анық.

7. Қазақстандағы ислам дәстүрі тарихи қалыптасқан құбылыс ретінде конфессияаралық қатынастар ауқымында төзімділікті арттыру мен қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына диалогтық сипатта ықпал етеді, сонымен бірге ислам дәстүрі қоғамдағы руханилықтың, руханияттың тұрақты дамуының сындарлы факторларының бірі болып табылады. Ислам дәстүрін орнықты дамыту еліміздегі басқа конфессиялар үшін де құнды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Ғылыми комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану бөлімінде орындалды. Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану бөлімінің методологиялық семинарларында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 12 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 1 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 2 мақала, «ҰҒА хабаршысы» журналына 1 ғылыми мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 7 ғылыми мақала (оның ішінде, 3 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кірісіпе бөлімнен, үш негзгі тараудан, тоғыз тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 142 бет.

1 ДІНИ ДӘСТҮР – ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС

1.1 Дәстүр – діни мәдениет құбылысы

Ислам дәстүрін қарастырмас бұрын діни экзистенциалдық және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі жалпы діни дәстүрдің мән-мағынасын ашып алуымыз қажет. Әлеуметтік-гуманитарлық әдебиетте жалпы дәстүр ұғымының ғылым мен қоғамда қабылданған және мойындалған ұғым-түсінігі бар. Соған сәйкес, дәстүр – ұрпақтан ұрпаққа берілген, қоғамда немесе әлеуметтік топта ұзақ уақыт бойы сақталған әлеуметтік және мәдени мұраның бір бөлігі. Бұл дәстүрлі элементтерге белгілі бір әлеуметтік институттар, мінез-құлық нормалары, құндылықтар мен нанымдар, салт-дәстүрлер және салт-жоралғылар жатады. Бұл анықтама қоғамда жалпы қабылданған деп есептелгенімен, гуманитарлық ғылымда оның әрқилы дефинициялары кездеседі. Сондықтан бұл ұғымның концептуалды және теориялық әдіснамалық негіздерін сипаттау қажеттілігі туындайды.

Француз ғалымы Рене Генон дәстүрді Батыста тек қана ауызша таралады деген түсінікте болғанын, алайда бастапқыда ауызша болғанымен, қазір таңда дәстүр ауызша да, жазбаша да болатынын айтады [3].

Дәстүр – салт-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар сияқты стереотиптік көріністермен ғана шектелмейді; ол көптеген әлеуметтік құбылыстарды да қамтиды. Барлық әлеуметтік жүйелер белгілі бір дәстүрлерге ие, олар қандай да бір дәрежеде олардың қызметін анықтайды. Дәстүр арқылы нақты бір адамдар тобы өзін-өзі дамытуға және тіпті күн көріске қажетті білімге де ие болады. Яғни, бұл термин ұжымдық қарым-қатынастың тетігі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Ғалымдар дәстүрдің бұқаралық (этникалық), әлеуметтік, ұлттық, діни және мәдени дәстүр деген төрт негізгі түрлерін анықтап берген. Барлығына таныс дәстүр ұғымы белгілі бір мағына беретіні анық. Бұл ұғымның латын тіліндегі мағынасына келер болса, ол қандай да бір затты беру дегенді білдіреді. Бастапқы кездері дәстүр ұғымы тікелей мағынада қолданылды және жай ғана іс-әрекетті білдірген. Тіпті ежелгі римдіктер біреуге әлдебір затты немесе тіпті қызын тұрмысқа берген жағдайда да осы сөзді қолданған.

Кейіннен оның материалдық мәні екінші орынға ысырылып, орнына берілетін дағдылар мен әдеттер қолданыла бастады. Дәстүр – бұл нақты бір адамға тиесілі емес, ол сырттан берілетін нәрсе. Оның туынды мағынасы қазір жаңашылдығын мүлдем жоғалтқан, өзгеріссіз және символикалық тұрақты, өткенге байланысты барлық нәрсемен ассоциацияланады.

Әлеуметтік ой-пікірлер тарихында бұрынғы заманда болып кеткен нәрсенің сақталуы, ескіліктің иісі мүңкіп тұрған құбылысты дәріптеу сияқты өткенге деген берік сүйіспеншілік байқалады. Мұндай ұстаным ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі бүкіл адамзат өмірінде көрініс табады. Өткенмен осындай тығыз байланыс көбінесе дәстүрдің арқасында сақталды, яғни мәдени және әлеуметтік мұраның элементтерін ұдайы толықтыру мен ұрпақтардың, уақыт пен дәуірлердің тұрақтылығы мен сабақтастығын

белгілеу әдістері арқасында сақталған. Олар мұрагерлікке лайық деп саналатындықтан, мінез-құлық ережесі мен практикасы, сана нысаны мен дүниетанымдық мақсаттары қоғамда сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Дәстүрлер қоғамда құндылық мәртебесін қалыптастыратын бірқатар әлеуметтік функцияларды орындайды, яғни олардың жеке және әлеуметтік санада қаншалықты маңызды және қажет екендігін көрсетеді.

Дәстүр мәселесі бойынша ең беделді зерттеушілердің бірі, поляк әлеуметтанушысы және философы Э. Шацкий, құндылықтық аспектісіне үлкен мән беріп, дәстүрге мынадай анықтама береді: «...дәстүр топтың қоғамдық мұрасына, олардың шынайы және жалған болуына байланысты, топ мүшелері жөнді немесе жөнсіз деп бағалаған сезім, ойлау және мінез-құлық үлгілері» [4].

Сондықтан ойшылдар өткеннің барлық мұраларын дәстүрге жатқызбайды, тек мұрагерлер толықтай мойындап және қорғауға әлі де маңызды және өзекті болып табылатын бөлігін ғана жатқызады.

Тарихи және диалектикалық материализмнің негізін қалаушы ең көрнекті өкілдерінің бірі атақты К.Маркс дәстүрге «барлық өлі ұрпақтың дәстүрлері тірілердің ақыл-ойын қорқыныш сияқты қыспаққа алады» [5] деген анықтама берген. Ол дәстүрдің әлеуметтік маңызын мойындағанмен, оны құндылық ретінде бағаламай, әлеуметтік өзгеріске кедергі, тосқауыл ретінде сипаттады. Марксистік көзқарастар бойынша, дәстүрдің рөлі сұрыпталып бағалануы тиіс. Дәстүрлерге соқыр бағыну ескішілдік пен қоғамда тоқырауды тудыратын болса; екінші жағынан, әлеуметтік мұраға немқұрайлылық әлеуметтік және мәдени сабақтастықтың бұзылуына және адамзаттың құнды жетістіктерінің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Заманауи зерттеушілерге келер болсақ, американдық әлеуметтанушы Э.Шилз: «дәстүр қоғамдағы өзгеру жылдамдығын төмендетеді, алайда ол қалыпты мөлшерде өзгерістерге жол беріп отырғандықтан, ол даму тәртібін қамтамасыз етеді және әділдікке бағытталған еркін дамуға мүмкін береді» [6] деп Маркстың көзқарасымен жартылай келіседі. Алайда американдық мәдени антрополог Талал Асад өз мақаласында келтірілген мына нақыл сөзге мән берсек, «дәстүр – бұл адам үйрене алатын нәрсе емес; қалаған кезінде қажет қылатын байланыс емес, адамның ата-бабасын таңдай алмауынан да күштірек. Дәстүрі жоқ адам және оған ие болғысы келетін адам бақытсыз ғашыққа ұқсайды» [7], мұндағы ойланатын жағдай дәстүрді адам үйренбейді, дәстүрді адам қабылдайды, «ата-ананы таңдай алмайсың» дегендей, дәстүрді адам таңдамайды, дәстүр ол бізге ғасырлар бойында атадан балаға мирас болып сақталған үрдіс.

Дәстүрді жасаушы құндылықтарды таңдау осы құбылыстарды қозғалыста қарастыруға мүмкіндік береді, себебі бұл жағдайда қоғамдағы дәстүрге деген қарым-қатынасқа ықпал ететін факторлар мен механизмдер зерттеушінің назарына түседі, ал дәстүрдің жеке адамдардың сана-сезіміне әсер етуі бірде күшейіп, бірде бәсеңдейді.

Жоғарыда аталған Э.Шилз өзінің «Дәстүр және еркіндік: олардың қарама-қайшылықтары мен өзара тәуелділіктері» [6] мақаласында дәстүрге былайша түсініктеме береді: «Дәстүр – бұл өткеннің жансыз қолы емес, керісінше өздігінен пайда болмайтын рухани талпынысты айқындап, жеткізетін бағбанның қолдары тәрізді. Осыған орай дәстүр жау емес, керісінше даралықты тудыратын қолдаушы. Ол есірткіден әлдеқайда күшті адамгершілік ізденістер мен өзіндік тәртіпті қоздырғыш зат. Ол реципиент пен қоғам өміріндегі қасиетті құндылықтар арасындағы байланысты орнатады». Бұл жағдайда дәстүр икемсіз және қатал бастама ретінде емес, тек жетекші және бағыттаушы мәдени шығармашылық құбылыс ретінде әрекет етеді. Алайда, Шилз дәстүрдің өзін-өзі дамытуға қабілетті екеніне сенбейді: «Дәстүрлер бұрын қолданған қоғамда болған өзгерістерді жобалау үшін сыртқы жағдайлардағы өзгерістерге жауап ретінде өзгеруі мүмкін. Дәстүрлер өзгереді, себебі олармен барабар жағдайлар да өзгереді» [6]. Бұл тұрғыда оның ойы дұрыс. Өйткені дәстүр адамдар бағынатын заң емес, оны адамдар тудырады, шынайы өмірлік тәжірибе арқылы көрсетіліп, таратылады.

Израильдік салыстырмалы әлеуметтанушы және салыстырмалы тарихшы Шмуэль Ной Эйзенштадт дәстүрді кез-келген қоғамдық ұйымның ажырамас бөлігі деп санайды. Алайда ол дәстүрге «...әлеуметтік жүйенің қатып қалған символдар мен кодтар жиынтығы, мінез-құлық ережелері шектелген мәдениет тәртібін, оған қатысу шекарасын белгілейді, «адекватты» мақсаттар мен мінез-құлық үлгілерін ұсынады; оны (дәстүрді) бағалаудың түрлері ретінде қарастыруға болады, сондай-ақ мәдени және қоғамдық тәртіптің немесе оның кез-келген бөлігінің тұтастығын рұқсат етуге және заңдастыруға болады» [8] деген анықтама берсе, Э.Шилз «Дәстүрлер – ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз берілу үрдісі нәтижесінде бұрынғы ұрпақтардан мұраға қалған көп немесе аз дәрежеде ауызша айтылған, бірақ ешқашан толық емес, наным-сенімдер, үлгілер мен ережелер» [6] деп оның толықтырады.

Талал Асад өзінің жұмысында дәстүр терминін екі түрде қолданғанын айтады. «Біріншіден, билік, уақыт жайлы мәселелерді қозғайтын, тіл мен сөйлемді пайдаланатын теориялық орын ретінде; ал екіншіден, дискурсивтілік пен материалдылық күнделікті өмірдің күйбің тіршілігі арқылы байланысты болатын эмпирикалық құрылғы» [9]. Асад тілдік әрекеттер мәселесін дәстүрдің дискурсивті қыры деп түсіндіреді. Яғни адам кейде ол рефлексивті, кейде ойсыз «сөзді пайдалануды» үйрететін/қайта үйренетін және белгілі бір оқиғада өзін қалай сезінуге және өз денесін басқаруға үйрететін/қайта үйрететін ұрпақтан ұрпаққа берілген өмір салтының үрдісі [9].

Қазіргі кезде адамдар, әсіресе жастар «дәстүр» сөзіне түсініспеушілікпен тіпті күдікпен қабылдайды. «Дәстүр», «дәстүрлі», «дәстүршілдік» деген ұғымдар бағзы заманда өтіп кеткен, қажетсіз, кедергі жасаушы нәрселермен байланысты. Ал, шындығында, дәстүр бұл – өткен заманның естелігі емес, ол құндылықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің тәсілі, жолы болып табылады. Дәл қазіргі таңдағы біздің қолданып жүрген білім, ілім, ой-толғамдар мен ой-пікірлер, салт-дәстүр, ғұрыптар осы дәстүр арқылы жеткен Яғни, дәстүр –

құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа сақтап және жеткізу. Алайда дәстүр деген өткендегінің жаппай барлығын сақтау деген ұғым емес. Біз керексіз заттарды немесе қоқысты үйімізде сақтамай, лақтырып тастаймыз. Сол сияқты адам өмір сүру және еңбек ету барысында болашақ үшін көптеген керексіз заттар шығарады. Алайда, тек шынайы құндылықтар дәстүр арқылы беріледі. Демек, «Дәстүрлер – мәдениетті сақтап, жинақтап және дамытудың негізгі тетігінің бірі» [10].

Әрбір ұрпақ, бұрынғының кейбір мәдени үлгілер жиынтығын қабылдау барысында, оларды өзгеріссіз және дайын түрінде ғана игеріп қана қоймайды. Ол мүмкін емес, өйткені адам сол дәстүрден өзіне қажетін іріктеп, оны өзінше түсініп, түйсініп, кейде оларға осы кезге дейін болмаған жаңа сипат пен мән-мағына береді. Бұл тұрғыда біз әрдайым қазіргіні ғана емес, болашағымызды да емес, біз әрқашан өз ырқымызбен немесе амалсыздан өткенімізді таңдаймыз.

Әлемдегі қоғамдар мен мәдениеттердің саналуан болуына сәйкес дәстүрлер де әралуандығымен ерекшеленеді. Алайда, қоғамдар мен мәдениеттер қатып қалған немесе өзгермейтін болып саналмайтындықтан, инновациялар мен мәдени алмасу және мәдени араласу үрдісі үнемі орын алып тұрады. Тіпті қоғамның дәстүрлі келбетін және символдық өзіндік ерекшелігін қалыптастырған ең тұрақты, ұзақ мерзімді және өзгермейтін мәдени құрылымдардың өзі де мәдени алыс-беріс нәтижесінен құрылуы әбден мүмкін. Мәдениет үшін инновация ретінде пайда болған мәдени үлгілер, кейінірек дәстүрге айналып, оның мәдени мұрасының ажырамас бөлігі айналады.

Дәстүрлі қоғамның басты анықтамасы әлеуметтік құрылымның қасиетті қағидаларында көрінісі болып табылады. Швейцариялық философ-метафизик, салыстырмалы дінтану саласындағы еңбектердің авторы Фритьоф Шуон айтып өткендей, «Бастау дегеніміз Құдай адамға үндеу тастау арқылы, дәстүрдің жолымен жүр деді, яғни бұл өз бастауыңа адал болып, тазалықты сақтағаның, міне бұл бастауың, қайнар көзің. Материалды жағдай жоғарылаған сайын, адамдардың рухани әлеуеті төмендей түседі, саналары «техникаланып» дараланады. Киелі бастаудан тарайтын тарихи үдеріс, қадір-қасиеті кеткен әлеуметтілік дәстүршілдіктің аясында жойылып, қазіргі әлемнің сипатына айналады» [11].

Француз философы Рене Генонның ойынша, дәстүр адамға Тәңіріден берілген ілім, «дәстүр» сөзін этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ «беру» деген мағынаны білдіреді. Қасиеттілігі біртіндеп әсіреп, ұзақ қолданыста жүргендіктен дәстүр идеясының мағынасы үнемі бұзылып, алғашқы мәнінен қол үзіп кеткен. О баста дәстүр ұғымы адамзаттан бізге берілген, бізге мұра ретінде жеткен құндылық деген мағынаны білдірген. Адамзат қажеттілігін жүзеге асыратын барлық құндылықтар – материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар дәстүрді құрайды.

Сонымен қатар, Генон дәстүр ұғымын толыққанды ашу үшін оған «өмір сүру ұстанымы қандай да бір дәстүрлі ілімде болатын түрлі институттар мен ұйымдардың бірқатарын қосу қажет» деген ұсыныс жасаған [3].

Дәстүрлер қоғамдар мен әлеуметтік топтардың өзіндік бірегейлігі мен дамуындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, олардың «ұжымдық жадысын» құрайды. Әлеуметтік жаңа топтық саралау ұлттық мәдени мұраны түсіндіруге және пайдалануға елеулі әсер етеді. Сонымен қатар, жекелеген топтар мен қауымдастықтардың да өз дәстүрлері бар. Қоғамдар мен әлеуметтік топтар мәдени мұраның кейбір элементтерін қабылдағанмен, екіншісін бас тартуы мүмкін, сондықтан да дәстүрлер жағымды және жағымсыз болуы мүмкін. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дегендей, кейбір дәстүрлер уақыт өте келе адамзат өмірінің мәдени мұрасынан ысырылып қалары анық.

Дәстүр мәдени теорияның маңызды санаттарының бірі болып табылады. Бұл санаттың әмбебаптығы мен жан-жақтылығына байланысты, дәстүрлер материалдық, саяси, көркемдік, моральдық, тұрмыстық салаларда кездеседі.

Генон дәстүр ұғымын өркениет түсінігімен шатастырып жатады дейді. Алайда өркениет пен дәстүрді барабарлығы тек Шығысқа байланысты болғандай жағдайда болады деген. Өйткені шығыстағы әрбір өркениет болмысы мен сипатына байланысты дәстүрлі болып саналады. Ал Батыс өркениетіне келсек, ол дәстүрден толықтай қол үзіп қалған деуге болады, тек діни элементтер сақталған [3]. Генон заманында өзекті болып саналған батыстағы дәстүр мәселесі қазіргі XXI ғасырдың да басты сұрағына айналғаны рас. Сонымен, дәстүр мәдениеттің де қозғаушы күші.

Мәдениет – материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін адамның өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырушы тәсіл, қоғам мен адамның тарихи даму деңгейі. Мәдени іс-әрекет – мәдени игіліктерді тұтынуға, таратуға, өндіруге бағытталған әлеуметтік шаралар. Белгілі француз философы Жак Маритен мәдениетке: «Мәдениет адам үшін ақыл-парасат пен ізілік жұмысы сияқты табиғи. Ал оның Ол адамзаттың туабіткен табиғи қажеттіліктеріне жауап береді, сонымен қатар, ол өз күш-жігері мен табиғаттың күшімен біріктірген ақыл-парасат пен еркіндіктің туындысы» [12] деген анықтама береді.

Мәдениет кез-келген диалектикалық дамып келе жатқан үрдіс ретінде, оның тұрақты және инновациялық түрі болады.

Мәдениеттің тұрақты түрі – мәдени дәстүр, соның арқасында адамзат тарихындағы тәжірибе жинақталады және таратылады, ал әрбір жаңа ұрпақ осы тәжірибені алдыңғы ұрпақтарының негізінде жасай отырып, өзектендіре алады. Дәстүрлі қоғамдарда адамдар мәдениетті игеру барысында оның үлгілерін жаңартады, алайда олар қандайда бір өзгерістерді тек дәстүрдің аясында жасайды. Өзгерістер негізінде мәдениет өмір сүреді. Мәдениет дәстүрсіз өмір сүрмейді. Дәстүр жасампаздықтан (шығармашылық) басым тұрады. Жасампаздық адам өзін-өзі материалдық және жетілген нысандармен жұмыс істеуге дайын, стереотиптік қызмет бағдарламаларының жиынтығы (әдет-ғұрып, салт-жоралғылар және т.б.) ретінде әрекет ететін мәдениеттің субъектісі ретінде қалыптасқанда көрінеді.

Кейбір жағдайларда мұндай тұрақты мәдени дәстүр адамзат өмір салты үшін аса қажет. Бірақ кейбір қоғамдар асырасілтенген дәстүрден бас тартып

және мәдениеттің неғұрлым серпінді түрлерін дамытып жатса, ол жалпы мәдени дәстүрден бас тартуға болатынын білдірмейді.

«Мәдени дәстүрлер дегеніміз – ұзақ уақыттар бойында белгілі бір қоғамдар мен әлеуметтік топтарда қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілген әлеуметтік және мәдени мұра» [13]. Мәдени дәстүрлер адамдарды өз халқын, Отанын сезінуге, оларды мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелейді. Әр кезеңде қоғам алға басқан сайын мәдени дәстүр де қалыспай, көнеден жаңаға өтіп отырады.

Мәдениетте идеялық ұстанымдардағы құндылықтар жүйесіндегі дүниетанымның айырмашылықтарынан байқалатындықтан, мәдениеттегі кертарпа және озық үрдістер туралы айту заңды. Бірақ бұдан бұрынғы мәдениетті лақтырып тастап, жоқ жерден жаңа керемет мәдениетті құру мүмкін емес. Мәдениеттегі дәстүрлер туралы және мәдени мұраға қатысты мәселелер тек қана мәдениетті сақтауға ғана емес, сонымен қатар мәдениетті дамытуға да қатысты. Яғни, жасампаздық (шығармашылық) үрдістегі мәдени құндылықтарды жетілдіру. Жасампаздық үрдісінің шынайы және мәдени мұра үшін объективті алғышарттары бар болса да, ол жасампаздық қызметтің субъектісі арқылы жүзеге асырылады. Кез-келген жаңашылдықтар – бұл мәдениеттің жасампаздығы емес екендігін бірден айта кету керек.

Мәдениеттің жасампаздығы міндетті түрде мәдениетті қалыптастыратын адамның белсенділігін тарихи даму үдерісіне енгізуді талап етеді, демек, ол инновацияның көзі болып табылады. Бірақ әрбір жаңалық мәдени құбылыс емес, мәдени үрдістің құрамына кіретін барлық жаңашылдық – мәдениеттің гуманистік мақсаттарына сай келетін озық әрі жетекші үрдіс болып саналмайды. Мәдениеттің озық және кертартпа үрдістері барын айтып кеткен едік. Мәдениеттің дамуы – кейде қарама-қайшы және қарама-қарсы әлеуметтік топтың, белгілі бір тарихи дәуірдің ұлттық мүдделерінің кең ауқымын көрсететін әртүрлі үрдіс.

Кез-келген дәстүр – уақытпен сыналған бұрынғы инновация, ал кез-келген инновация болашақ дәстүр. Белгілі әлеуметтік философ, экономист Ф.А. фон Хайектің пікірінше, «Дәл сол себепті біз кейбір дәстүрлердің қоғамдық тәртібімізге тек қана өзіміздің ұстанымымыз бойынша ғана міндеттіміз. Кез-келген прогресс дәстүрге негізделуі керек. Біз не жасасақ та дәстүрге сүйеніп жасауымыз керек және сол арқылы бізге жеткенді ғана түзетуге тырыса аламыз» [14], яғни, кез-келген инновация ұтымды және тиімді болуы үшін, тек ішінара, біртіндеп дәстүрге негізделуі қажет.

Мәдениет, қоғам сияқты құндылықтар жүйесіне негізделеді. Құндылықтар кез келген мәдениетте үлкен маңызға ие, өйткені адамның табиғатпен, қоғаммен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтайды. Қоршаған ортаның құндылығын игере отырып, адам оның мәдениетінде қалыптасқан дәстүрлерге, нормаларға, әдет-ғұрыптарға сүйеніп, оның өмірін реттейтін негізгі және жалпы қабылданған құндылықтар жүйесін біртіндеп қалыптастырады. Осы негізде әрбір мәдениет өзінің әлемдегі нақты жағдайын көрсететін өз құндылықтар жүйесін дамытады..

Ал мәдени құндылықтар – бұл осы әлеуметтік субъект үшін оның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру тұрғысынан белгілі бір маңызы бар материалдық заттар немесе рухани қағидалар. Құндылықтар адам үшін қандай да бір объектілердің (материалдық немесе рухани) маңыздылығын ұғыну нәтижесінде пайда болады. Адамның мәдени қызметінің әрбір саласы өзіне тән құндылықты өлшемге ие болады. Материалдық, экономика, әлеуметтік тәртіп, саясат, мораль, өнер, ғылым және діни құндылықтар бар. Әрбір мәдениетте құндылықтар мен құндылықтар өлшемінің сатысы пайда болады.

Құндылықтар салыстырмалы, өзгермелі және жылжымалы болады. Олар үнемі қозғалыс үстінде және белгілі бір мәдениет шеңберінде жиі асыра бағаланады. Мәдениеттің дамуы, оның тұрақтылығы құндылықтардың ұдайы өсіп-өнуіне, таралуына мен сақталуына және өзгеруіне байланысты. «Құндылықтар» ұғымы «құндылық бағдары» ұғымымен байланысты. «Құндылық бағдар жүйесі өздігінен кез-келген қоғамның ішкі құрылысын қалыптастырады және маңызды әлеуметтік жағдайды реттеушілік функциясын атқарады» [15].

Сондықтан құндылық бағдар адамның жеке және топтық деңгейде рухани қызметінің, сондай-ақ оған сәйкес келетін әлеуметтік-психологиялық білімнің индикаторы ретінде көрінеді. Құндылықты бағдарлаудың көрсеткіштері ретінде ұсыныстар, білім, мүдделер, уәждер мен қажеттіліктер, сондай-ақ мақсаттар, стереотиптер және т. б. болуы мүмкін.

Дәстүрлер этникалық мәдениеттің негізгі тірегін құрайтын тұрақты құрамдас бөлігі. Ал этникалық мәдениеттегі дәстүр – тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін тетік. Этникалық мәдениет дәстүрлерде жинақталады. Оның басты құрамдас бөліктерінің бірі – дін. Дін – мәдениеттің тарихи заңды құрамдас бөлігі.

«Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады» [16].

Рене Генон «Дін, сөздің бастапқы түпнұсқа «байланыстырушы» дегенді білдіреді; бірақ бұл сөз адамды жоғары қағидатпен немесе адамдарды бір-бірімен байланыстыратынын білдіреді ме?» деген сауал қойса, оған жауап ретінде XX ғасырдың ең ықпалды теологтарының бірі саналатын американдық неміс теологы Тиллихтың «Дін күнделікті күйбең тіршіліктің көлеңкесінде, дүниелік бейнеттің тасасында қалған адамның рухани өмірінің терең тамырын ашады. Ол бізге қол тигізуге болмайтын және діни үрейді, шекті мағынаны, шекті батылдық көзін жеткізетін Қасиетті нәрсенің тәжірибесін береді» [17] деген анықтамасы дөп келеді.

Демек, дін – бұл айрықша көзқарас, келісті мінез-құлық, сондай-ақ табиғаттан тыс, тылсым әрі Ұлы және қасиетті сенімге негізделген ерекше

әрекеттер. Ол психологиялық, иррационалдық (ақылға негізделмеген) элементтер басым болып табылатын шындықты меңгерудің мәдени нысаны. Олар жанның әртүрлі күйлері, көңіл-күй және мистикалық көзқарас және т.б.

Дүние туралы діни көзқарастар әдетте алғашқы қауым адамдарының табиғатты құдай деп тануымен байланысты. Олар табиғаттың тылсым күштерін құрметтеп, табытуды талап ететін таңғажайып, құдіретті және тәуелсіз бастау ретінде қабылдады.

Сондықтан ұзақ уақыт бойы дін табиғат заңдарын білмеген және белгісіз құбылыстар алдында қорқыныш, үрей сезінген алғашқы қауым адамдарының надандығының жемісі деп саналып келді. Сондықтан, дүние туралы ғылыми көзқарастардың дамуының арқасында дін жоғалып кетуі тиіс еді. Бірақ ол тек жоғалып қана қоймай, мәдениетте ерекше, бірегей орынға ие болды.

Огюст Конттың «Позитивті философия курсы» [18] атты еңбегінде тарихи дамудың үшінші сатысы саналатын «позитивті жағдай», ғылымның көмегімен қолда бар жағдайларға дұрыс баға беру. Яки, осы тарихтың позивтивті жағдайы жүзеге асқанда тарихты алғашқы сатысы саналған «діни немесе теологиялық жағдайда» пайда болған дін жоғалып кету тиіс еді. Алайда оның жоғалғаны былай тұрсын, дін мәдениетте ерекше, бірегей орынға ие болды.

Ал қазіргі таңда діни сенімді адамдар арасында не нәрсе туындатуда? Діннің ғылыми танымнен арақатынасы қандай: оған қайшы ма, әлде оны толықтыра ма? Дін мәдениет жүйесінде қандай рөл атқарады? Міне, дін мен ғылымға қарсылық танытқан адамдар үшін ең өзекті мәселе осы.

Кез-келген адамның өміріндегі басты мәселе – өмірдің мәні туралы сұрақ. Бұл сұраққа жауап адамға өзін-өзі тануға, сондай-ақ дүниедегі өз орнын табуға мүмкіндік берді. Сауалға жауап іздестіру жолында бір адам ғылымға, екіншісі – өнерге, үшіншісі – материалдық игіліктерге жүгінсе, көпшілігі діни ілімнен өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап тапқан болып саналады.

Осылайша, дін – әлемнің кез-келген халқының мәдениеті үшін аса маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс. Демек, діннің барлық көріністері мәдениеттің қалыптасуына әсер ететіні анық. Мәдениет кең мағынада дінді мәдениет нысаны ретінде қарастырады. Ал діни мәдениет адамдардың діни сұраныстарынан туындаған және оларды қанағаттандыруға арналған адамзаттың рухани мәдениетінің бөлігі.

Діни мәдениет – діни қызмет барысында іске асырылатын және келер ұрпаққа берілетін және алынған нәтиженің мағынасы мен діни мәні бар, адамның болмысын қамтамасыз ету мен жүзеге асырудың тәсілдері мен тәсілдерінің жиынтығы. Діни мәдениеттің мазмұнын анықтайтын фактор – діни сана.

Діни мәдениет екі бөлік бөлінеді. Бірінші бөлігі – қасиетті мәтіндер, ғұрыптың әртүрлі элементтері, теология және тағы басқалар. Мұнда діни сенім тікелей көрініс табады. Екінші бөлігі – философиялық идеялар, моральдық қағидалар мен діни-рухани және мәдени қызметіне тарихи түрде тартылатын өнер туындылары.

Әр түрлі діндер мен діни конфессияларда діни мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Рулық-тайпалық діндердің діни мәдениетін, индуистік, конфуциандық, синтоистік, буддистік, христиандық, ислам, дәстүрлі емес діндердің мәдениетін және т. б. бөліп көрсетеді. Діни мәдениет азды-көпті дәрежеде зайырлы мәдениетке назар аударады.

Діни мәдениетті діни мораль, діни философияжәне діни көркемөнер сияқты маңызды компоненттерді қамтиды. Діни мәдениеттің басты элементі діни мораль болып табылады. Ол тиісті діни мазмұнмен жинақталған адамгершілік нормалар мен түсініктердің және өсиеттер мен сезімдердің жүйесін білдіреді. Діни моральдың өзегі – сенім. Діни мораль қасиетті мәндер мен құбылыстарға, осы дінді дәріптейтін элементтердің тұтас кешеніне қатысты ұстанымдарды белгілейді. Сонымен қатар, адамдардың бір-бірімен және қоғаммен қарым-қатынас ережелері мен нормалары бекітіледі.

Барлық қасиеттерге қатысты моральдық ережелер, басқа моральдық қатынастарды, атап айтқанда, адамдар арасындағы қатынастарды анықтайды. Діни мораль діни қауымдастыққа, діни орындарға және оған келушілерге қатысты нұсқамаларды қамтиды. Оған діндар адамның дүниеде басшылыққа алынуы тиіс ережелерді қамтиды.

Адамгершілік нормалары әртүрлі діни жүйелер мен конфессияларда әртүрлі болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, олардың әр түрлі елдерде, әр түрлі халықтарда, әлеуметтік дамудың әр түрлі кезеңдерінде қалыптасуымен байланысты. Діни моральда адамгершілік талаптары адамды жаратқан және оның моральдық мақсатын алдын ала анықтаған Құдайдың жарлығы болып саналады.

Діни мораль әр түрлі қоғамдық жүйелердегі адамдардың әлеуметтік болмысын, мінез-құлықтың адамгершілік нормалары мен қоғамның әр түрлі топтың уәжін бейнелейді. Онда болмыстың жалпыадамзаттық мәселесі – өмірдің мәні, жақсылық пен зұлымдық, ар-ождан, қайғы мен өкініш туралы айтылады. Діни мәдениеттің арнайы деңгейі жүйеленген діни ілімдер мен конфессияларды, эзотерика және мистиканы, сиқырлық пен ырымшылдыққа білдіреді. Дүниеге ерекше көзқарасының арқасында дін өзінің мәдениетіндегі айқын әрі өшпес мәніне қол жеткізді.

Мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде пайда болған дін – діни дәстүрлердің арқасында өмір сүреді. Діни дәстүр қазіргі мен өткеннің арасындағы байланыс жүйесі болып табылады. Он тоғызыншы ғасырдағы орыс ойшылы Г.В. Плеханов: «Дінді іс-әрекеттер, көріністер мен көңіл-күй жүйесі ретінде анықтауға болады. Көріністер діннің мифологиялық элементін құрайды, көңіл-күй діни сезім саласына, ал іс-әрекет – діни құлшылық саласына жатады» [19].

Діни дәстүр «Құдай аянына» сенетін және мінез-құлықтың белгілі бір ережелері мен нормаларын сақтайтын адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрін ұдайы қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Осындай дәстүрдің негізін құраушы – діндарлардың дүниетанымдық ұстанымдары мен құндылықтық бағдарларын қалыптастыратын діни ілім.

Діни дәстүрлер екі түрде кездеседі: бірінші, жалпы діни дәстүр. Ол адамның тылсым, таңғажайып сенімге бағыты мен оның болмысының мәнін анықтайды. Екінші, жергілікті діни дәстүр. Ол нақты діни наным-сенімге жүгінуді көздейтін және адамдар мен әлеуметтік топтардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, стереотиптелген әрекеттерін жинақтаушы ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, діни дәстүр – бұл мәдениеттің ерекше коды және тірі, дамытушы және өзгертуші ерекше тілі. Сондықтан да дінді қабылдап немесе онымен танысу өзге шет тілді үйренуге ұқсайтыны таңқаларлық емес. Өзге тілдерді, соның ішінде «мәдениет тілдерін» танып-білу, өз тіліңді жоғалту немесе одан мүлде бас тартуды білдірмейді. Керісінше, ол өз-өзіңді тереңірек түсінуге және басқаларды да түсінуге құштарлықты алып келеді.

Сондықтан да Мюллер ежелгі тілдерді білу зерттеушіге адам жанының тылсым сырын ұғынуға, ежелгі адамдардың діни сенімінің шынайы мағынасын ашуға, олардың санасындағы құдайлар аттарымен, олар туралы аңыз-әңгімелермен байланысты сезімдері мен әсерлердің жаңғыртуға мүмкіндік беретініне сенімді болды [20].

Ал Хайектің ойынша, діни-мифтік және мистикалық түсініктер пайдалы дәстүрлерді сақтау мен жеткізу және тұрақтылық факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, адамдардың Құдай туралы түсініктері тек қоғамның өмірін қолдайтын дәстүрлі моральдық нормалар мен құндылықтарды ғана бейнелеуі мүмкін, себебі «адамдардың көпшілігі абстрактылы дәстүрді тек біреудің жеке қалауы ретінде қабылдай алады» [21].

Діни дәстүр, айналасында қандай институттардың болғанына қарамастан, қарапайым күнделікті өмірдің фактісі ретінде өмір сүреді. Ол ешқашан мұндай тәжірибе алмаған адамдар үшін де, оны алған адамдар үшін де әртүрлі шындықтың тәжірибесін ұсынады, бірақ оны ұмытып кету қаупі бар. Өйткені кез-келген дәстүр – ұжымдық жады.

Кез келген діни дәстүрдің маңызды бөлігі – теориялық ойлауды дамыту. Ол ұлы әлемдік діндер деп аталатын үлкен көлемдегі және өте күрделі теориялық құрылым түрін қолдана алады; немесе бұл көрініс салыстырмалы түрде қарапайым мифтер, аңыздар арқылы жасалуы мүмкін. Оның үстіне, адам шын мәнінде оның рефлексиялық болмысы болып табылады, оның табиғаты бойынша өзінің тәжірибесі туралы ойлануға мәжбүр. «Ал діни дәстүр легитимацияның әлеуметтік талаптарына байланысты рефлексиялық ойлауды дамытуы тиіс және әрбір жаңа ұрпаққа істің нақ осы дәстүрде ғана мазмұндалатынын түсіндіру қажет» [22].

Дін адамзат қоғамының маңызды бөлігі. Ол адамдарға өзіндік ерекшелік беріп, әр түрлі ұлттар мен тілдер арасындағы біріктіруші фактор болып табылады. Дін қоғамды қалыптастырып және айқындапқана қоймай, кейде ұлттық, мемлекеттік сипатта қабылданатын заңдар мен ережелерге бағыт-бағдар беріп, тікелей болмаса да жанама әсер етеді. Діни дәстүрлер қоғамдағы көптеген мақсаттарға қызмет етеді. Діни дәстүрлерде діни сенім туралы пайымдауын зерттеген кезде сыни мәселелер туындайды. Сондықтан ауызша және жазбаша дәстүрдің айырмашылығын біліп алуымыз керек. Жоғарыда

айтып өткеніміздей, дәстүр ауызша және жазбаша болып екіге бөлінеді. Ауызша дәстүр деп біз ұрпақтан ұрпаққа ауызша, есте сақтау, тиісті ырғақ әдістерді сақтап, импровизацияға ерік беру дәстүрін айтамыз. Жазу-сызуға дейін дәстүр ауызша сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Қазіргі әлемдік, ұлттық діндердің дамуында ауызша дәстүр үлкен рөл атқарған. Жазбаша дәстүрде қасиетті жазбалар мен ілім, пайғамбарлар және олардың ізгі істері жазылған. Ірі әлемдік діндер, әсіресе монотеистік діндерде қасиетті мәтіндер де, ауызша орындалатын дәстүр де бар.

Осылайша біз дәстүр мен діни дәстүр, мәдениет пен діни мәдениет, құндылықтар мен діни құндылықтар және т.б. ұғымдарын феноменологиялық және концептуалды талдаулар барысында олардың арасындағы терең байланысты анықтап, дәстүрдің, түптеп келгенде, діни мәдениеттің туындысы екенін тұжырымдадық. Әрине, діннің әлде мәдениеттің бастапқы құбылыс екендігі әлі күнге талас-тартыс тудырып келеді. Бұл мәселе осы уақытқа дейін дін мен ғылымның қарама-қайшылығы аясында сипатталды. Дегенмен, қазіргі дінтанулық ғылым бұл екі рухани құбылыстың бір-бірінен алшақтығы емес, керісінше, бірін-бірі өзара толықтыратын жақындығын насихаттайды.

Жоғарыда айтылған ой-тұжырымдарды саралай келе, біз дәстүрге мынадай тұжырымдар жасай аламыз. Дәстүр – ұрпақтан ұрпаққа берілген, қоғамда немесе әлеуметтік топта ұзақ уақыт бойы сақталған әлеуметтік және мәдени мұраның бір бөлігі. Ол салт-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар сияқты стереотиптік көріністермен ғана шектелмей, көптеген әлеуметтік құбылыстарды да қамтиды. Барлық әлеуметтік жүйелер белгілі бір дәстүрлерге ие, олар қандай да бір дәрежеде олардың қызметін анықтайды. Дәстүр арқылы нақты бір адамдар тобы өзін-өзі дамытуға және тіпті күн көріске қажетті білімге де ие болады. Яғни, ұжымдық қарым-қатынастың тетігі ретінде түсіндіріледі.

Дәстүр арқылы мәдени және әлеуметтік мұраның элементтерін ұдайы толықтыру мен ұрпақтардың, уақыт пен дәуірлердің тұрақтылығы мен сабақтастығын белгілеу әдістері сақталады. Дәстүрлер қоғамда құндылық мәртебесін қалыптастыратын бірқатар әлеуметтік функцияларды орындап қана қоймай, олардың жеке және әлеуметтік санада қаншалықты маңызды әрі қажет екендігін көрсетеді.

Француз философы Рене Генонша, дәстүр адамға Тәңіріден берілген ілім, «дәстүр» сөзін этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ «беру» деген мағынаны білдіреді екен. Қасиеттілігі біртіндеп әсіреп, ұзақ қолданыста жүргендіктен дәстүр идеясының мағынасы үнемі бұзылып, алғашқы мәнінен қол үзіп кеткен. О баста дәстүр ұғымы адамзаттан бізге берілген, бізге мұра ретінде жеткен құндылық деген мағынаны білдірген. Адамзат қажеттілігін жүзеге асыратын барлық құндылықтар – материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар дәстүрді құрайды. Алайда, тек шынайы құндылықтар дәстүр арқылы беріледі.

Әрбір ұрпақ, бұрынғының кейбір мәдени үлгілер жиынтығын қабылдау барысында, оларды өзгеріссіз және дайын түрінде ғана игеріп қана қоймайды. Ол мүмкін емес, өйткені адам сол дәстүрден өзіне қажетін іріктеп, оны өзінше

түсініп, түйсініп, кейде оларға осы кезге дейін болмаған жаңа сипат пен мән-мағына береді. Бұл тұрғыда біз әрдайым қазіргіні ғана емес, болашағымызды да емес, біз әрқашан өз ырқымызбен немесе амалсыздан өткенімізді таңдаймыз. Яғни дәстүр бұл – өткен заманның естелігі емес, ол құндылықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің тәсілі, жолы болып табылады.

Ал діни дәстүр мәдениеттің ерекше коды және тірі, дамытушы және өзгертуші ерекше тілі. Сондықтан да дінді қабылдап немесе онымен танысу өзге шет тілді үйренуге ұқсайтыны таңданарлық емес. Өзге тілдерді, соның ішінде «мәдениет тілдерін» танып-білу, өз тіліңді жоғалту немесе одан мүлде бас тартуды білдірмейді. Керісінше, ол өз-өзіңді тереңірек түсінуге және басқаларды да түсінуге құштарлықты алып келеді.

Діни мәдениет – діни қызмет барысында іске асырылатын және келер ұрпаққа берілетін және алынған нәтиженің мағынасы мен діни мәні бар, адамның болмысын қамтамасыз ету мен жүзеге асырудың тәсілдері мен тәсілдерінің жиынтығы. Сондықтан діни дәстүр қазіргі мен өткеннің арасындағы байланыс жүйесі болып табылады деген тоқтамға келеміз.

Келесі тараушада негізгі әлемдік діндер христиан діні мен ислам діндері мәдениетіндегі жазба және ауызша дәстүрге сипаттама беріп, салыстырмалы талдау жасап, екі діннің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетуге тырысамыз.

1.2 Христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрге дінтанулық салыстырмалы талдау

Біз бұл тараушада кейбір діндер арасындағы дәстүрлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасаймыз. Дәстүрлердің бұл ұқсастығы ол діндердің хикаяларындағы тарихи тамырластықпен қатар, олардың догматтық, канондық негіздеріндегі діни дүниетанымдық мәселелермен де байланысты. Мысалы, иудаизм, христиан діні мен ислам ортақ рухани бастамаға ие болып, бірыңғай рухани қайнар көзді иеленіп, ортақ бабасының, үш діннің атасы, Ибраһим пайғамбардың атымен ибраһимдік деп аталады. Үш діннің барлығы да – аяндардың монотеистік діндері болып табылады. Бұл аяндарда Құдайдың адамдарға өз елшілері, Пайғамбарлары келіп, солар арқылы Өзінің еркі мен талаптарын хабарлайды делінеді. Ибраһимдік діндердің рухани бастамаларының бірлігі ортақ рухани-изгіліктік құндылықтар жүйесінің негізінде олардың өзара әрекеттесуі мен сұхбаттастығының нағыз мүмкіндігін тудырады.

Әлемнің барлық діни жүйелері Құдайдың (монотеистерде) немесе Құдайлардың (политеистерде) айтуы бойынша, олардың діни сеніміне сәйкес жазылған қасиетті жазбаларға ие. Христиан діні б.з. I ғасырда Рим империясының аумағында ежелгі гректер мен римдіктердің, сондай-ақ бергі Азия халықтарының діни-нанымдары мен иудаизмнің монотеистік дәстүрінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болды. Христиан діні біртұтас дін болып саналмайды. Ол бірнеше бағыттарға бөлінеді: католицизм, православие, протестантизм. «Христиан діні (гр. Χριστός, Khristos, сөзбе-сөз аудармасы

мәсіхтелгендер) Ибраһимдік дін (грекше Χριστός (Khristós) ағылшын тілінде «anointed» – орыс тілі «помазанный» – қазақша «басты сипау, сулау немесе басқа мәсіһ шалу») – Христостың өмірі мен Жаңа Өсиет іліміне негізделген монотеистік дін» [23].

Белгілі ғалым Г.Соловьева христиан дінінің пайда болуы туралы төмендегідей тұжырым жасайды: «әлеуметтік-экономикалық алғышарттары сол кезде Палестинаны мекендеген яһудилердің басым бөлігі мен басқа да этностардың мүшкіл күйімен байланысты болды. Құл иеленушілік қоғам ретінде танылған Рим империясы басып алынған халықтарға қатысты өзінің тонаушылық қасиетін ашық білдірді. Римдіктер салықтардан босатылып, ал олардың меншігіндегі адамдар алым-салықтан әлсіздене бастады. Осының бәрі әлеуметтік наразылықты тудырып, шарасыздық пен торығушылық көңіл-күйді қалыптастырды» [24]. Яғни, христиан діні радикалды түрде өзге діни дүниетанымды жариялап, адамзат тарихының түбегейлі өзгерісіне айналған, көптеген мемлекеттер мен халықтарды қамтыған ірі христиан өркениетінің түйіні мен негізі болған дін.

Ал ибраһимдік діндердің соңғысы ислам діні VII ғасырдың басында Араб түбегіндегі Меккеде пайда болған. Құрайыш тайпасынан шыққан Мұхаммедке 40 жасында Алладан уаһи түсіп, араб түбегінін мекендеген араб еліне ислам дінін насихаттау бұйырған. Мұсылман қауымына 23 жыл бойында әр түрлі себептерге, қысылтаяң шақтарға байланысты түсіп отырған. Ол кездері арабтар пұтқа және көпқұдайға табынатын еді.

«Ислам (араб.: إسلام) – әлемдік монотеисттік-ибраһимдік дін. Христиан дінінен кейін дүниедегі ең көп таралған дін болып табылады. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (аллаһтың заңдарына) «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Ал шариғат терминологиясында «ислам» – толық мойынсыну, Аллаһтың алдында парыздарды орындау, одан басқа құдайларға табынбау болып есептеледі. Ислам дінін ұстанушы жан мұсылман деп аталады» [25]. Ислам діні де сүнниттік және шейіттік болып екі ағымға бөлінген.

Христиан дінінің негізгі идеясы – күнә мен адамның құтқарылу идеясы. Адамдар Құдай алдында күнәһар болып келеді және олардың бәрі бірдей: гректер мен яһудилер, римдіктер мен варварлар, мейлі құл болсын, мейлі бай-кедейлер – бәрі күнәһар, бәрі – «Құдайдың құлы». Дінде адамзат Адам ата мен Хауа ананың «алғашқы» күнәсінен тазартыла ала ма? деген сұрақ туады. Әрине, болады. Егер олар адамзаттың күнәсін өз мойына алуы үшін жерге құдай жіберген ұлы құтқарушыға және өздерін күнәһар екендерін мойындап, осы күнәдан тазартуға ниеттенсе ғана жүзеге асады. Иисус (ислам дінінде және оны ұстанатын мұсылман халықтарында Иса пайғамбар саналады) өзінің азапты өлімімен жердегі адамдарды күнәдан босатып, оларға күнәдан құтқарылу жолын көрсетті. Бұл жол – ең құдіретті үш бейнедегі Құдай (Құдай-Әке, Құдай-Бала, Қасиетті Рух), тақуалық өмір, тәубеге келу және өлімнен кейін аспан патшалығына түсу [26].

«Ислам дінінің көздеген мақсаты – адам баласының бұл дүниеде де, мәңгілік ақыретте де бақытты болуы. Дініміз бұл дүниенің ақырына дейін

адамдардың әрдайым бақытты болуын және қоғамның дамуын қамтамасыз ете отырып, жеке-жеке адамдардың да, қоғамның да қажеттіліктеріне жауап бере алатын талаптар қойып, дүниеде де, ақыретте де бақытқа кенелудің жолдарын көрсеткен» [27].

Әрбір мұсылман адам «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед – Оның елшісі» сөзінің арабша айтылуы мен мазмұнын біледі. Осы сөзді ресми тұлғаның қатысуымен үш рет қайталап, ислам дінін қабылдайды. Дінді қабылдау рәсімі христиан дініндегі сияқты шіркеуде орындалуы, катехизациядан өтуі шарт емес. Сондай-ақ исламды қабылдаушы адам алдын ала ислам негіздерін оқытудан өтуге де міндетті емес.

Христиан дінінің қасиетті кітабы: «Библия (грек тілінде *Biblia* – кітап) құдайдың құдіретімен шабыттандырылған деп есептеледі. Бұл – Құдайдың адамға пайғамбарлар, апостолдар мен ізгі хабаршылар арқылы айтылатын сөзі. Христиан діні бойынша Інжілдің жалғыз авторы Құдайдың өзі болып табылады. Інжіл екі бөліктен – Көне Өсиет пен Жаңа өсиеттен тұрады» [24]. Ескі өсиеттегі мазмұны бойынша әртүрлі кітаптар (сонымен қатар Таураттың мәтінін құрайтын мәтіндер) б.з.д. 1 мыңжылдықта, ал Жаңа Өсиеттің кітаптары бірінші ғасырда жазылып шығарылды. Бастапқыда христиандар арасында қанша және қандай кітаптар қасиетті деп саналуы және қайсысы Библияға енуі керек деген ортақ ой болмаған. Тек б.з.д. IV ғ. ғана Библияға енетін белігілі бір кітаптар саны туралы ереже қабылданды. Алайда, христиан дінінің бірнеше бағыттарға бөлінгеннен бері, әр (православие, католицизм, протестантизм) бағыттың Көне Өсиетке енетін кітаптар жиынтығы әртүрлі болды.

Осы тұрғыда салыстырмалы түрде айтар болсақ, яһудилер Тәурат пен Зәбурды мойындағанымен, Інжіл мен Құранды мойындамайды, өз кезегінде христиандар Көне және Жаңа өсиетті қабылдап, мұсылмандардың Құранын мойындамайды. Ал мұсылмандар болса, төрт кітапты да – Тәурат, Зәбур, Інжіл және Құранды – қасиетті мәтін ретінде мойындайды, тек алдыңғы үшеуін адамдар тарапынан бұрмаланған деп есептейді.

Көне Өсиетке енген кітаптар бірнеше жүзжылдар бойында жазылған. Яһуди дәстүрінде Танахтың құрамында 39 кітап заңдастырылған. Протестанттар яһуди канонын қабылдайды. Католик канонына 46 кітап кіреді. Көне Өсиет құрамындағы православиелік шіркеу 50 кітапты мойындайды

Көне Өсиет кітаптарын мазмұны бойынша бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Пятикнижие (Бес кітап) – ежелгі яһудилік Тора немесе Заңдар.
2. Ежелгі яһудилердің тарихы туралы баяндайтын тарихи кітаптар.
3. «Даналық кітаптары» немесе поэтикалық кітаптар.
4. Пайғамбарлық кітаптар.

Танаха деп аталатын яһуди кітаптары тек христиан дәстүріндеге ғана Көне Өсиет деп айтылады. Ветхий өзі ежелгі деген ұғымды білдіреді. Христиандардың көзқарасы бойынша, бұл Құдайдан адамдарға берілген алғашқы әрі көне заң. Адамдардың бастапқы күнәһарлық табиғаты осы діни өсиеттерді толық түсінуге мүмкіндік бермегендіктен, Құдай Жаңа Өсиетті

адамзатқа жіберуге мәжбүр болды. Сондықтан да Көне Өсиет христиандық кітаптың ажырамас бөлігі болып саналады.

IV ғасырда қабылданған Жаңа Өсиеттің бірыңғай канонын барлық христиан шіркеулері мойындайды. Иисус Христостың өмірі мен өсиетін уағыздаған көптеген інжілдердің болғаны тарихтан мәлім. Алайда, христиандық соборлар барысында, олардың барлығы жойылып, тек төртеуі ғана ресми түрде мойындалып, қабылданған. Жаңа Өсиетте 27 кітап бар. Ең алдымен, бұл Інжіл (Евангелие, Ізгі хабар). Ол Марктың Інжілі, Матфейдің Інжілі, Луканың Інжілі мен Иоанның Інжілі деп аталатын төрт кітаптан тұрады. Бұлар б.з.д. I ғасырдың екінші жартысында жазылған. Кітаптың ең алғашқысы Марктың Інжілі болса, ең соңғысы Иоанның Інжілі болып табылады. Христиандықтың ең маңызды догмасы – бір Құдайлық идеясы. Адамдарға құдіретті және жалғыз Құдайдың бар екендігін көрсету, сондай-ақ оған сену қажеттілігін дәлелдеу. Бұлардың барлығы Қасиетті жазбалардың негізгі міндеті саналады. Бұл христиан дініне дейінгі басқа да діни-нанымдар арасындағы негізгі айырмашылық. Егер ежелгі гректер мен римдіктердің діни пұтқа табынып және олар көпқұдайлықты дәріптесе, христиандық – шынайы монотеистік көзқарасты ұстанады. Сонымен қатар, христиан діні үшін монотеизм ғана емес, теоцентризм де тән – біртұтас Құдай әлемдегі барлық нәрсенің орталығы: сенім, ойлау, таным және т. б.

Жаратушы идеямен тікелей байланысты аян идеясы да, адамдарға қолжетімді кез келген білім тек Құдайдан келген. Адамдар әлем туралы, өзі туралы және Құдай туралы білгендерінің барлығы – Құдайға аян, өйткені білімнің өзі Құдай. Құдай Адам Ата мен Хауаны жаратып, оларға білім беретін ағаштың жемісіне тимеуге тыйым салған еді. Ал олардың ол тыйымды бұзып, күнәһар аталып, жұмақтан қуылғаны бәріне мәлім. Сондықтан христиан дүниетанымда Құдай аянынан тыс алынған кез келген білімге тыйым салынады. Оның үстіне, Құдайға сену, оның абсолютті құдіреттілігіне және асқақ білімділігі адами білімінен жоғары емес, ол жалғыз шынайы білім болып табылады.

Христиан дініндегі бұл дәстүрлі түсінікті ислам дінімен салыстырар болсақ, мұсылмандар бұл бастапқы күнәнің болғанын мойындағанымен, Адам Ата мен Хауа ананың тәубеге келіп, тура жолға түскенін қабылдайды. Сондықтан бұл бастапқы бабалар пайғамбар ретінде қастерленеді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, христиан діні бойынша, Құдай адамзат баласына мәңгілік бақыт пен өмірмен марапаттаған. Алайда Адам мен Хауаның жасаған күнәсінің кесірінен бүкіл адамзат күнәһарлық қамытын арқалаған. Бірақ христиан дінінде бекітілген рәсімдерді орындау барысында адам баласы күнәсінен кешіріліп, құтқарылуға мүмкіндігі бар. Христиан адамы үшін тәубеге келіп, құтқарылу қажет, өйткені христиандық наным бойынша адамзат тарихтың соңы. Заманның ақыры туралы ілім христиан дінінің басты идеяларының бірі. Адамзаттың жердегі өмірі уақытша әрі шынайы емес жалған дүние саналады. Жердегі өмір жақсылық пен зұлымдық күштері арасындағы соңғы шайқаспен аяқталуы тиіс. Одан кейін Құдай

адамдарды соңғы, үрейлі сотқа шақырады, онда барлығына соңғы және ақтық үкім шығарылады.

Ақыр заман туралы, қиямет күні туралы, жұмақ пен тозақ туралы идеялар ибраһимдік дінді құрайтын яһудилік, христиандық және ислам діндерінде барынша ұқсастығымен ерекшеленеді. Жерден Мәдінің шығуы мен аспаннан Исаның түсуі, оның мамыражай билік етуі (салыстырыңыз, христиан дініндегі Аспан патшалығы) ақыр заман алдындағы кезеңді айқындайтындығы туралы ислам дәстүрінде көп айтылады. Христиан дініндегі Иисус Христостың өлмей, көкке көтерілуін ислам дәстүрі де мойындайды.

«Христиан діні адамның Құдайға жақындастыратын жетілу жолын анықтайды: бойсұну, өз нәпсілерінен бас тарту, қарапайымдылық, рақымдылық, мейірімділік, ізгіліктік. Христиан дінінің ең негізгі ізгі қағидалары – сенім, үміт және махаббат. Осы қағидаларды ұстанған адамның өмірі нұрға бөленіп, құтқарылу мен мәңгілік өмір сүру мүмкіндігіне иеленеді» [24]. Христиан дінінің негізі – махаббат. Ақылға бағынған емес, сезімге байланған махаббат. Бірақ бұл махаббаттың тән махаббатымен ешқандай байланысы жоқ. Христиандық махаббат немесе сүйіспеншілік бұл адамның ең жоғарғы рухани күші. Таулы қыраттағы Иисустың басты өсиеттерінің бірі «жақыныңды қадір тұт», «бір бетіңнен ұрса, екінші бетіңді тос» болды. Бұл христиандық этикадағы негізгі императив болып табылады. Осы адамның Құдайға және басқа адамдарға деген махаббаты христиандық моральдың көрсеткіші. Христиан дініндегі бұл доминантты идеялар оны басқа діндерден, атап айтқанда, ислам дінінен айрықшаландырып тұрған басты ерекшеліктер болып саналады. Сондай-ақ христиан дінінде «Иса пайғамбар өз мойнына барлық адамдардың күнәсін артып, өзін құрбандыққа шалған. Сондықтан христиандықтарда кішіпейілділік, мейірімділік, басқаның мүддесіне ыждаһаттық басым» [28].

Христиандық ілімнің тағы бір негізі идеясы – Құдайдың үш тұғырлығы ұғымындағы Қасиетті Үштік. Яғни Құдай біреу, бірақ адамға үш түрлі адам бейнесінде көрсетіледі. Әрбір жекелеген бейне толық Құдайды білдіреді және олар бір-бірінен кем де артық та емес. Қасиетті Үштік туралы ілім, Құдай бір, бірақ үш түрі бейнеде деген сөздер қасиетті жазбада көрсетілмеген. Дегенмен, христиандық үшін бұл маңызды ілімдердің бірі және ол қасиетті жазудың куәлігіне негізделген. Христиан діні монотеистік таухидтік дін деп есептелгенімен, ондағы Абсолют құдайдың үш қырымен көрініс беруі өзге дін өкілдерінде, оның ішінде ислам дінінің өкілдерінде түсінбестік туғызады, христиандарды осы ақидалық негіздері мен олардың әулие иондарға табынуына қарай политеизммен (пұтқа табынушылықпен) кінәлауын тудырады.

Христиан діни сенімінің негізгі ережелері сенім символының 12 тармағында берілген. Бұл тармақтар христиан діні дәстүрлерінің негізгі өзегін құрайды. Сенім символы – шіркеудің барлық негізгі ережелері мен парыздары жазылған дұға ету кітабы. Сенім Символындағы ілім қысқаша, бірақ өте нақты түрде баяндалған. Оны IV ғасырда бүкіл әлемдік соборлардың I және II кезең

әкейлері жасаған. Ол он екі ережеден немесе бөліктен тұрады. Сонымен қатар осы 12 сенім символынан бөлек христиан дінінде жан-жақты талқыланып, белгіленген тән мен әрекет негізін Жеті қасиетті құпия құрайды.

«Діни өмірдің негізгі оқиғалары православие дініндегі жеті құпияшылдық болып табылады. Оның аты жасалынатын әрекеттердің қарапайым ұғыну арқылы толық, жеткілікті түсініле алмайтынын, құпиялы және қолжетімсіз болып келетінін білдіреді. Аталмыш құпияшылдықта сенімнің арқасында қарапайым әрекеттер мен деректі заттар арқылы дерексіз, табиғилықтан жоғары тылсым дүниелерге, рухани әлемге қол жеткізуге болатыны шүбәсіз болып келеді. Құпияшылдық (лат. sacramentum) – христиан дініне тән ерекше ғұрыптық әрекеттер. Егер ғұрыптарда Құдаймен бірлесу символикалық тұрғыдан іске асырылса, онда құпияшылдықта Құдай шын мәнісінде адамның өміріне еніп, оны рухани түрде өзгертеді» [24]. Алайда қазіргі кезде бұл шіркеу жоралғысы бастапқы қабылғанын нұсқасынан біршама өзгерген деген пікірлер айтылады.

Сонымен «Жеті құпия сыр» дәстүріне қалай атқарылады. 1) шоқындыру: бұл рәсімнен өткен адам құпия түрде рухани өмірге келеді. Яғни күнәдан құтылып, шіркеуге қабылданып, христиан атанады. 2) миро майын жағу рәсімі: «миро» атты иісті майды адамның маңдайы мен басқа да дене мүшелеріне жағу рухани жаңару мен рухани нығаюға әсер етеді деген ұғым қалыптасқан. 3) Тазару (евхаристия): адам рухани азықтанады. Адамның құдаймен жақындасуының бір түрі. Құдай Ұлы Иисустың денесі мен қанына араласу, ол үшін арнайы дайындалған бір үзім нан мен бір ұрттам шарапты ішеді. 4) Тәубеге келу немесе өкіну: адам рухани дерттен тазару, яғни адам күнәсын мойындап, Құдайдан кешірім сұрайды. 5) Әулиелік (Священство): дін қызметкеріне арналған жоралғы, мұнда рухани жаңару мен адамдарды «Жеті құпия сыр» мен басқа да ілімдерге оқытуға жолдама алады. Яки саланатты түрде діни қызметкерлерді сайлау процессі. 6) Некелесу ғұрпы: шіркеуде некелескен жұп бақытты, болашағы жарқын, ұрпағы саналы, тәрбиелі болады. 7) Шырша майымен майлау: бұл рәсім қатты сырқаттанып жатқан адамға май жағу арқылы құдайға рахметін алады. Адамды рухани аурудан тазарту арқылы тән ауруынан емдейді немесе өлім аузында жатқан адамның күнәлары кешіріліп, о дүниеге шығарып салу салты. Осы аталған «Жеті құпия сыр» христиан дінінің үш тармағында әртүрлі орындалады [29].

Ал исламда құлшылық ету, табыну екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, міндетті түрде, ал екінші бөлімі, ерікті түрде орындалатын діни іс-әрекет. Сонымен мұсылманның білуі міндетті болған иман ілімдері – иманның шарттары және исламның шарттары болып табылады.

Иманның шарттары: «1-Алланың бар және бір екеніне; 2-Алланың періштелеріне; 3-Алланың пайғамбарларына; 4-Алланың кітаптарына; 5-Ақырет күніне; 6-Жақсылық пен жамандықтың Алладан екеніне шын жүрекпен илану.

Ислам шарты: 1-Кәлима шәһадат келтіру; 2-Намаз оқу; 3-Зекет беру; 4-Ораза тұту; 5-Қажылыққа бару» [30].

Ал екінші ерікті түрде орындалатын діни іс-әрекеттерге діни салттар мен діни мейрамдар жатады. Мысалға, сүндетке отырғызу, некеге тұру, Құрбан айт, Ораза айт және т.б.

Христиан дінінің он екі сенім символының	**Ислам дінінің алты иман шарттары**
1. Құдай Әкенің біртұтастығына, Құдіретті Құдай мен көк пен жер, жанды мен жансызды Жаратушыға сенім. 2. Құдайдан туылған және оның жалғасы, оның адами бейнесі болып табылатын Құдайдың рухани Ұлы Иисусқа сенім. Бұл сенімді ашу үшін Қасиетті Үштіктің құпиясы туралы білу керек. 3. Құдай Ұлының көктен түсіп, христиандар үшін адам болғаны туралы айтылады. 4. Христостың ағашқа керілу және Құтқарушының адамдардың күнәсін өз мойнына алғаны туралы наным. 5. Иисустың қайта тіріліп келгеніне сенім. 6. Иисустың көктегі Әкесінің жанынан орнын тапқаны туралы айтылады. 7. Құдайдың билігі шексіз, ол мәңгілік және өлі мен тіріні соттайтыны туралы сенім. 8. Бүкіл жер бетіне өмір беретін және адамдармен пайғамбарлар арқылы сөйлесетін Қасиетті Рух жайлы сенім. 9. Діншіл адамның Шіркеуге сенуі жайлы түсінік. 10. Шоқыну құпиясын дәріптейді. 11. Өлілердің тірілетіне деген сенім. 12. Мәңгілік өмірге сенім.	1. Аллаға сену; 2. Періштелерге сену; 3. Кітаптарға сену; 4. Пайғамбарларға сену; 5. Ақырет күніне сену; 6. Тағдырға: жақсылық пен жамандықтың Алланың жаратуымен болатындығына сену.
Христиан дінінің «Жеті құпиясы»	**Исламның бес шарты**
1) шоқындыру 2) миро майын жағу рәсімі 3) Тазару (евхаристия) 4) Тәубеге келу немесе өкіну 5) Әулиелік (Священство)	1) Кәлима шәһадат келтіру 2) Намаз оқу 3) Зекет беру; 4) Ораза тұту 5) Қажылыққа бару

6) Некелесу ғұрпы 7) Шырша майымен майлау	

Христиандықтағы діни дәстүрдің басты ерекшеліктері бұл діндегі Құдайға құлшылық ету дәстүрі көрінеді. Негізі христиан дінінің Құдайға басты құлшылық ету – литургия мен ауыз бекіту дәстүрі, басты діни мерекесі Пасха болып табылады. Грек тіліндегі «литургия» сөзі «қоғамдық қызмет» деген мағынаны білдіреді, өйткені бұл Құдайға құлшылық ету рәсімі христиан қауымының барлық мүшелерінің дұға ету арқылы жасалады [31].

Сонымен қатар бұл ұғым «құдайға құлшылық ету» сөзінің синонимі немесе жеке аяқталған әдет-ғұрыптық іс-әрекеттің мағынасында да, діни іс-әрекеттердің барлық жиынтығының мағынасында да қолданылады. «Литургия» термині көбіне Батыс христиандарында жиі қолданылады; дегенмен, бұл сөз кең мағынада Шығыс христиан лексикасына (мысалы, «литургика» – Құдайға құлшылық ету туралы ғылым, «литургиялық» – салт-дәстүр, ғибадат, Құдайға құлшылық ету) қолданылуда. Соңғы уақыттары католиктер мен протестанттар «литургия» сөзі аяқталған және жекелеген сипатқа ие болып, нақты Құдайға құлшылық еткенде немесе қызметтердің құрамында жиі қолданыла бастаған.

Литургия екі негізгі бөлімнен тұрады: жарияланғандар литургиясы және адал Литургия (Батыс терминологиясы бойынша сөз Литургиясы және Евхаристік Литургия). Екеуінің де мағынасы діндарлардың Құдаймен кездесуді білдіреді: біріншісінде Оның Аянын тыңдау арқылы жүзеге асса, екіншісі — оның денесі мен қанын жеу арқылы Иисусқа жақындау рәсімі.

Литургияның ортасында алғашқы және қорытындылаушы рәсімдерден тұрады және оның негізгі екі бөлімге тікелей қатысы жоқ. Екі Литургияның да түп тамыры, бастауы Көне Өсиет. Жарияланғандар, жария етілген Литургиясы Құдайдың аянын тыңдау арқылы жүзеге асса, екінші Құдай сөзін оқу мен түсіндірудің синагогтық ғұрпы, ал адал Литургия отбасылық яһудилік сенбі және пасхалық тамақтану рәсімдері. Пасхалық рәсімнің маңызы өте ерекше, өйткені осы пасха кезінде Христос Евхаристия құпиясын енгізген еді.

Жария етілгендер Литургия атауын ежелгі шіркеу тәжірибесінде болған катехумана негізінде немесе жариялау (шоқынуға дайындық) нәтижесінде пайда болған. Литургияның бірінші бөлімі шоқынуға келген адамдарға сенім негізін оқытуда маңызды рөл атқарған.

Катехуменат – «жариялау» және «оқыту, үйрету» мақсатында, жалпы шоқынуға ниет білдірушілерді дайындау мақсатында қабылданған ежелгі шіркеу заңы. Жария етілгендер деп пұтқа табыну және яһуди діндерінен шыққан, бірақ та христиандықты қабылдағысы келетін адамдар. Сондықтан олар шоқынуға біраз уақыт дайындалған әрі христиан ақиқаттармен толыққанды танысқан адамдар [32].

Сонымен литургия рәсімі кез-келген христиан адамы үшін өте жауапты сәт. Рәсім Қасиетті жазуды бірнеше қайтара оқу, Інжілді оқу, сондай-ақ уағыздар мен әр түрлі кешірім сұрау дұғаларын қамтиды. Соңында

жарияланғандар үшін дұға жасалып, оларды босатады. Өйткені Литургияның екінші бөлігіне тек шоқынғандар яғни «адалдар» қатыса алды.

Бұл бөліктің негізгісі – Проскомидия. Проскомидия (грек тілінен аударғанда «сыйлық, тарту») – таныстыру құпиясы үшін арнайы дайындалған нан мен шарап [33]. Нан мен шарап алдын ала дайындалып қойылады. Анафора – тазару рәсімі кезіндегі дін қызметшісі мен литургияға қатысқан барлық діншілдер Құдайдың денесі мен қанына біріккен кезде оқылатын дұға. Рәсімнің соңы дін қызметкерінің кресті алып шығып, діншілдерге сүйдірумен аяқталады.

Литургиялық элементтердің көпшілігі осы уақытқа дейін Қасиетті Литургияда сақталған, бірақ олардың көпшілігі орта ғасырларда қатты өзгеріске түскен. Мәселен, Шығыс дәстүрінде көпшілігінде проскомидия екі бөлікке бөлініп және олардың ең бастысы жарияланғандардың литургиясына дейін, сенушілердің тікелей қатысуынсыз жүзеге асырылды. Ал барлық литургиялық ғұрыптарда діни дұғалардың айтарлықтай көп бөлігін дін қызметкері жасырын түрде оқыған.

Ғасырлар бойы әртүрлі жергілікті шіркеулерде литургияның әртүрлі мәтіні, құрылымы пайда болды. Олардың көпшілігі құдайға құлшылық ету қызметтері түрінде топтастырылып, өздерінің атауларына ие болған. Литургия атаулары авторлық болып саналмайды, осы литургия дәстүрімен байланыстырылған діни авторитеттің атымен аталған. Уақыт өте келе, Шығыс пен Батыста литургиялық салт-дәстүрді және Литургияны біріктіру үрдісі басталды. Православие шіркеуінде тек екі Литургия сақталған – Қасиетті Василий Литургиясы және Иоанн Златоустың Литургиясы; католик шіркеуінде Рим Мессасы бекітілді.

Иоанн Златоус Литургиясы – «Ұлы Оразаның» жұмыс күндерінен басқа жылдың барлық күндерінде жасалады. Қасиетті Василий Литургиясы жылына 10 рет – Иисустың туған күні (Рождество Христова) және Шоқыну мерекесі (Богоявление) қарсаңында, 14 (1) қаңтарда Қасиетті Василийді еске алу күнінде, Ұлы оразаның алғашқы бес жексенбісінде және Қасиетті бейсенбі мен қасиетті сенбі күндері жүзеге асырылады.

Бұрын қасиеттенген сый немесе сыйлық литургиясы – Ұлы Оразаның сәрсенбі және жұма күндері өткізіледі. Бұл рәсімде діншілдер бұрын қасиеттенген Қасиетті Сый – Христостың тәні мен қанымен танысады.

Православ Шіркеуінде Қасиетті литургия тек Ұлы Оразаның дүйсенбі, сейсенбі және бейсенбі күндерін қоспағанда, жыл он екі ай бойы өткізіледі. Рәсім әрбір шіркеу мен монастырьдың жекелеген жұмыс кестесіне байланысты жасалып, 2 сағат жалғасады. Ал Иисустың туған күні мен Ораза литургиясы түнде өткізіледі [34].

Христиан дініне құлшылық рәсімі өте ұзақ әрі күнделі процесс болып саналады және барлық діни рәсімдер міндетті түрде шіркеуде өтуі шарт. Христиан дінімен салыстырғанда мұсылмандық құлшылық ету өте қарапайым әрі біртұтас болып көрінуі мүмкін. Онда құлшылық қатаң реттелген, онда құпиялық та, ән айту мен музыка жоқ. Әрбір мұсылманның бес парызының

бірі – намаз. Намаз күніне бес рет, белгілі бір сағаттарда атқарылады. Намаз уақыты кіргенде мешіттің арнайы қызметкері мұнарадан азан шақырып, барлық мұсылмандарды намазға шақырады. Намазды тек мешітте ғана емес, кез-келген таза жерде оқуына болады. Ислам дінін қабылдаған адам үшін негізгі және маңызды міндет намаз болып табылады. Аллаға сену мен оған құлшылық ету намаздың белгісі болып саналады. Ислам бойынша адамның Алламен қарым-қатынасында ол тек оған құлшылық етуі және оған серік қосуға болмайды. Осы шарттарды дұрыс орындаған адамға Алла шексіз мейірім мен сансыз сый-сияпат сыйлаған.

Намаз – исламдағы құлшылық ету салттарының ең маңыздысы. Негізі намаз парсы сөзі, арабша бұл рәсім салят деп аталады. «Намаз» сөзінің мағынасы – «тілеу», «дұға оқу» дегенді білдірсе, ал, шариғаттағы мағынасы – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сүрелер, дұғалар оқудан тұратын қасиетті ғибадат ұғымын меңзейді [35]. Намазды бастамас бұрын, ең алдымен оның міндетін білу керек. Күнделікті намазды бес рет орындау парызын мойындамаған адам мұсылман болып саналмайды және оны парыз деп танитын, бірақ оны орындамаған адам күнәкар деп есептеледі. Сол сияқты исламның қалған үш шарты да, яғни зекет, ораза және қажылық та парыз болып саналады.

Сонымен қатар христиан дінінің ағымдарында діни құлшылық әр түрлі орындалады. Ал мұсылмандар исламның таралуының алғашқы жылдарынан бастап қалай оқыды әлі күнге дейін сол ретпен оқып келеді. Әлемдегі түпкір-түпкіріндегі мұсылман халқы сүннет бойынша орындайды. Намаз туралы Құранда жазылған және пайғамбардың сүннетінен келген. Намаз Мұхаммедке Алла Тағаладан тікелей жеткен жалғыз бұйрық. Барлық ислам ағымдары намазда пайғамбар сүннетіне сай оқиды, тек шиіттер ғана мухр деп аталатын топырақтан жасалған төртбұрышты тасқа сәжде жасайды. Өйткені олардың пайымдауынша, жерге сәжде жасалмаса, онда намаз орындалмаған болып есептеледі. Сондықтан олар жайнамазбен бірге үнемі мухрды бірге алып жүреді.

Намаз адамға рухани және физикалық тұрғыдан тазаруға көмектеседі. Намазды орындау үшін адамның денесі, оның киімі және намаз оқитын таза болуы керек, сонымен қатар намаз алдында дәрет алуы тиіс. Намазды белгіленген уақытында орындау міндеті адамды бірқалыпты, реттелген өмір салтын ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, адам күнделікті күйбең тіршілікті бір уақ ұмытып, Аллаға құлшылық етіп, намаз барысында жан тыныштығына жетуге, азды-кемді күнәсінен тазаруға мүмкіндік береді.

Мұсылман үшін «Намаз – адамды Жаратушы Жаппар Иеге жақындатады. Рух пен ерікті күшейтеді. Адамды сабыр мен шүкірге үйретеді. Намаз – адам баласының тән тазалығы мен жан тазалығы. Рух азығы мен ар азығы. Адам намаз арқылы Ұлы Жаратушыға тағзым етіп, өзінің пендешілігіне тәубе етеді» [36].

Сонымен қатар намазды жамағатпен бірге орындау ұсынылады. Діндарлар намазды бірге жасаған кезде қоғамның барлық тап өкілдері

жиналады. Соның арқасында адамдар арасында ынтымақтастық пен бауырластық сезімдері дамиды. Бұл рухани жақындасу, көзқарастық, рухани іс-әрекеттің бірлігі материалдық өзара көмек пен ынтымақтастық сезімінің қабырғасын қалайды. Мұсылмандар үшін жұма күні қасиетті саналады және жұма намазды лажы болса мешітте оқуға тырысады. Діни мереке немесе жұма намаз күндері мешітке көптеген адамдар жиналады, осы тұста мешіттер әлеуметтік ынтымақтастық пен жақындасудың орны болып табылады. Құдай алдында барлық адам бірдей.

Дәстүр бойынша, міндетті намаздарды өздеріне бөлінген уақыттың аясында орындалғаны жөн, бірақ белгілі бір себептерге байланысты оларды кейінге қалдыруға рұқсат етіледі. Яғни, оларды келесі намаздың уақыты басталғанға дейін орындауға болады, ал егер себепсіз өткізіп алу күнә деп саналады. Ал егер адам намаз уақытында ұйықтап қалса, онда оянғаннан кейін оны өтеу керек.

Исламда тек қана Аллаға құлшылық пен ғибадат етуге ғана арналған діни салт-ғұрыптар ғана тән емес, сонымен қатар ислам бүкіл дүниежүзіндегі мұсылман қауымды бір идея мен бір іс-әрекетпен біріктіруге бағытталған көптеген салт-дәстүрлерімен де ерекшеленеді. Ислам дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға әлеуметтік бақылау мен жоғары дәрежелі бауырластықтың негізі құралы ретінде ерекше мән береді.

Мұсылман өмірінде діни мерекелер маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі исламда екі мереке заңдастырылған. Шариғатқа сәйкес, негізгі мұсылман мейрамдары: Құрбан-Айт (құрбандық шалудың ұлы мерекесі), Ораза айт. Сондай-ақ, мәуліт (Мұхаммедтің туған күні), миғраж (Мұхаммедтің аспанға көтерілуі) аталып өтіледі. Жұма да мұсылмандар үшін мерекелік күн болып саналады. Ал христиандықтар үшін жексенбі күн айрықша күн саналады. Ислам дінінде күндердің төресі жұма болса, айлардың төресі рамазан айы болып табылады.

Ислам дінінде қасиетті Рамазан айында барлық мұсылман қауымның жаппай ауыз бекітуі ислам шарттарының бірі болып табылса, христиан дінінде бұл қағида маңызды емес, әрбір христиан ауыз бекіту жоралғысын өз еркінше жүзеге асырады. Христиан дінінде Ұлы ораза жеті аптаға созылып, белгілі бір тамақ түрлерін жеумен шектелсе, ислам дәстүрінде мұсылман таң қылаулап атқаннан күн ұясына батқанға дейін бір ай бойында нәр татпайды.

Әрбір христиан адам үшін тән оразасы тек амал ғана екенін есте сақтауы керек. Ал негізгі мақсаты – рухани азықтану, яғни Құдайға деген ризалық сезім, адамдарға деген мейірбандық, ой мен сезімнің тазалығы, ауызды жаман сөзден тыю. «Ұлы оразаның» мақсаты – адамның ойын тазалап, құдайға құлшылықты нығайту.

Сонымен, Ұлы Ораза (Пасха) – оразалардың ішіндегі ең ұзағы әрі христиан үшін ең маңызды ораза. Шіркеу тілінде оны Қасиетті Четыредесятница деп аталып, жеті аптаға жалғасады. Ұлы оразаның мәні – бұл тәндік және рухани зұлымдықтан бас тарту. Яғни, сабырлылық, төзімділік, шіркеу тілінде аскеза деп атайды. Адам өзін рухани тәрбиелеп, ерік-жігерін

нығайтып, игі істер жасауға тиіс. Ең қатаң шектеулер Ұлы Ораза мен Страстныйдың бірінші аптасында болады, яғни Пасха алдындағы соңғы аптада. Бұл православиелік канондар бойынша, бұл Құдайға құлшылық ету пен дұға оқуда ыжтахаттылықты талап ететін уақыт.

Жалпы, христиан дінінде ораза ең алдымен, жасаған күнәдан тазару үшін ұсталынады. Христиан діниндегі ораза түсінігінің осы жері Иуда діниндегі ораза түсінігіне ұқсас. Екі дінде де ораза пенделердің күнәсінен арылу үшін жасалынатын ғибадат саналады. Тауратқа қарағанда Інжілде ораза ұстауға көбірек маңыз берілген. Дегенмен, Христиан дінінде ораза тұту міндетті емес, әркім діни ережеге өз еркімен мойынсұнады [37]. Христиан діниндегі басты міндет адамның тәубесіне келіп, құдайдан өз күнәсін кешіруді сұрап ғидабат ету. Ал ораза айы адамның рухани әрі тән нәпсімен күресіп, шынайы кешірім сұрауына мүмкіндік береді. Ораза ұстау маңызы осы уақытта адам құдай туралы көбірек ойланып, көбірек дұға жасап, құлшылық жасауға, рухани өмірге жақынырақ болады.

Екінші, ерік-жігерді тәрбиелеу. Жалпы христиандардың ойынша, ораза ежелден келе жатқан қағида, адамға әу баста түскен парыз. Өйткені Адам Ата мен Хауа ана заманында Құдай олардан жұмақтағы барлық жемістерден дәм татуға, тек қана жақсылық пен жамандықты тану немесе білім ағашының ғана жемісін жеуге тыйым салған. Осы тыйым Құдайдан келген ең алғашқы ораза деп санайды. Ораза – Құдайдың талаптарын орындау. Яғни адам өзін тамақтан, дүнияуи қызықтардан бас тартып, өз төзімділігін, шыдамдылығын Құдай алдында дәлелдейді.

Үшінші – денені рухқа бағындыру. Ораза кезінде адам асқазанына емес, рухына бағынады. Оразаны ең алғаш ұстаған адам үшін өзін-өзі тәрбиелеу, құмарлықты тоқтату, нәпсіні тыю, олармен күресу өте қиынға соғады. Ал нағыз христиан Иисустың жауынгері. Ал жақсы жауынгер әрқашан әскери дайындықта болып, әрі өзін-өзі ұстай білу керек. Ораза ұстамаған адамдар ешқашан нағыз тамақтың дәмін сезе алмайды. Ауыз бекітпеген адам үшін мерекелік дастарханның да еш маңызы болмайды, ал ұзақ оразадан кейінгі жасалған қарапайым дастарханның өзі ауыз бекіткен адам үшін мереке болып саналады.

Ораза кезінде адам өзін кез-келген ашу-ызадан, жаман істерден қашық болуы керек. Ойын қажетсіз, бос пиғылдан, жағымсыз естеліктерден тазартып, тілін ғайбат сөз мен өсектен және т.б. сақтауы керек. Егер бұл шектеулерді ұстанбаса, ораза жай ғана диетаға ұстап қалатыны анық. Ауыз ашу (қарапайым тамақты жеу) мерекелік литургиядан кейін Пасха күні ғана болады. Ұлы Ораза әр жылдары Пасха мерекесі күніне байланысты әр түрлі күнге келеді.

Ораза күндері адамдар уақытының көп бөлігін Иисустың өлімі мен қайта тірілгенін еске алып, дұға оқып, Құдайға құлшылық етуге арнағаны абзал. Өйткені Иисус 40 тәулік бойы шөл далада жатып, нәр татпаған екен. Сондықтан Ұлы ораза христиандар үшін Құдайдың ұлы Иисустан мұраға қалған үлкен сый іспетті. Ұлы ораза тұту, оның шарттарын мүлтіксіз орындау құтқаруды, кешірімді іздеген адам үшін тапсырмас сыйлық [38].

Ұлы Ораза кезінде қатаң тыйым салынған және рұқсат етілген тамақтар.

1. Қатаң тыйым салынған тамақтар

Артық тамақтану

Ішімдік

Сүт және сүт өнімдері

Жұмыртқа мен балық еті

Сағыз бен шоколад.

2. Тек өсімдіктен жасалған тамақты қолдануға рұқсат етілген:

Жеміс-жидектер мен көкөністер + зелень (барлық тағамдарға, күн сайын және одан да көп)

Жарма және консервіленген көкөністер (бұршақ, жүгері)

Үрме бұршақ пен бұршақ

Әртүрлі тұздықтар / маринадтар

Кисельдер, компоттар және суға піскен ботқалар

Қара нан, кептірілген нан

Саңырауқұлақтар

Шай/кофе

Жаңғақ / шекілдеуік

Варенья мен джем, кептірілген жемістер

Бал және халва, сұлы печеньесі мен мармелад

Кокос сүті, күріш макароны

Аджика және үй кетчупы [39].

Литургия жүйелілігі – бұл таныстыру құпиясы (Причащение) жүзеге асатын кездегі ең басты шіркеулік құдайға құлшылық ету. Литургия – ортақ шіркеулік қызмет, онда барлық шоқынған христиандар мен храмға келушілер қатысады, олар тек көрермен ғана емес, дін қызметкерлерімен бірге құлшылық етеді. Ал шіркеу қызметіне алғаш келген адам пассивті көрермен болып, осы рәсімде өзін қалау ұстай керектігін үйренеді.

Литургия қызметі бірінен кейін бірі үздіксіз жалғасатын 3 кезеңнен тұрады: Жарияланғандар Литургиясы – храмға жиналғандарды дұға етуге және «қансыз құрбандық» жасауға дайындау. Бұл рәсімге шоқынған христиандар да қатысады. Жарияланғандар деген – шоқынуға дайындалып жатқандар мен тазару рәсімінен қалып қойған адамдар. Келесі адал литургия – бұл кезеңде «қансыз құрбандық» жасалады [40]. Христиан дінінде Көне өсиет заманында қозы, көгершін және т.б. жануарлардың қанымен құрбандық рәсімі жасалған. Одан кейін Иисус Крестте өз қанымен құрбандық шалған болатын. Сол құрбандықты еске алу ретінде шіркеу «қансыз құрбандық» шалады. Қасиетті Рухтың көмегімен нан пен шарап Иисустың денесі мен қанына айналады. Нан мен шарапты шоқынған адамдар қабылдайды. Рәсімнің соңы діншілдердің кресті сүюімен аяқталады. Сол уақыттан бастап, христиан дәстүрінде «қансыз құрбандық» ұғымы пайда болған еді. Ал ислам мәдениетінде құрбандық шалу рәсімі қатаң талаптарға аясында жүзеге асырылады. Исламда құрбандыққа тек ешкі, қой, сиыр және түйе малдары шалынуы керек және исламда «қансыз құрбандық» деген ұғым жоқ. Әрбір

мұсылман үшін әл-ауқатына қарай құрбандық шалу міндет емес, парыз саналады. Ал ислам діні үшін шарап харам болып саналғандықтан, оны құрбан шалудың бір элементі ретінде қабылдау мүмкін емес.

Рамазан ислам күнтізбесінің тоғызыншы айында келеді, ал оның ең маңызды рәсімі – бір ай бойында таң сәріден күн ұясына батқанға дейін ауыз бекіту. Ораза исламның бес парызының бірі болып табылады. Рамазан – бұл айлардың қайырлысы мен уақыттың қасиеттісі болып саналады. Өйткені бұл айда Жаратқан Мұхаммед пайғамбарға yahи мен адамзатқа арналған нұсқаулықты жіберген. Сондықтан мұсылмандар бір ай бойы Құран оқып, өз өмірін қасиетті кітаптың нұсқаулықтарына сәйкестендіруге тырысады. Бұл айда мұсылман адам үшін ең керемет, қасиетті әрі тылсымға толы Қадыр түні болады.

Жоғарыдағы айтылғандарды саралай келе қорытындыласақ, христиан дінін ұстанған адам да, ислам дінін ұстанған діндар үшін ораза ұстаудың мағынасы, адам тән құмарлығына шектеу қоя отырып, рухын күшейтіп, барлық күш-қуатын Құдайға жұмсау. Ол Алла үйіне барып, дұға етеді, ішкі өмірін, әрбір қадамын, қимыл-әрекетін мұқият қадағалайды, керексіз заттар мен қажетсіз, мән-мағынасыз бос жүрістерді қысқартып, игі, жақсы істермен айналысады. Адам нәпсісін тыйып, өз қағидаттарына сәйкес өмір сүре бастайды. Егер біз өз өмірімізді осындай қасиеттері күндері ретке келтіріп, қажетсіз, бос іс-әрекеттерден арылсақ, осы кезге дейін уақыт таппай жүрген басқа да өзімізге қажетті, тиімді істерге алтын уақытымызды бөлеріміз анық. Жалпы ораза айы, мейлі христиандық Ұлы Ораза болса, мұсылмандық Рамазан айы болсын – адам үшін өмірге қайта машықтану әдісі. Рухани толық адам, ол әлбетте бақытты адам. Қазіргі кезде адамдардың көптеген жан, тән ауруларына көптеп ұшырауы, өзінің бұл өмірдегі орынын таппай, рухани жұтап, сенімін жоғалтқандар. Сондықтан осындай діни мерекелердің барысында біз өз өмірімізді, тәніміз мен жанымызды, рухымызды емдеп жазарымыз сөзсіз.

Мұсылмандар үшін ерекше саналатын күн және де бес парыздың бірі Меккедегі қажылықтың аяқталуымен байланысты Құрбан айт мерекесі аталып өтіледі. Ислам шарттарына сәйкес, әрбір адам өмірінде бір рет қажылық жасауы керек. Құрбан айт қасиетті Рамазан айынан біткеннен соң 70 күннен кейін тойланады. Құрбан айт басталғанға дейін бір жарым ай бойы мұсылмандардың Меккедегі қасиетті орындарға қажылық жасауы қабылданған. Машақаты мен бейнеті мол бұл ауыр жол адамның діни және рухани даму деңгейін көтеруге көмектеседі. Құрбан айт – қайырымдылық пен мейірімділікті, адамдарға деген сүйіспеншілік пен бауырмалдықты дәріптейтін қажылық парыздың ең жоғарғы шегі болып табылады.

Мерекенің басты рәсімі мен Құдайға адалдықтың белгісі ретінде құрбандық шалынады. Бұл дәстүр тек Құраннан ғана емес, Библиядан да белгілі. Христиандық Киелі жазуларда Ибраһим ұлы Исмаил құрбандыққа шалу қажеттігі туралы айтылатын эпизод бар. Мұсылман мәдениетінде осыған ұқсас сюжеттің негізгі тұлғасы Ибраһим пайғамбар.

Құрбан айтқа адам алдын-ала он күн бұрын дайындалады. Айттың алдындағы түнін тақуа намаз оқуға арнайды. Осы кездері оқылған намаз бен сұралған дұға-тілектер қайтарылмайды деген ұғым бар. Құрбан айт таңертең ертемен басталады. Мұсылман толық дене дәретін алып, таза киімін киіп, жамағатпен бірге мешітте ғибадат етеді. Онда құран оқылып, имамның уағызын тыңдайды, онда құрбандық шалу салтының мәні мен шығу тегі түсіндіріледі.

Құрбандыққа шалынған малдың алғашқы қан тамшысымен сол адамның барлық күнәлар кешіріледі деп саналады. Сонымен қатар, құрбан шалу рәсімі көптеген нақтылықтар мен ережелерді талап етеді. Олар құрбандыққа шалынатын малдың түр-түсі, жасы мен сапасына қатысты ережелер.

Мұсылмандар құрбанды үш күндік мерекеде шалуға болады. Малды сойып болғаннан кейін, оның етінен мерекелік тағамға дайындалады. Әдетте етті үш бөлікке бөледі. Бір бөлігі кедейлерге және мұқтаж адамдарға таратылады, екіншісі туыстарына, ал үшінші сойылған мал иесінің үйінде қалады. Құран құрдандыққа шалынған малдың еті мен терісін ақшаға сатуға немесе төлем ретінде қолдануға тыйым салады. Құрбан айт күндерінде мұсылмандар жұмыс істемейді, туыстарына және достарына қонаққа барады, қайтыс болған туысқандарын естеріне алып, құран бағыштайды, қайыр-садақа береді, мұсылман бауырлар бірін-бірі қасиетті мерекемен құттықтайды. Әрбір мұсылман адамның кез-келген ізгі іс-әрекеті мен жақсылығы дұға арқылы және Жаратқаннан күнәларын кешіруін сұрау арқылы. іске асуы керек.

Діндар адам құрбандыққа шалынған малының көмегімен, «қылдан жіңішке, қылыштан өткір, жалыннан да ыстық» Синар көпірінен өтіп, жұмаққа апаратын жолды еңсере алады. Егер мұсылман құрбандық шалудан жалтарған болса, Синар көпірінен өте алмай, тозаққа түседі деген ежелгі аңыз-әңгіме бар.

Сондай-ақ христиан дініндегі «Исаның керілуі адамзаттың күнәларын өтеді. Иса өз өлімімен өлімді жойып, әлемге ғажап ақиқатты әкелді, яғни адам Құдай тәріздес өлімнің бұғауынан құтылып, арман еткен мәңгі өмірге қол жеткізеді. Сол себептен Қайта тірілу – христиандық күнтізбедегі ең маңызды мереке болып табылады. Адамдар бір біріне «Иса қайта тірілді» – «Шынымен де, қайта тірілді» деп айтады және олардың жүректері адамзаттың ең зұлымды жауы өлімді жеңу шаттығына толады» [24] деп, бабасы Адамның күнәсі үшін бүткіл адамзат әлемі туғаннан күнәһар саналып, Исаның көмегімен күнәсінен арылған деген алып келеді. Ал исламда «Біреудің күнәсін біреу көтермейді» [41], яғни, әкенің кінәсін баласы көтермейді, нәресте бұл дүниеге күнәдан сәф таза күйінде туылады. Сондай-ақ христиан дінінде Иисус, апостолдар бейнесі бұрын шіркеу тарапынан тыйым салынған болса, кейіннен рұқсат етілген, ал исламда жалпы адам, аң бейнесін бейнелеуге тыйым салынған.

Сондай-ақ христиан дінінің дәстүрлері діни мерекелерінде де көрініс табады. Біз христиан дінінің ең басты мерекесі болып саналатын Пасха мейрамын мысалға алып отырмыз. «Пасха, христиан діні бойынша, Христостың қайта тірілуінің нұрлы мейрамы (орыс. Светлое Христово

Воскресение) – христиан дінінің ежелгі әрі ең маңызды мейрамы» [42], Христостың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады.

Иисустың қайта тірілуі немесе Пасха христиандықтар үшін мерекелердің мерекесі. Пасха жексенбі күні тойланады, сондықтан белгілі бір нақтыланған күн жоқ, жылжымалы болып келеді. Сондықтан Пасха мерекесіне дөп келетін күнге бірнеше христиан мейрамдары тәуелді. Сонымен қатар бұл мерекеге Ұлы Ораза күні де тәуелді, өйткені Иисустың қайта тірілу күніне христиандардың дайындығы Пасхаға дейін жеті апта бұрын басталады.

Пасханың шығу тегіне келер болсақ, бұл мейрам христиандықтарға яһуди халқынан келген мереке. Өйткені Иисустің қайта тірілуі яһудилердің басты мерекесі – Песак мерекесіне тұспа-тұс келген. Бұрындары кейбір христиан қауымы Пасханы яһудилермен бірге тойласа, кейбірі яһудилердің мейрамдарынан кейінгі жексенбі күні атап өткен. Өйткені Иисус Песак күні креске шегеленіп, сенбі күннің ертеңгі таңында қайта тірілген, яғни жексенбі күннің таңы. Пасханы тойлау дәстүрінің әртүрлілігі уақыт өте жергілікті шіркеулерде байқала бастап, нәтижесінде батыс және шығыс христиан қауымдарының арасында «пасхалық дау» туындады. Ал бұл дау Шіркеудің біртұтастығына нұқсан келтіре бастады. Нәтижесінде, барлық епископтар жиналып, Сенім символын қабылдады және Пасха мерекесіне байланысты екі ережеге қабылданды:

1) Пасханы бірінші көктемгі күн мен түн теңелгеннен кейін атап өту (яғни ай толғаннан кейінгі бірінші жексенбі)

2) Пасханы яһудилерге бірге тойламау.

Осы кезден бастап Пасха жергілікті шіркеулерде бір күнде тойлана бастады. Егер жексенбі яһудилік Песак мерекесіне дөп келсе, онда христиандар мерекені келесі жексенбіге ауыстырады.

Бұл Иисустың қайта тірілуі немесе Пасха мерекесі табиғаттың жануарымен бейнеленеді. Яғни, күн мен түннің теңелуі, алғашқы көктемгі күн сәулелері, айналаның барлығы көк шөпке оранып, айналаға жан біткен кезең. Әдетте Пасха 22 наурыз бен 25 сәуір аралығында өтеді.

Пасха мерекесінде шіркеуде Пасха литургиясы рәсімі жасалады. Православ шіркеулерінде құдайға құлшылық бір күн бұрын басталып түні бойы жалғасады. Діншілдердің көбісі таңертең ең басты рәсім – Қасиетті Литургияға қатысуға тырысады. Бұрындары осы күні шоқындыру ғұрпы өткізілген болатын. Бұл күні христиандар Иисус бейнеленген куличи пісіріп, оны мерекеге дейін алдын ала шіркеуге апарып қасиеттендіреді (освящать). Сонымен қатар, түрлі-түсті жұмыртқалар дайындалады. Осы жұмыртқаны бояу туралы, аңызға тоқтала кетсек, христиан дінін дәріптеуші Мария Магдалена мен бірнеше айел адамдар жексенбі күні Иисусты жерлеген үңгірге келеді. Алайда үңгірде Иисустың денесін емес, Періштені көреді. Ол Марияға Иисустың қайта тірілгенін айтады. Қатты қуанған Мария бұл керемет жаңалықты императордың өзіне жеткізуге асығады. Ол уақытта рим императорына сыйлықсыз кіру тыйым салынғандықтан, ол өзімен бірге жұмыртқа алып кіреді. Иисустың қайта тірілгенін естіген император оны мазақ

етіп күліп, Марияның қолындағы жұмыртқа қызыл болғанда ғана сенетін айтады. Сол сәтте-ақ Марияның қолындағы жұмыртқа қан қызыл түскен енген. Осыдан кейін Пасха мерекесінде жұмыртқаны әртүрлі түскен бояу дәстүрі жалғасқан.

Иисус Христостың қайта тірілуіне деген шынайы сенім – бұл барлық Христиан ілімінің тірегі. Осы сенім арқылы адам өзінің де құтқарылатынына сенуі және үміттенуі мүмкін. Яғни «Христостың өлімді жеңуі – бұл тек рухани шындық қана емес, сонымен қатар денелік шындық. Иисус шынымен денесімен барлық адамдардың құтқарылуы үшін өлімнен тірілді. Оның өлімнен тірілуімен өлім қайтарымсыз бетке айналды, және Христосқа сенгендерге мәңгі өмірге туылуға, аспанға Құдай Патшалығына ашылған есік болды» [43].

Сонымен қатар осы мерекеге байланысты бірнеше ырым-жорамалдар бар. Егер таңғы пасхалық рәсім уақытында ит шығысқа қарап үрсе – өрт, батысқа қарап үрсе – ауыртпашылық көп болады. Пасхада аспан ашық, күн жарқырап тұрса – жақсы өнім мен жайлы жаз болады. Қасиетті апта жаңбырлы әрі найзағайлы болса – өнім, егін көп болады. Пасханың бірінші күні жаңбыр немесе қолайсыз күн райы – көктемнің жаңбырлы болатынын білдіреді. Егер екінші күні ауа райы ашық болса – жаз жаңбырлы, егер бұлыңғыр болған жағдайда – қуаңшылық болады.

Пасха дәстүріндегі тәрбие – махаббат, кешірім мен шыдамдылық, сонымен қатар, өзі үшін және басқалар үшін жауапкершілік парызы. Сүйе білу, талап ету және кешірім жасай білу қабілеті бұл шынайы отбасылық қатынасқа және азаматтыққа қажетті сапа. Осы тұрғыда діни мерекелер мен діни жөн-жоралғылар адамның жеке бас қасиеттерін тәрбиелеуге, қоғамдағы орнын айшықтауға үлесі зор.

Сонымен қатар, ислам дінінде ораза айт, құрбан айт деп аталатын мұсылман үшін екі қасиетті мейрам бар. Ораза айт отыз күндік созылған ораза айынан кейін шәууал айының 1-3 күндері өтеді. Ораза айт мерекесі мешітте айт намазын оқумен басталады. Христиан және ислам дәстүріне ортақ пітір садақа беру осы айт мерекесіне дейін беріп тастаған абзал. Ал Құрбан айт мерекесіне ораза айт мерекесінен кейін жетпіс күннен кейін басталып, ол да үш күнге созылады. Құрбан айт мерекесі үлкен қажылыққа бару кезінің аяқталуымен сәйкес келеді. Пасха мерекесі тек қана жексенбі күні тойланса, Ораза айт, Құрбан айт мерекелері белгілі бір апта күніне тәуелді емес. Жалпы қос діни дәстүрдің діни мерекелері арасында ұқсастықтары болмаса, айырмашылықтар аса сезіледі қоймайды.

Христиандық та, ислам да монотеистік діндер. Екеуі де біздің айналамыздағы бүкіл әлем Құдайдың жаратылысы деп айтады. Мұсылмандар мен христиандардың адамгершілік-моральға деген көзқарастарында ешқандай айырмашылық жоқ. Сондықтан ислам дінінде христиандар мен яһудилерге қатысты «кітап иелері» ұғымы бар: яғни, мұсылмандар христиандар мен яһудилерге ортақ заңды ұстанады. Мұсылмандар әу бастан-ақ иудаизм мен

христиандық исламның нұсқалары деп санайды, яғни бір дәстүр және бұл үш діннің тамыры, негізі бірдей.

Әрине, өте ұқсас діни сенімдер сияқты, ислам және христиан діндері үнемі пікірталасқа ие, өйткені біршама ұсақ айырмашылықтар бар. Негізгі айырмашылық христиандар мен мұсылмандар құтқарылу ұғымын әртүрлі түсінеді. Христиан дінінде Иисусқа табыну, Құдай-адам, Құдай Ұлы туралы түсініктер қалыптасқан болатын. Сондай-ақ, Құран да, Библияда да, Адам ата мен Хауа ананың күнәлары да сипатталған. Алайда, бұл фактіге христиан дінінің Қасиетті кітабында адамзаттың күнәға батқан кезеңі деп ерекшелесе, Құранда аса қасіретті адамзатқа жасалған қиянат деп саналмаған. Исламда Адам Ата тәубасына келіп, кешірілді, оның күнәһарлығы жойылып, күнә да жоғалды. Осылайша, әрбір адам Адам Ата сияқты таңдау алдында тұрады, яғни өзі келешекте күнәһар бола ма, әлде тәубасына келіп, күнәларын жоя ма өз еркінде. Адам мен Хауа кезінде болған оқиғалар христиан дінінде адамзаттың күнәға батқан кезеңі деп аталса, мұсылмандар үшін азамат тарапына жасалған жойқын қасірет деп санамайды. Сонымен осы тараушада діни дәстүрлерге салыстырмалы және тарихи-мәдени әдістерді қолдана отырып, сараптама жасасақ, екі діндегі діни дәстүрлер, діни мерекелер мен діни салт-жоралғыларда ұқсастықтар көптеп кездеседі. Олай болуы да шарт, өйткені бұл екі дінде қарама-қарсы сенім емес, сабақтастық жолмен пайда болған, бірін-бірін толықтыратын дін. Келесі тарауша ислам мәдениетіндегі білім беру мен тәрбиеге сипаттама беріп, олардың ислам дәстүріндегі алар орны мен маңыздылығына ашуға тырысамыз.

1.3 Ислам мәдениетіндегі дәстүрдің білім беру және тәрбиелік сипаттары

Білім мен тәрбие адам баласының ажырамас бөлігі болып саналады. Әлеуметтік-мәдени қоғамның жарқын болашағы бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Әрбір ұлт қоғамның тұрақтылығын нығайтуға және болашағын келер ұрпаққа бағыштау үшін, алдымен саналы, рухани сауатты әрі тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуі қажет. Сондықтан әлемдік дәстүрлі діндерде тәрбие мен білім беруге мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Ал ислам дініндегі білім беру мен тәрбиелеу дәстүрі қандай, олар ислам дәстүрінде қалай көрініс табады, міне, осы мәселе біз осы тараушаның өзегі болмақ.

«Ислам мәдениетіндегі білім беру мен тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты бағдар. Нақты мақсаттары, жан-жақты ережелері, құқықтық, экономикалық және саяси жүйесі бар діни-құқықтық мектепте білім берудің арнайы жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан. Яғни, көпшілік арасында ерекше моралдық-тәрбиелік және қоғамдық-саяси жобаларды жүзеге асыруды көздейтін рухани-идеялық мектеп, әлбетте, әсер ету объектісі ретінде алдымен жеке тұлғаны немесе адамды ғана қарастырады.

Ықпал ету нысаны қоғам болса да, тәрбиелеу және білім беру жобалары жекелеген топтың өкілдері арқылы іске асуы тиіс. Сондықтан әрбір адам берілген міндеттерді жүзеге асыруға қабілетті болуы үшін білімді әрі тәрбиелі

болуы керек. Жеке тұлға нысан ретінде анықталғасын білім беру мен тәрбиелеу мәселесін моральдық-рухани тұрғыда қалыптастыру міндетті шарт болып табылады» [44, 123 б.].

Ислам діні қоғамды және сол қоғамдағы индивидтің орнын жоққа шығармайды. Яғни, ислам іліміне сай жеке тұлға бар екенін ақиқат, сондықтан оның дамып, қалыптасуы үшін рухани-тәрбиелік жоба болуы да қажет. Егер бұл жобалар қоғамды қалыптастырудың негізі, бастауы ретінде санасақ, одан адамды дамытуға, адам арқылы қоғамды дамытуға бағытталған құрамдас элементтерін ажыратуға болады. Демек, әрбір жеке тұлға қоғам өкілі ретінде жалпыға бірдей білім беру жүйесінде тәрбиеленуі керек және осы әлеуметтік құрылымның нысаны болып саналады.

«Тәрбиелеу – бұл жеке тұлғаны әлеуметтік, өркениеттік және өндірістік қызметке дайындау үшін, оның рухани және тұлғалық қалыптасуына жүйелі әрі мақсатты әсер етуші үдеріс. Алайда тәрбиелеу жеке дара үдеріс емес, ол білім беру арқылы тұлға қалыптастырумен ұштаса жүреді, өйткені аталған үдерістер біртұтас кемелденген тұлға сомдауға мақсатталған. Тәрбие беру бағытында сезімі, ерік-жігері, көңіл-күйі, құндылықтары және ақыл-ой қабілеттеріне тікелей әсер ететінін белгілі бір компоненттерді анықтау өте қиын. Сонымен қатар, тәрбиелеу мен тұлғаны қалыптастыру үдерістерінде айырмашылықтар бар екенін де атап өткен жөн. Егер білім берумен салыстыратын болсақ, онда басты мақсат адамның танымдық үдерістерін, оның қабілеттерін, ақпараттың игерілуіне баулу болса, ал тәрбие берудегі мақсат – адамның жеке тұлға болып дамуы, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы және оған көзқарасының қалыптасуы» [44, 123 б.].

Сондай-ақ, «Білім қоғамдағы үйлесім мен мәдениеттің пайда болуының қажетті шарты болып табылады» [45]. Білім – бұл әлеуметтік мекеме, қоғамның әлеуметтік құрылымдарының бірі. Білімнің мазмұны қоғамның жай-күйін, бір қалыптан екінші қалыпқа өтуін көрсетеді. Білім берудің дамуы мен жұмыс істеуі қоғамның барлық факторлары мен жағдайлары: экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және басқа да жаңлармен байланысты. Сонымен бірге, білім берудің мақсаты – жеке тұлғаның қоғамда көрсетілетін талаптарға сәйкес білім беру мен мәдениеттегі орыны. Білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде маңызды міндеттердің бірі – жас ұрпақтың санасына халықтың ұлттық құндылықтарын енгізу.

Мұсылмандық этиканың мақсаты – парасатты, көркем мінезді адамды тәрбиелеу. Ислами тәрбие беру мәселесі ретінде адамдарды оқып-үйрету және ақпараттандыруға мән бере ме, адамның интеллектуалды біліміне және т.б. назар аудара ма? деген сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен, исламдық білім беру мен тәрбиелеу қағидаттарымен танысу керек.

Ислам педагогикасы тұрғысынан исламның адамгершілік көзқарастарына келетін болсақ, олар үлгілі, өнегелі, көркем мінезді адамның жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: ислам дініндегі білімді, өнегелі, тәрбиелі яғни көркем мінезді адамның үлгісі қандай? Міне осы сұрақтың жауабы зерттеудің өзегін құрайды.

Дәстүрлі исламдық білім беру тұжырымдамасын зерттеу барысында, оның негізгі түсініктерімен танысу қажет. Мұнда даналықтан бастау алған білімге негізделген өзін-өзі тәрбиелеуден туындайтын көркем мінезді білдіретін – адаб (әдеп) ұғымы басты рөл атқарады.

Адаб – білім берудің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар оқушының білімін, көзқарастарын және іс-әрекеттерін өзекті ететін танымдық әдіс екені анық. Діни ұғымда «Адаб (араб. أدب) – шариғат нормалары бойынша белгіленген мінез-құлық, оның ішінде жақсы әдеттер мен сыпайылық, адалдық пен адамгершілік» [46]. Көптеген мұсылман елдерде «адаб» сөзімен адамның адамгершілік жағдайы мен жақсы мінез-құлқын сипаттайды. Қазақ тілінде парасатты, әдепті деген мағынаны білдіреді. Парасатты адам – бұл өнегелі, ізгілікті, тәрбиелі және білімді, Құдайға сенетін адам.

Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда «Әдеп (араб.: أدبадаб) – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы» [47] деп анықталады. Ендеше, адаб – көркем мінездің ғана емес, сонымен қатар даналықтың да көрінісі. Демек, білім – әдепті (адаб) меңгеру дегенді білдіреді. Яғни ақылдың (білімнің), жанның (сезімнің) және дененің (дағдылар мен қабілеттердің) тұтастығын адаб деп атаймыз.

«Адаб ұғымы даналық арқылы алынған білім, білімге деген ұмтылысты мақсатты жариялау, этикалық, моральдық құндылықтар мен ізгілікке негізделген жанның ішкі және сыртқы белсенділігі және шығу төркіні діннен туындайтын ақиқатты көрсететін тәрбие мен білім алу және білім беру деген кең ауқымды мағыналарды білдіреді. Сонымен, адаб – тән, ақыл-ой мен жанның тәртібі; яғни, табиғи, ақыл-ой және рухани қабілеттерін ескере отырып, адам өзінің шынайы орнын ұғыну мен түсінуіне кепілдік беретін тәрбие» [44, 136 б.].

Исламдық білімге негізделген қағидалар Орта ғасырдан бастап дамыды. Мұсылмандық білім беру үлгісі негізінен Құранға, хадистерге, сондай-ақ, мұсылман ойшылдары Әбу Әли ибн-Сина, Насыруддин Туси, Ибн-Рушд әл-Ғазали және т.б. ғылыми және теориялық еңбектеріне сүйенген. Исламда адам тәрбиесінде негізгі бастауы – Құран және сүннет.

Білімге құштарлық әрбір мұсылман үшін парыз. «Жастықта жиған білімің – қарттыққа жұмсар мүлігің» дегендей білімді болу әлеуметтік жағдайыңнан гөрі интеллектуалды байлық жоғары бағаланған. Исламда білім алудың төрт тәсілі бар: ислам дәстүрлерін меңгеру, талап, логикалық ойлау арқылы түсіну, энциклопедиялық білім. «Халифат аумағында жақсы дамыған білім беру және мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жүйесі құрылған, оның негізгі міндеті – энциклопедиялық білімі бар адамды тәрбиелеу еді. Білім мен әрекеттің өзара байланысы, яғни өмірде білімнің негізінде әрекет жасай алу қабілеті араб-мұсылман мәдениетінде адам мен қоғамның қадір-қасиетін саралайтын ақиқи өлшемге айналды» [47, 15 б.] деп білім, сезім мен әрекет арасындағы өзарақатынас білім беру мен тәрбиелеу арқылы қамтамасыз етілуі тиіс деген.

Адам табиғатынан Құдай алдындағы міндеттеріне адал, саналы, адамгершілік пен парасаттылыққа және осыларға қарама-қайшы зұлымдыққа бейім келетін екі сипатқа ие. Әл-Фараби адам бойындағы осы сипат туралы былай дейді: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттеріміздің абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [48, 128 б.]. Бұл анықтамадан біз мынаны түсінеміз, егер адамның саналы қыры өз бойындағы жаман сезімдерін ауыздықтап, оны бағындыра алса, онда адам өзінің жаман сезімдерін және саналы (зерделі) бастауын тиісті орнына қоя білгенін көрсетеді. Осылайша, адам өз «Менін» қалыптастырып, өзіне қатысты әдеб танытып, өмірде өз орынын табады.

«Ислам педагогикалық жүйесінде басшылыққа алынатын қағида – білім беру арқылы парасатты тұлғаны қалыптастыру. Ал тұлғаның дамуында білімнің алар орны өзгеше. Білім беру ұғымы өте күрделі және көп қырлы: оқыту нәтижесінде алынған білім, дағдылар мен машықтар, сонымен қатар сыни ойлау қабілеті, адамгершілік тұрғыдан қалыптасқан барлық нәрселерді бағалау, қарым-қатынас жасау ғана емес, басқалармен жақсы қарым-қатынас орнату және т.б. қамтиды» [49, 289 б.].

Сонымен қатар білім беру оқыту мен тәрбиелеуді және адамның психикалық, физикалық параметрлерін өзгертуді қамтиды. Исламдық білім беру Аллаға құлшылық етуге қажетті білім, дағдылар мен қабілеттерді белгілі бір деңгейге жеткізуді, сондай-ақ логикалық ойлауды (абстракция, нақтылау, салыстыру, талдау, жалпылау, салыстыру) жеке тұлға ретінде дамуға негізделген білім мен дағдыларды, сөйлеудің дамуын (сөздік қор, көркемдік, айқындық және ойдың дәлдігі) көздейді.

Исламда білім берудің мақсаты ғасырлар бойы жинақталған даналық, мәдениет пен салт-дәстүр, сондай-ақ көркем мінезді (адаб) атадан балаға мұралап, жалғастыру. Мұндағы негізгі іргетас өзіндік тәртіп, яғни шынайы сенімді түсінуге және нығайтуға ықпал ететін өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге талпыну.

Жалпы «...ислам діні ең бірінші кезекте білім алуға, сауаттылыққа шақыруымен ерекшеленеді. Сондай-ақ ол ақылға, жақсы ниетке, қоғамдық әлеуметтік әділеттікке, сонымен қатар адамдардың құқығы мен құрметіне ерекше көңіл бөледі. Өзге дін өкілдеріне құрметпен қарауға үндейді. Қасиетті Құран аяттары мұсылмандарды бірлік пен ынтымаққа шақыра отырып, ата-анаға мейірімді болуға, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге, өзара бөлінбеуге үгіттейді. Осы айтылған мәселелер, қазіргі кездегі қоғамдағы рухани тәрбиені қалыптастыруда ерекше рөл атқарып, азаматтардың тұлғалығын шыңдайтын негізгі құндылықтар болып саналады. Осы құндылықтар негізінде

қалыптасқан ерекшеліктер азаматтардың өмірлік бағдарын анықтайтындығы белгілі» [28, 88 б.].

Мұсылман өркениетінде «білім» ұғымы үнемі құрылымды қалыптастырушы ретінде танылған. Орта ғасырлық исламдағы осы тұжырымдаманы талдауға американдық шығыстанушы Франц Роузентал арнайы монография дайындап, оны «Білім салтанаты» деген еңбегінде: «исламда білім тұжырымдамасы басқа өркениеттерде теңдесі жоқ маңыздылыққа ие болды» [50, 127 б.] деп, мұсылмандық білім беру мен тәрбиесіндегі маңызды элемент білім екендігін анықтаған.

«Білім философиясы» исламда ежелден бері маңызды рөлге ие болғанына қарамастан, «білім» («илм») ұғымы жаңаны іздеу ретінде емес, білім жинаудың механикалық процесі ретінде түсіндірілді. Білімнің жемісі мәңгілік және өзгермейтін болып саналды; оларды тек жинап алу керек, сондықтан танымның зерттеу функциясы басты мақсат болып саналмады.

Ал дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесінде жады бірінші кезекте дамытылды, ол Құранның, хадистер (Мұхаммед пайғамбардың өмірі жайлы әңгімелер), қасиетті мәтіндердің түсініктемелері және т.б. жаттап алу негізінде іске асырылды. Нәтижесінде бастауыш мектеп оқушылары Құранды жатқа оқып, ал мешіт шәкірттері ұстаздардың түсініктемелерін жаттаған. Нәтижесінде, көптеген ғалымдар феноменальды есте сақтау қасиетіне ие болған.

Қытай ойшылы Конфуций «Білімнің бастауы үнсіздік, сосын тыңдау, одан кейін есте сақтау, әрі қарай білімді жүзеге асыру, соңында білімді тарату» дей келе: «Білімсізбен біліміңді бөліс, өзің білмейтінді білетіннен үйрен, егер сен үнемі осылай жасасаң, білмейтін нәрсені біліп, үйренгеніңді мықтап есте сақтайсың» [45, с. 171] деп білім алуда жадының алар орын айтып кеткен.

Исламда адамға білім беру тек ислам құндылықтарын сусындау емес, білім беру арқылы адамды адамгершілік тұрғыда кемелдендіру, парасатты, ізгілікті адам тұлғасын қалыптастыру. Сондай-ақ білім беру белгілі бір ғылымды зерттеу, меңгеру үрдісі ретінде, білім беру үрдісінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Яғни исламды білім беру, тәрбиелеу арқылы парасатты, адамгершілік сипаттағы адамды қалыптастыру болса, білім мен тәрбие осы мақсатты жүзеге асырушы үрдіс.

Алайда білімге, білуге құштарлықтың барлығы исламда мақұлдана бермейді. Сүннетте Пайғамбардың мынадай сөзі бар: «білімнің төрт кемшілігі бар: білімімен мақтану, танымал ғалымдар алдында артықшылығын сезіну, надандармен сайыста білімін пайдалану, білімі арқылы жоғары шенді, беделді адамдардың ықыласына ие болу» [50, 122 б.], жалпы білімін өз құлқына, жеке бас пайдасына қолдану исламда мақұлданбайды.

Энциклопедист-ғалым, араби философиясының негізін қалаушылардың бірі Әбу Жүсіп әл-Кинди интеллекттің (ақылдың) төрт түрлі концепциясын ұсынды: өзекті, әлеуметті, жүре келе пайда болған және әрекетшіл. Ол ғылымды діннен жоғары қойып, «тәрбие беруде мұсылмандық фанатизмді емес, жоғары интеллектті қалыптастыру, дамыту керек» [51, 132 б.] деп

есептеген. Ал әл-Фарабидің пайымдауынша, тәрбие берудің мақсаты – саналы түрде қайырымды істер жасауға талпынуды қалыптастыру арқылы адамды ізгілікке шақыру. Ал білім – жақсылық пен жамандықты анықтайтын негіз. Әл-Фараби қолданбалы философия (этика) аясында «қатаң» және «жеңіл» деп бөлінген ізгілікке тәрбиелеудің әдістерін ұсынды. Егер тәрбиеленуші оқуға, жұмыс істеуге және қайырымды істер жасауға ұмтылса, соған сәйкес жеңіл әдісті қолданған жөн, ал егер ұстаздың тәрбиеленушісі ашуланшақ, бір беткей болса, жазаның «қатаң» түрін қолдану әбден орынды [53]. Егер тәрбиеші немесе ата-аналар балаға белгілі бір педагогикалық ұсыныстар бойынша тәрбие беретін болса, сонда ғана перзент бойына қажетті рухани құндылықтарды сіңіріп өседі. Ал мұғалім осы отбасылық тәрбие дәстүрін әрі қарай жалғастырушы.

Рухани құндылықтар қоғаммен бірге өзгереді, сонымен бірге бір тарихи кезеңнен екіншісіне ауысып, сәйкесінше, адам мен қоғамның өміріне белсенді ықпал етіп, мәдениеттің дамуын бейнелейді. Дін арқылы адамға отбасылық, күнделікті өмірде, қоғамда мінез-құлық белсенділігінің нормаларын анықтайтын қарым-қатынастарды реттейтін белгілі бір құндылық жүйесі беріледі. Діни мәтіндер білім беру мен тәрбиелеу компоненттерін қамтиды. Діни педагогикада тәрбиелеу мәселелері терең дамыған, олар ғасырлар бойы ұшталған, сондықтан қасиетті мәтіндерді ашық уағыздау күштеусіз, керісінше, ерекше бойсұнушылық сезіммен қабылданады.

Өзара әрекеттесу процесінде жеке тұлға басқа адамдарға қатысты рөлдердің толық кешенін орындайды және өзінің мінез-құлқының және әлеуметтік құндылықтарды бағалаудың критерийлері туралы әлеуметтік болжаммен басқа адамдармен кездеседі, яғни оның қоғам мен айналасындағы адамдардың мінез-құлқы нормативтік түрде реттеледі.

«Исламда жалпы танылған моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелері Құранда және сүннетте қалыптасқан. Оның ішінде біз діни мінез-құлық ережелері мен адам мінез-құлқының моральдық нормаларын ажырата аламыз, олардың кейбірі мұсылман құқығы нормаларының бастау көздері болып табылады. Дін адамдардың рухани өмірін реттейді, ар-ұждан, ұят, сүйіспеншілік, үміт, сенім сияқты рухани сезімдерге нақты бағдар беріп, лайықты діни дәлелдеме енгізеді. Адамдардың нақты неден ұялуға, неге сенуге және неден үміттену қажеттігін дін дәйектейді. Діни көзқарастардың маңыздылығын осы сезімдердің ынталанып, таралып және дамып, өмірлік тағылымдар мен нақты мағыналармен толықтырылып жатқанынан көруге болады. Қарым-қатынас тәрбиесі жеке тұлғаның даму үрдісі ретінде қоғамда адамның қалыпты жағдайда араласуына қажетті құрал. Тәрбие беру үздіксіз, ұзақ мерзімді үдеріс» [44, 130 б.].

Тәрбие адамның жеке басын қалыптастыру мен дамытуда жетекші рөл атқарады және де әлеуметтену үдерісін басқаруға арналған маңызды механизм болып табылады. Тәрбие берудің тиімділігі ата-аналарға, сонымен қатар баланың өскен ортасы мен сеніміне байланысты. Отбасы – кез келген қоғамның негізі, себебі ол баланың моральдық жағдайын дамытуға тірек

болады. Әрбір ислам отбасында тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Ислам ережелері бойынша баланы моральдық тұрғыдан тәрбиелеу ата-ананың басты міндеті болып саналады және бұл міндет анасына жүктеледі. Мұндағы басты мақсат баланы ислам заңдылықтары мен құндылықтарына сәйкес жетілу, өнегелі діни қауым құру, өмірлік және діни қажеттіліктерді қанағаттандыру сияқты Құранда көрсетілген ислам нормаларына сәйкес тәрбиелеу. Араб-мұсылман білім беру және тәрбиесінің негізін ғибратты оқулар мен араб әдеби дәстүрімен байланыстырады. Мұсылмандық тәрбие оқу мен араб әдеби дәстүрлерімен де байланысты. Діни білім саласында тәрбиемен алим, яғни ғалым айналысады.

«Ғалым (араб.: عالِم —*а́лим*) – сөзі арабтың *а́лим*: (дінді) оқыған, оқымысты адамдарына арнап қолданылатын сөзі» [54]. Ол белгілі бір білімі, мол тәжірибесі бар, Құранның барлық сүрелерін білетін оқымысты және тәрбиелі адам. Ал «қоғамның біршама белсенді бөлігін жетілдірумен айналысатын әдебиетшіні «адиб» деп аталған» [55]. «Әдебиет» ұғымы (арабша адаб) ислам термині – әдебиеттің ақыл-өсиет, насихаттылық жанрын атайды, сонымен қатар «тәрбие, тәрбиелік, сыпайылық, әдептілік, инабаттылық» деген ұғымдарды білдіреді. Әдебиетші (адиб) немесе жазушы да міндетті түрде тәрбиелі әрі білімді адам болуы керек. Араб-мұсылман әлемінде әдебиет ежелден аса маңызды тәрбиелік міндетке ие.

Әдебиетші (адиб) білімінің ғалым (алим) білімінен айырмашылығы неде? Екеуі де білімді, тәрбиелі адамдар. Белгілі араб энциклопедисті Йакут олардың арасындағы айырмашылықты: «Адиб пен алим арасындағы айырмашылық: адиб әрбір заттың ең жақсысын алып, одан бір бүтін құрайды, ал алим қандайда бір білім саласын зерттеп, сол салада үздік болуға талпынады» [56, 301 б.] деп ажыратса, әл-Ғазали өзінің еңбегінде: «Алим деп өз өмірін адамдарға шариғат ғылымдарын үйрету мен оларды насихаттауға және кітап құрастыруға арнаған адам. Ал адиб – өзі ғалым бола тұра, барлығын ысырып қойып Құдайға құлшылық ететін адам» [57, 61 б.] деген түсініктеме берген. Бұл екі түсініктемеден біз алим нақты бір ғылымды толықтай зерттеп, оны насихаттап әрі кітап жазумен айналысса, адиб адамды рухани, мәдени тәрбиелеуге талпынады. Яғни алим (ғалым) оқу-білімге шақырса, адиб (әдебиетші, жазушы) адамның рухани, адами сауаттылығын ашады. Екеуінің де мақсаты – білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Білім беру мен тәрбиелеу егіз ұғымдай, екеуі бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, олар бірін-бірі толықтырушы, бүтін бір мағына. Тәрбиесіз білім, білімсіз адам.

Шығыс ойшылы әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктермен өнерлерді дарыту деген сөз» [58, 115 б.] деп өз дәуірінде тәрбиелеу ұғымына анықтама берсе, қытай ғұламасы Конфуций «білім адамның өзі үшін қажет екенін және оның түпкі мақсаты өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу, дамыту қажеттілігін, сонымен қатар білім қоғамда үйлесім мен мәдениеттің пайда болуының қажетті шарты болып табылатындығын атап көрсетеді» [45, с. 173]. Тәрбие берудің мақсаты кез-келген адамның іс-әрекетінің мақсаты сияқты, тәрбие берудің барлық

жүйелерін, оның мазмұнын, әдістерін, қағидаттарын енгізудің бастапқы негізі болып табылады. Исламда адамды жоғары білікті адам ретінде тәрбиелеу, оның жеке бас қасиеттері мен талпыныстарын қолдана отырып, кемел адам бейнесіне барынша ұмтылу.

«Исламдық тәрбие беру жүйесі ұрпақтан ұрпаққа берілетін білімді, даналықты, мәдениетті, салт-дәстүрді жалғастыруды және көркем мінезді (адаб) қалыптастыруды мақсат етеді. Исламдағы тәрбиелілік отбасында, тұрмыста, қоғамда, туысқандар мен көршілер арасында жақсы қарым-қатынас және т.б. көрсетеді. Құранда және сүннетте айтылған адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары адамдар мен қоғамның игілігіне бағытталған. Адаб нәтижесінде ислам өркениетінің классикалық кезеңінде әлеуметтік және мәдени өмірде айрықша рөл атқаратын мұсылман интеллигенциясы пайда болған» [44, 127 б.].

Ғалымдар тәрбиелі адам жеке қасиеттер мен ерекшеліктерді қалыптастыратын сапалы тәрбиеден шығады деген пікір айтады. Тәрбиелілік қоғамдағы жүріс-тұрыс мәдениетін, мінез-құлықтың азаматтық себептерінен көрінеді. Белгілі ғалым Д.Лихачев мұндай мінез-құлықты «интеллигенттілік (зиялылық)» [59] деп атайды. Зиялылық тек білімділіктің емес, өзгені түсіне білудің көрінісі болып саналады. Зиялылықты тәрбиеліліктің синонимі деп те қарауға болады. Тәрбиелілікті адамның әлеуметтік ортада өзін-өзі ұстауынан, айналасына қарым-қатынасынан, мұқтаж адамдарға көмектесуінен, тіпті қоршаған ортаға деген қатынасынан байқауға болады.

Білімділікті зиялылықпен шатастыруға болмайды. Біз көп оқыған, білімді, бірнеше тілді жетік білетін адамды зиялы деп танимыз. Алайда қанша жерден білімді бола тұра, бірақ бойынан бір түйір тәрбиелілік табылмайтын адамдар жоқ емес, ал көп оқымаған, білім қумаған, көп тіл білмейтін қарапайым адамның бойынан, жан-дүниесінен зиялылық, тәрбиелілік табуға әбден болады.

Бұл тұста ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген нақыл сөз еске түседі. Бұл нені білдіреді? Яғни, тәрбиелілік тек көп оқып-білу, көріп-білуден ғана емес, өзінің ішкі сезімінен бастау алады. Яғни өзгенің жағдайын, оның жеке бас қасиеттері мен ерекшеліктерін түсініп, мұқтажға көмек қолын созып, зиянды әдеттерден ада болып, қоршаған ортаға қамқор, өз халқының тарихына, мәдениетіне, тіліне қатысты мәселелерге адамгершілік көзқарас танытатын адамды зиялы деп атауға болады.

Исламда адамгершілік-этикалық және зияткерлік тәрбие беру жүйесі екі негізгі бөліктен тұрады: этикалық, Құран мен сүннетте белгіленген және практикалық, күнделікті өмірдегі адамгершілік-этикалық мінез-құлықты басшылыққа алатын тәрбие. «Тәрбие ақылдылықты туындатады. Тәрбиесі жоқ адам кемшіліктерді жағымды деп түсінеді, ал тәрбиелі адам игіліктерді ғана жағымды деп түсінеді. Заң – игіліктерге апаратын жол, яғни, заң шығарушы тәрбиені нығайту ісіне күш салуы тиіс» [58, 142 б.] деп Әл-Фараби заң арқылы тәрбиені нығайту керектігін айтады.

Исламның этикалық ілімі мұсылманның әділ болуын, жақсылыққа жақсылықпен қайтаруға, жомарт болып, кедейлерге көмектесуді және т.б. бұйырады. Исламда этикаға байланысты рұқсат етілген және тыйым салынған заттар туралы тиімді заңдар жүйесі құрастырылған. Осылайша, өмірдің барлық проблемалары адамды өзімшіл құмарлық пен құштарлықтан құтқарып, жоғары рухани мықты қасиеттерге ие болатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін исламның рухани-нормалық елегінен өткізіледі.

Шығыс ойшылдарын адам мен оның тәрбиесі туралы ілімді зерттегенде, ең алдымен адам табиғатының мәнін түсінуге тырысқан. Адам тәрбиесінің мәні этикалық нормаларды сақтау, білім алуға ұмтылу, өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін игеру дағдыларын дамытады. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактат», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» және т.б. еңбектерінде адам мен оның тәрбиесі жайлы мәселелерді көтерген. Ол адам бойынан мейірімділік, ақылдылық, шыншылдық, батылдық сияқты ерекшеліктерді анықтап, бұл ерекшеліктер білім мен өзін-өзі тәрбиелеудің нәтижесі деп пайымдаған.

Шығыс ойшылы Әл-Ғазали тәрбие мен білім беру мәселесін терең зерттеген. Ол өзінің көп томдық «Діндегі ғылым сәулесі» [60] атты кітабында адамның қабілеттерін дұрыс тәрбиелеу және дамыту мақсатында әдепті қалыптастыру мәселесіне көп көңіл бөлген. Әл-Ғазали балаларды бақылау барысында, олардың ерте жастан бастап әдептілікке, үстелде өзін ұстауға, тұрмыста сабырлы және қарапайым болуға, физикалық жаттығулар жасап денесін шынықтыру керектігін атап көрсеткен.

Этнопедагог Г.Н. Волков: «Тәрбие халық қанша жыл ғасыр өмір сүрсе, сонша ғасыр жасайды, өйткені ол сол ұлтпен бірге туып, бірге өскен, сол ұлттың тарихы мен ең жақсы қасиеттерін бейнелейді» [61, с. 30] деп, тәрбиеге сипаттама береді. Яғни, жас ұрпақты тәрбиелеуде әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақталған баға жетпес тәжірибелері мен рухани байлығының көмегі зор. Адамгершілік, ізгіліктік, парасаттылық, азаматтылық тәрбиесінің түп тамыры тарихта, халықтың мәдениетінде. Егер оның мәдени-тарихи түрлері неғұрлым әртүрлі болса, адам мәдениетінің даму деңгейі соғұрлым жоғары.

Исламда мұсылмандар адамдармен қарым-қатынаста, іс жүзінде, сөз саптауында да парасатты болуы керек, ең маңызды әрбір затты дұрыс бағалай білуі тиіс. Бұндай даналық өз іс-әрекеттерінде ұстамды болуды білдіреді және «васатыйя» терминімен беріледі. «Васатыйя (арабша, орта тұс, ұстамдылық, теңестірілген) – ислам доктринасындағы сабырлылық пен орта тұстың (алтын орта) негізгі ережесі» [62]. Яғни бір қалыпты біреуден ілгері, біреуден кем емес өмір сүру тәсілі, шектен тыс нәрселерден және ысырапшылдықтан сақтану.

Бұл терминнің мағынасын әл-Фарабидің мына сөздері анықтап береді: «Бұл нәрселердің мөлшері не артықтығы, не кемдігі жағынан әрқашан да бірдей бола бермейтін болғандықтан, орташа әрекеттер де әрқашан бірдей бола бермейді... Біз ер жүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін бір шама батылдық жасау арқылы немесе

ұстамдылық көрсету арқылы жетуге болады дейміз. Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал, бұл – жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады» [49, 131 б.].

Исламда осы ережеге сүйене отырып, адамдар бір-біріне рақымшылық, сүйіспеншілік, мейірімділік көрсете білуі керек. Исламның діни ұстанымдары адам өміріне деген қамқорлығымен тығыз байланыста. Бұл ерекшелік ислам дінінің иілгіштігін білдіреді. Сондықтан әл-Фараби шектен шығып кетпеуге және «алтын ортаны» сақтауға, ал тәрбиеде жаман өнегені жоя алатын және жақсы өнегені тәрбиелейтін немесе сақтайтын әдістерге жүгінуге табанды түрде кеңес береді. Осындай қарым-қатынастардың негізінде адамдар тілдік, мәдени және діни, тіпті физикалық түрде өзгеше бола тұра, ортақ сенім мен ортақ пікірге ие болады. Әрине жеке тұлға өзін исламдық және көпконфессиялық қоғамның ажырамас бөлігі ретінде түсінген кезде, ол көп мәдениетті қоғаммен бірігуге дайын болады.

Адам денесін жаттықтырған секілді, тәрбиелілікті өз бойында дамытып, жаттықтыру қажет. Денені жаттықтыру, спортпен айналысу адамның жасын ұлғайтатыны белгілі, алайда ұзақ өмір сүру үшін рухани күшті де жаттықтыру қажет. Мысалы, айналаңа ашулы көзқараспен қарау, дөрекілік таныту және өзгелерді дұрыс түсінбеу, бұның барлығы рухани және адами әлсіздіктің белгісі саналады, ал ол адамның өмір сүруге қабілетсіздігін білдіреді. Рухани әлсіз адам физикалық тұрғыдан да әлсіз болады. Әл-Ғазали ойынша, рухани бастау парасатты ұстазға еліктеу мен өзін-өзі тәрбиелеу әдісімен қалыптасады. Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі танудан басталады. Өзгелердің қателіктерін байқай отырып, біз өз кемшіліктерімізді көре аламыз және олардан арылуға әрекет жасай бастаймыз. Ал моральдық кемшіліктерді жеңу үшін, шыдамдылық пен рухани күш-жігер қажет етеді.

Қорыта айтқанда, исламда адам оқу орындарында білім алу және тәрбие беру арқылы, сондай-ақ адамның өз бетінше білімін жетілдіріп, өзін-өзі тәрбиелеу барысында адамгершілік қасиеттер мен дағдыларды дамытудың арқасында білімділікке қол жеткізіледі, алайда бұл екі жағдайда да білім беру үрдісі үздіксіз, біртұтас, жүйелі түрде болуы тиіс, әрі бұл екі оқу үрдісі бір-бірін толықтыруы қажет. Бірде-бір жалпы білім беру мекемесі жеке тұлғаны тәрбиелеуде және дамытуда егер адамның қызығушылығы, ынтасы болмаса оның әрі қарай дамуын қамтамасыз ете алмайтыны белгілі.

Мұсылмандардың пікірінше, ислам діні адамды осындай рухани тоқыраудан қорғайды. Ислам қоғамында және мұсылман отбасыларында баланы сеніммен тәрбиелеу білім алу мен жетілуге ұмтылудың басты факторы болып табылады, онсыз иман және ислам жоқ.

Жоғарыда айтып өткендей, исламда білім беру үрдісі үздіксіз, біртұтас әрі жүйелі түрде болады. Отбасындағы тәрбиеден алынған білім негізінде, баланың діни нанымы, сенімі, моральдық және физикалық қасиеттері қалыптасады. Ал бұл ислам доктринасына сәйкес, білім беру мекемелерінің

қабырғаларында білім беруді ұтымды жүргізудің қажетті, тиімді негізі болып табылады. Шынайы ислам құндылықтары икемділік, ымыраға бейімділік, ұстамдылық, сабырлылық, тәуекелшілік, білім, әділеттілік пен құқық культы өз деңгейінде бағаланумен көрініс табады. Білім беру және тәрбие беру саласындағы ислам доктринасына сәйкес жалпы білім беру мекемелерінде білім алу үрдісі адамның жүйелі және өздігінше өзін-өзі тәрбиелеу қызметі тұрақты және үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге бағытталған жағдайда ғана тиімді.

2 ИСЛАМ ДӘСТҮРІ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1 Ислам канондары мен ислами дәстүрлерді тұжырымдамалау

Кез-келген дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес діндер діни сенімнің негізгі қағидаларынан құралған фундаменталды, өзгеріске түспейтін, өзгермейтін догматтар мен канондарға негізделген. Сол сияқты, ислам діні де «...діни сенім негіздерінен (ақида), негізгі принциптерден (усуль), салт-жоралардан (ибадат), міндеттемелер (уаджибат), тыйымдардан (мухаррамат) және моральдық кодекстерден (ахляк) тұратын дін» [63, 16 с.].

Жалпы кез-келген діндер кез-келген мәдениеттің бір бөлігіне айналып, сол мәдениетке қомақты әсер етіп, оны өзгертеді. Дінді мәдениеттен, мәдениетті діннен бөліп қарастыру мүмкін емес. Сол сияқты ислам өз тарихында араб, Орта Азия, Африка, Иран және т.б. елдерінің мәдениетіне үлкен әсерін тигізіп қана қоймай, мәдениеттің де қалыптастырды, дамытты. Әлбетте ислам діні мәдениет емес, бірақ оның мәдениетке әсері, оны өте маңызды мәдени құндылыққа айналдырды.

Ислам өзінің тарихи даму барысында көптеген ұлы империялардың бастамасы саналған. Саяси және әскери жүйе мен әлеуметтік және экономикалық ұйымдар, тіпті көркемдік және мәдени бөліктері де исламның күшті ықпалында болған. Белгілі бір мәдениетті дамытып, оны ілгерілету немесе оған ықпал ету құбылысын біз өркениет деп танимыз. Әрбір өркениеттің зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік, ұйымдастыру және экономикалық салаларда өзіне тән ерекшеліктерге ие. Осы тұрғыдан қарағанда, ислам өркениет болып табылады, жалпы маңызды құндылықтар мен ерекше қасиеттер әр түрлі мәдениетте барлық уақытта байқалады: мысалы, Омейяд билігі кезеңіндегі әлеуметтік, зияткерлік және шығармашылық өмірдің гүлденуі, сонымен қатар алтын дәуір саналған аббасидтер дәуіріндегі өркендеу, көне парсы жеріндегі сасанидтер дәуіріндегі шығармашылықтың жандануы, Африка, Азия, Еуропа мәдениетіндегі, тіпті қазақ жеріндегі өркениет.

Ибраһимдік діндердің соңғысы ислам діні VII ғасырдың басында Араб түбегіндегі Меккеде пайда болған. Ол кездері арабтар пұтқа және көпқұдайға табынатын еді. Алайда олардың арасында иудейлер мен христиандар да болды, олардың басым көпшілігі кейінірек Медина атанған Ясриб қаласында қоныстанған. Сонымен қатар «кейбір кішігірім араб тайпалары ибраһимдік дәстүрлі монотизмді мойындаған. Алайда олар иудаизмге де, христиандыққа да қатысты емес, өздерін хунафа деп атап, пұтқа табынушылықты жоққа шығарған» [63, 6 с.] кішігірім тайпалардың болғандығы мәлім. Ғалымдар ислам тарихын, араб философиясын зерттегенде, исламға дейінгі және исламнан кейінгі кезең деп екіге бөліп қарастырады. Арабияның исламға дейінгі тарихын «джәһилия кезеңі» деп атайды.

Джәһилия кезеңі ислам тарихының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Исламға дейінгі кезеңдері арабтар арасында иудаизм,

христиандық, пұтқа табынушылық және ханифизмді (яһуди және христиан діндерінен алынған, ұлттық және күрделі догматтарсыз, тек Жалғыз Алланы мойындайтын ежелгі Арабиядағы монотеистік ағым) ұстанушылар да өмір сүрген. Алайда, ең көп таралған сенім ретінде пұтқа табынушылық болатын. «Джәһилия (араб: надандық) арабтардың Исламға дейінгі кездегі қалпы. Мұхаммед пайғамбар келмей тұрып араб тайпалары әртүрлі пұттар мен құдайларға сиынып, көріпкел-басқыларға сенген кезі мұсылмандармен «надандық дәуірі» аталады» [64].

Бұл сенім ең алдымен бедуиндер мен семиттердің ең ежелгі және негізгі діні саналды. Негізі, әу бастан-ақ арабтар жалғыз Жаратқанды мойындап, бірақ та оның құдіретті күшінен сескеніп, құдаймен делдал арқылы тілдесу үшін әртүрлі пұттарды ойлап тапқан. Арабтардың пұтқа табынуы Мекке мен Қағбаның хузаа тайпасы билігіне өткен заманнан бастап, яғни үшінші ғасырда бастау алған деген деректер бар. Аңыздар бойынша, осы тайпа басшысы сауда жасау мақсатында Дамаск жеріне барып, Хубел атты пұт сатып алып, оны Меккеге алып келеді. Сосын оны Қағбаның алдына қойып, адамдарды осы пұтқа табынуға шақырады. Осылайша пұтқа табынушылық дәстүрі бастау алып, бүкіл араб түбегі тұрғындарының негізі дініне айналды. Осы кезеңнен бастап арабтардың әрбір тайпасының, тіпті әрбір отбасының өз пұттары да болды. Тас құдайлардың көптігі соншалықты олар Қағбаның алдын басып қалды, ислам діні пайда болғанда араб халқының жалпы саны 360 тан аса тас құдайлары болды.

Джәһилия дәуірінде арабтар үшін тас құдай мен храмның болуы бірінші кезекте тұрды. Әрбір екінші үйде тас құдай болуы және қағбада немесе оның алдына қою үйреншікті еді. Жалпылама ғибадат ету орындары да көптеген пұттарға толы болып және негізгі рәсім сол тас құдайларды айналып жүріп өту саналды. Ал көшпенді арабтар болса, тұрақтаған жерлерінде осы құдайлар үшін арнайы шатырлар арнаған. Ал негізгі храм ретінде Қағба саналды. Алайда арабтар көптеген пұтқа табынғанымен, аса құдіретті жаратушының бар екенін мойындап, оны Алла деп атаған. Олар Алладан күнделікті тіршілікке қажетті заттардың осы тас құдайлары арқылы сұраған. Аса қиын сәттерде Аллаға сыйынып, оның атынан көптеген уәделер беріп, тіпті астығының жартысын оған сыйлаған. Қауіп-қатер төнгенде, табиғи апаттар кезінде Аллаға сиынып, ал қауіп-қатер сейілгенде оның бар екенін ұмытып кететін. Сонымен қатар арабтар тас құдайларға да, Аллаға да бірдей құрбандық шалған. Мұның барлығы джәһилия дәуірінде арабтардың діни адасушылық пен күйзелісте болып, жалғыз Жаратқанға деген сенімдерінің шиеленіскен кезеңі болды деуге болады. Джәһилия арабтарының ең басты діни ғұрыптарының бірі – осы өмірдегі дүниеуи талаптарын қанағаттандыру еді, ол үшін храмда дұға тілеп, сәждеге бас ұрып, тауаф жасаған. Құрбандық шалынып, садақа берілген. Жалпы арабтар өлімнен кейінгі өмірге деген сенім болмаған, бірақ та олар өлген адамның қабіріне қажетті заттар мен азық-түлік те салған. Онымен қоймай бейіт басына қажетіне жарар деген оймен мінер атын да тастап кетіп отырған.

Негізі қажылық жасау дәстүрі Ибраһим пайғамбар заманынан келе жатқан дәстүр ретінде қарастырылады. Джәһилия дәуіріндегі арабтардың діни сенімінің негізгі басты орталығы Қағба саналды. Арабтар үшін қажылық кең таралған әрі реттелген рәсімдердің бірі. Қажылық кезінде тайпалар арасындағы кикілжіңдер тоқталып, кез келген қиянаттық іс-әрекеттерге жол берілмеген. Әрбір тайпалар қағбаны сағат тіліне қарсы айналып жүріп, сол жердегі пұттарға сиынып, дұғалық жасаған. Ораза тұтып, балаларын сүндетте отырғызған.

Осы замандағы отбасылық құндылықтарға келер болсақ, отбасында әйел адамның орны мүлдем жоқ деп деуге болады. Араб қоғамы үшін отбасындағы ұл баланың көп болуы байлыққа саналды. Олардың ойынша, ер адамның күші көп, шөл даладағы өмірге шыдамды, тайпааралық қақтығыстарда үлесі көп деп жоғары қойылса, әйел адамдар қоғам үшін тек қана масыл, аяққа шылғау саналды. Өмірге келген әрбір қыз бала сол отбасы үшін ұят, масқара саналып, оны тірідей көму дәстүрі белең алған еді. Өйткені әйел адамның отбасындағы орыны тек өмірге көп ер бала алып келуімен ғана мәртебесі көтерілген болатын. Әйел адам тек ер адамдарға қызмет етуші, ұрпағын өмірге алып келуші ретінде ғана қажет еді. Мұхамед пайғамбар ислам дінін тарату барысында ең алдымен пұтқа табынушылық сеніміне тыйым салып, әйел адамның қоғамдағы мәртебесін көтерген болатын. Осы жөнінде Д.Өмірзаққызы: «Арабтардың пұтқа табынушылығында салихалық болмады. Тастан, тақтайдан кейде кәдімгі халуадан бұт жасайтын. Қараңғылық дәуірдегі мұндай қылықтарын аз. Омар есіне алып былай деуші еді: «Жаһилият кезеңіндегі екі ісіміз есіме түссе, біреуіне қайғырып жылаймын, біреуіне күлемін. Жылайтыным – әйелдеріміз қыз туса, тыжырынып бейкүнә сәбилерді тірідей жерге көметінбіз. Күлетінім – пұтқа табынушы едік, пұттарды кейде ұннан, халуадан жасайтынбыз. Сапарға шықсақ, табынатын пұттарымызды бірге алып жүретінбіз. Жолда қарнымыз ашса, ұннан, халуадан жасалған пұттарымызды кесіп жейтін едік» [65, 19 б.] дейді.

Ал әлеуметтік құндылықтар отбасылық құндылықтарға әлдеқайда жақсы жағына қарай дамыған деуге болады. Джәһилия кезеңінің арабтары өз тайпасының мүшелері ретінде ұжымдық сезіммен өмір сүрді, шөл даладағы ауыр жағдайында тек арабтарға тән адамгершілік пен абырой ұғымын қалыптастырды. Бұл құндылықтар тайпа ішіндегі өзара көмек көрсетудің, өзарабайланысты, кең пейілділік, жомарттық пен адамгершілікті асқақтатты, соғыста батылдық пен төзімділікті күшейтуде үлкен рөл атқарды: кедейшілік кезінде кішіпейілділік пен қонақжайлылығын ұмытпауды, қоғам мен өз міндеттері алдындағы жауапкершілікті; басына іс түскенде төзімді болуды; кек алуда табандылықты және басты бәйгеге тігіп әрқашан және барлық жерде тек шындықтың сөзін сөйлеуші болды үйретті. Ең маңыздысы әлсізге жанашыр, күштіге қарсы тұра алу қасиеттері басты ұстаным болды.

Мұсылман ғалымдары мен тарихшылары ислам дінін таратушы Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы үш түрлі дереккөздерге сүйенген. Сол мәліметтер негізінде мұсылман дәстүрі қалыптасты. Бірінші дереккөз –

Жаратқанның аяттарынан құралған Құран, екінші – пайғамбарлық дәстүр немесе хадистер. Үшінші дереккөз пайғамбар туралы әртүрлі өмірбаяндардан құралған.

VII ғасырда құрайыш тайпасынан шыққан Мұхаммедке 40 жасында Алладан уаһи түсіп, араб түбегінін мекендеген араб еліне ислам дінін насихаттау бұйырған. Мұсылман қауымына 23 жыл бойында әр түрлі себептерге, қысылтаяң шақтарға байланысты түскен отырған аяндарды екі негізгі кезеңдерге бөліп қарастырады: «Ислам дінінің уағыздалуы екі кезеңнен тұрады: Мекке және Мәдина. 622 жылы мұсылмандар Меккеден Мәдина қаласына көшті. Хижри жыл санағының басталуына себеп болған бұл көш Ислам тарихында «хижрет» деп аталды» [66, 223 б.]. Меккелік кезең (610-622 жылдар) Мұхаммед пайғамбарға уаһи түскен уақыттан басталып хижретпен аяқталады. Бұл кезеңдерде түскен сүрелерде аса өзекті ғаламдық мәселелер қарастырылып және ерекше маңызды қағидалар орнатылған. Мәдина кезеңі жалпы мұсылмандық қауымның құрылуынан басталады. Осы кезеңдегі аян ислам заңнамасын, құқықты нақтылаудың, тұлғааралық және әлеуметтік қатынастар, іс, сауда жүргізу жайлы мәселелерді қарастырылуымен ерекшеленеді. Егер меккелік кезеңнің аянында сенімнің негізгі қағидалары қаланса, ал мәдиналық кезеңде мұсылман қауымының үнемі өзгеріп тұратын өмірлік жағдайларына байланысты оларды практика жүзінде қолдануға назар аударылған. Мәдиналық аянда негізінен мұсылмандар қауымы өмірінің әлеуметтік, мәдени жақтары қозғалған. Сонымен қатар, ереже-қағидалар біртіндеп енгізіліп, барлық өзгертулер, міндеттер мен тыйымдар азғантай уақыт ішінде белгіленбей және олар жалғыз әрі нақты іс-әрекет ретінде ұсынылмады.

«Исламда оған сену — парыз деп есептеледі. Құранда Аллаһқа иман етумен байланысты айтылған аяттарда ақырет күніне (араб.: يوم الآخر) иман ету де бірге айтылады. ... Парыз – анық, бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер» [67].

Ислам діні: «I. «Әшһаду ән лә иләһә иллАлла уа әшһәду әннә Мухаммәдән расулуллаһ» Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік беру». Куәлік сөзі. Бұл Ислам негіздерінің мағыналарын қамтиды. Куәліктен кейінгі Исламның басқа негіздерінің мағынасын түсіндіреді. Оның түсініктемесін мұсылманның өмірімен байланыстырады. Әрбір мұсылман осы негіздерге сай өмір сүру керектігін айтады.

II. Намаз оқу. Күніне бес рет намаз оқу – Исламның ең маңызды парыздарының бірі. Оны орындаған адамды Алла ұлы сыйға бөлейді. Намаз белгілі шарттарға сай орындалады. Ол фиқһтың ғылымхал кітаптарында түсіндірілген.

III. Зекет беру. Белгілі бар дәулеті бар кісілер дүниелерінен кедейлердің ақыларын беріп, байлардың жүректерін сараңдықтан тазартып, кедейлерге деген мейірімділікті ояту үшін беріледі. Бұл жайында да шариғат үкімдерінде түсіндірілген.

IV. Рамазан айында ораза ұстау. Ораза. Рамазан айында ораза тұту әрбір мұсылманға парыз. Ораза мұсылманның тақуалығын (Алладан қорқу) күшейтеді, әрі ол үшін Алла ұлы сый береді.

V. Шамасы келсе, қажылыққа бару. Өмірінде бір рет Меккедегі Алланың үйіне барып қажылық міндетін өтеу, шамасы келген әрбір мұсылманға парыз» [68, 12-15 б.] деген кез келген мұсылман жатқа білетін басты бес парызға негізделген.

«Ислам – қатаң монотеистік дін. Діни ілім мен рәсімдердің барлық құрамдас бөліктерінің бастауы болып табылатын негізгі қағидат таухид деп алады, ол Алланың бірегейлігі мен жалғыз екендігін білдіреді. Мұсылман болу үшін адам Алладан басқа өзге құдайдың жоқ екенін және Мухаммад оның елшісі екенін куәландырады. Сенім туралы куәліктің осы екі ұғымы «шахада» деп аталады...» [63, 29 с.]. Яғни, ислам дінінің негізгі дәстүрі, тірегі – Таухид.

«Таухид» деген сөз «бір болу», «жалғыз болу» деген мағынаны білдіреді. Мұсылмандық таным бойынша «таухид» термині құлшылық етуге жалғыз Алла Тағаланың лайықты екендігін әрі Оның ешбір серігі жоқ екендігін білдіреді. Ешбір жаратылыс Онымен теңдес бола алмайды, ісіне араласа алмайды, құдірет-күшіне, сипаттарына ортақтаса алмайды.

Таухид – діннің негізі, пайғамбарлар миссиясының ең басты мақсаты: Алла Тағала былай дейді: «Һәм (уа, Пайғамбар!) сенен бұрын қандай да бір елші жібермейік, оған Біз: «Менен басқа құдай жоқ. Маған ғана табыныңдар!» – деп уахи еттік» (Әнбия, 25) [69, 11-бет].

Ал «таухид» деген не? Бұл сөздің мағынасы ислам дінінен хабары бар адамға ғана түсінікті. Таухид ұғымы мұсылмандық сенімнің негізі болып табылады. Біз бұл тарауда ислам дініндегі таухид деген не? және оның исламдағы дәстүрлерде көрініс табуы туралы егжей-тегжей зерттейтін боламыз. «Таухид» сөз араб тілінен аударғанда «біркұдайлық» дегенді білдіреді, яғни монотеизм ұғымы. Таухид ұғымы исламдағы Алланың жалғыз екенін және оның бірлігін білдіретін негізгі басты догматтардың бірі. Бұл догмат исламның іргетасы болып саналады. Таухид ең алдымен политеизмды жоққа шығарады. Ол Алладан басқа құдайды жоқтығын түсіндіреді. «Таухид» сөзі «уаххад» деген етістіктен құралып, мынадай екі түрлі мағынаны білдіреді. Бірінші, «бір нәрсені біртұтас жасау», екінші «бір нәрсені жалғыз, дара түсіну» дегенді білдіреді. Таухид негіздерін түсіну үшін алдымен оған қатысты ұғымдарды қарастыру керек. Оның біріншісі «Алла». Бұл сөздің арабшадан аудармасы Құдай дегенді білдіреді. Бұл әлемнің біртұтас және жалғыз жаратушысы және Қиямет күнінің Иесі. Мұсылмандар адамдарға соңғы пайғамбар Мұхаммедті жіберген осы Алла деп пайымдайды. Шахада деп аталатын иман сенімінде қысқаша: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» делінген. Алла сөзі исламның барлық қасиетті кітаптарында жекеше түрде қолданылып, оның біртұтас әрі жалғыз екендігін білдіріп, көпқұдайлық сенімін жоққа шығарады. Алла абсолютті билік, күш пен құдіретке ие.

Таухидтің бастапқы мәнінің негізінде абсолютті әрекет етуші, яғни, Алланың жалғыздығы туралы түсінікте жатыр. «Таухид деген – Алла – жалғыз шынайы құдай, аспанда да, жерде одан басқа құдайлық сипатқа ие құдай жоқ. Сондықтан Алладан басқа нысанға табыну қате болып табылады» [70, 18 с.]. Құдайдың жалғыздығы – ислам дінінің және жалпы алғанда классикалық дәуірдегі араб-мұсылман мәдениетіне тән дүниетанымның іргетасы болып табылады, сондықтан орта ғасырларда көптеген ислам философтар таухид ұғымын жіктеген.

Осындай жіктеулердің бірі көрнекті ғалым ал-Ғазалиге тиесілі. Бірқұдайлық туралы ол өзінің «Діндегі ғылым сәулесі» атты еңбегінің «Тәуекелдік негіз бар Бірлікке сенімнің мәні туралы» баянында қарастырады. Жалпы бұл баянда ғалым Аллаға шексіз берілу мен сенім артуды білдіретін тәуекел туралы айтады. Алайда, тәуекелдің мағынасын түсіндіру барысында ол Бірқұдайлықтың төрт түрі туралы маңызды ілімді ашып береді. Тәуекел сенімнің құрамдас бөліктерінің бірі болып саналғандықтан, оны түсіну үшін ең алдымен сенімнің мән-мағынасын ұғыну керек. Ал сенімнің мән-мағынасы осы таухид. Әл-Ғазалидың ойынша, «Бірлікке сенім – бұл негізгі тірек» және де «бірқұдайлық – бұл ұшы-қиыры жоқ орасан зор теңіз» [57, 203 с.]. Әл-Ғазалидың ұсынып отырған жіктеуі таухидты түсінудің айырмашылығын, яғни шынайы сенімді көрсетеді. Әл-Ғазалидің ойынша, Бірлікке сенімнің төрт кезеңі бар. Олар: «Бірлікке сенімнің бірінші кезеңі – адамның өз аузымен «Алладан басқа құдай жоқ» деп айтқанымен, жүрегі оны сезбейді немесе оны мойындамайды ...бұл – екіжүзділер сенімі» [57, 204 с.]. Бұл кезеңде адам шахаданы айтып, мұсылман атанады. Алайда, оның болмысы жалған немесе өтірік мұсылман күйінде қалады. Бірқұдайлықтың бұл түрін Ғазали: «...пайдасыз, өте зиянды және кінәмшіл» деп санайды. «Екінші кезең – барлық мұсылмандар сенген сияқты, жүрегімен айқанына шынайы сену. Бұл қарапайым сенушілер кезеңі». Бұл кезеңде адам шахаданы айтып және сол айтылған сөздің мағынасына шынайы сенім білдіреді. Бұл адамның жүрегі, бір жағынан, сенімсіздік пен күнә, екінші жағынан, тікелей Алланы тануға жабық. Адамның жүрегі күнәдан ада, таза болғанымен, алайда оны күпірлік бұзуы мүмкін. Одан тек калам ілімін игеру арқылы сақтануға болады. Ғазалидың ойынша мұсылмандардың басым көпшілігі осы кезеңде болады. Бұндай сенім пайдалы, өйткені ол адамның о дүниеге сапарында қажет. «Үшінші кезең – адам оны Алланың нұры арқылы таным жолымен оны көреді. Бұл Аллаға жақындаған пенделер кезеңі» [57, 204 с.]. Бұл кезеңдегі адамдар кез-келген іс-әрекеттерден тек Жалғыз Алланы және оның құдіретті күшін көреді. Ол кейбір қарапайым мұсылмандар мен мутакаллимдар кезеңі. Олардың таза бірқұдайлықтан айыршалықтары ...басқаны бақылау мен көпшілікке назар араласқан. Бұл таухидтың өзегі, өйткені сонда тәуекел негізделеді. Әл-Ғазали, тәуекелдің түп-төркіні – тек жалғыз абсолюттік әрекет етуші Алланың бар екенін мойындаудан құралады. «Егер ол саған ашылса, сен одан басқа ешнәрсені байқамайсың. Сен ондан қорқасың, сен оған аман қалу үмітінде жүгінесің, сен оған сенесің және оған үміт артасың». Бұл кезеңде адам

басқаларды көзіне ілмей, өзін толықтай Аллаға тапсырады. Соңғы, «төртінші кезең – Жалғыздан басқа ешкімді көрмеу. Олар шыншылдардың айқын көруі». Бұндай адам «көп болғандықтан ештеңе көрмейді емес, өйткені ол Жалғыз». Бұл Ғазалидың пайымдауынша, ешбір кітаптың беттерінде баяндалмайтын құпия, яғни (Наука откровения) Аян ғылымының кульминациясы. Неге біз ол туралы кітап беттерінен оқи алмаймыз, өйткені «құдайлық үстемдіктің құпиясын ашып көрсетудің өзі дінсіздік» [57, 206 с.] дейді. Сопылық ағым бұл кезеңді хақиқат, яғни ақиқатқа жету деп атайды. Сонымен қатар, әл-Ғазали: «зат бір жағынан көріп-тану барысында көп болуы мүмкін, ал екінші жағынан қарап танып-білсек, ол жалғыз, біртұтас болып көрінеді» [57, 207 с.] деген. Ал бұл жаңылтпашты ол былайша тартатып береді. Егер адамның жан-дүниесіне, дене бітіміне, іш-құрылыстарына үңілсек, ол әрине көп болып табылады, алайда, ол бір адам. Адамдар бір-біріне қарағанда, олар оның іш-құрылысындағы немесе оның басқада жан-дүниесіне баса назар аударып ойланбайды ғой, адам екінші адам үшін жалғыз, бір адам болып көрінеді. Сондай-ақ Алла тағалаға сенім, таухид іліміне де солай. Алла біреу, оны әркім өзінше танып-біліп, өзінше көреді. «Бір түсінікте ол жалғыз, екіншісінде көп, ал енді біреуінде ол көбірек, басқанда азырақ». Яғни адамзат Алланың жалғыздығын өзінше көріп, өзінше сезінеді. Исламда бастысы Алланың жалғыз, біреу екеніндігіне сенім.

«Таухид – тиынның екі беті сияқты. Бір жағы – жалғыз Жаратушы Алланы, екінші беті – адамдардың барлығы бірдей немесе әрбір адам бір-біріне бауыр болып табылатынын білдіреді» [70, 87 р.]. Бұндағы адамзаттың бірлігі мен бауырластығы осы Жаратқанның бірлігінен бастау алады. Ал малазиялық қоғамдық қайраткер, саясаттанушы Чандра Музаффардың ойынша, таухид, Алланың жалғыз екендігіне сенім мен қоғамның діни, саяси, әлеуметтік, экономикалық және биологиялық қызметі тұрғысынан бүкіл адамзатты біріктіретін дүниетаным кемінде бес маңызды нанымнан тұрады. Бірінші, адамзаттың ортақ рухани шығу тегіне, миссиясы (міндеті) мен тағдырына сенім. Екінші, өмір мен өлімнің, осы өмір мен болашақтың, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның, ерлер мен әйелдердің, материалдық және руханилықтың, имманент пен трансцендент арасында органикалық бірліктің бар екеніне сенім. Үшінші, Құдай адамның қамқоршы әрі билеушісі екеніне сенім. Төртіншіден, бүкіл адамзатқа пайдалы болатын әмбебап моралдық құндылықтар мен ұстанымдардың барлығына сенім. Соңғысы, адам жекеше әрі ұжымдық деңгейде де толыққанды өмір салтын тәрбиелеу мен қалыптастыруға көмектесетін әртүрлі құқықтар мен міндеттер, қарым-қатынастарға қабілетті екендігіне сенім [72, 178 р.]. Осылайша, таухид тек Жаратқанның жалғыз екендігін ғана білдіріп қоймай, сондай-ақ адамзат пен Жаратқанның, адам мен оның бауырларының, адам мен қоғамның арасындағы бірегей қарым-қатынасты да анықтайды. Яғни таухид дегеніміз тек Алланың жалғыз екендігіне сенім ғана емес, сонымен бірге Құдай мен адамзат және әлем арасындағы тығыз қатым-қатынас. Бұл үш ұғым ислами тұрғыдан қарағанда бір-бірінен ажырғысыз.

Жалғыз Аллаға деген сенім тек шахаданы айтумен ғана шектеліп қалмайды, яғни тек ойшаға ғана аллаға сену емес, мұсылманның күнделікті өмір салтындағы ұстанымы. «Бірақ Құдайға және игі істерге сенім – тек адамның кез-келген діндегі (!) сенімі. Бұл екі қағида – сенім және жақсылық жасау – өзгермейді және абсолютті. Қалғанның бәрі салыстырмалы және өзгеруге жатады» [73] деп белгілі ресейлік, тегі сириялық исламтанушы ғалым Тауфик Ибрагим адам Жаратушысына игі істер мен жақсылығы арқылы қол жеткізге, басқа дүниеуи заттарды, іс-әрекеттерді өзгертуге болатынын көрсетті.

Американдық мәдени антрополог Талал Асад: «Шын мәнінде, ол ізбасарларына белгілі бір тәжірибенің дұрыс формалары мен мақсаттарын үйретуге бағытталған дискурстардан тұрады, олар нақты қалыптасқан, сондықтан өзіндік тарихы бар. Бұл дискурстар тұжырымдамалық түрде өткенімен (тәжірибе қашан пайда болды және оның мәні мен дұрыс орындалуы туралы білім қайдан шығады) болашағы (тәжірибенің мәнін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада қалай қорғауға болады немесе оны неге өзгерту немесе алып тастау керек?) қазіргі уақыт (ол басқа тәжірибелермен, институттармен және әлеуметтік жағдайлармен қалай байланысты) арқылы байланысты. Исламдық дискурсивтік дәстүр – бұл исламның өткен және болашақ тұжырымдамаларымен қазіргі исламдағы нақты исламдық тәжірибелерге сілтеме жасайтын мұсылмандық дискурстың дәстүрі. Әлбетте, мұсылмандардың барлық сөздері мен істері исламдық дискурсивті дәстүрге жатпайды. Исламдық дәстүрдің өзі бұл мағынада бұрын жасалған нәрсеге еліктей бермейді» [74, 55-56 с.] деп, исламның өткені мен болашағының қазіргі уақытпен тығыз байланысты сұхбатта екенін жеткізеді.

Жалпы, ислам діннің, мәдениеттің және қоғамдық-саяси құрылымның бөлінбейтін бірлігін, адам өмірінің барлық деңгейлерін, олардың біртұтастығын қамтитын жалпы жүйені білдіреді. «Біз ешқашан дәстүрдің рөлін төмендетпеуіміз керек. Дәстүрдің өзі жақсы нәрсе. Бұл сіз салған және сіз тұратын үй сияқты. Алайда, ерте ме, кеш пе, оған күрделі жөндеу жүргізу қажет болатын уақыт келеді. Міне, мәселе осыдан туындайды. Үй дәстүрге адал болып саналса да, үй құлап қалса да, ескірген тұрғын үй қалпында қалғысы келеді» [75]. Ислам дінінің шынайы бейнесі жалпыадамзаттық құндылықтарды орындауды талап ететін шариғат заңдары мен адамгершіліктің диалектикалық бірлігінде көрініс табады. Олар адамгершілік пен адам игілігі үшін бағытталса, ислам халықтар арасындағы өзаратүсініcтікке, мейірімділікке, әр түрлі халықтың салт-дәстүрлерін төзімділікпен қарауға шақырады.

2.2 Кейбір ислам қоғамдарындағы діни-мәдени дәстүрлердің қалыптасуы

XXI ғасырдағы жаһандану процестері араб елдерінің саяси жүйелерінің құрылымдық қайта құрылуын тудырады. Бүгінгі таңда араб елдерінің көпшілігі дамудың өтпелі, индустриалды сипатына ие. Қазіргі кезде

дүниежүзінде 900 миллионнан астам мұсылман бар деген болжам бар. Олардың көбісі шамамен 120 миллионы араб әлемінде тұрады екен. Алайда басым көпшілігі Иран, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Индонезия, Малайзия, Қытай, бұрынғы Кеңес Одағы, Чад, Судан және т.б. сияқты елдерде тұрады. Ал Америка Құрама Штаттарда орта есеппен 3 миллион мұсылман өмір сүреді.

Әлемнің үш монотеистік діні – иудаизм, христиан және ислам Таяу Шығыс деп аталатын шағын аймақта пайда болып, дамыған. Ибраһим Месопотамиядағы Ур қаласында (Ирак), Палестинада Исаның туылуына дейін шамамен 1900 жыл бұрын дүниеге келген. Мұхаммед 570 жылы Меккеде (Сауд Арабиясы) туылса, Мұса Мысырда өмір сүрді, Иса да балалық шағын осы елде өткізген, ал Мұхаммед Араб түбегін дерлік аралап шыққан.

Таяу Шығыс Африка мен Кіші Азияны қамтиды. Солтүстіктен Түркиядан Туниске дейін Жерорта теңізімен шектеседі. Оңтүстік-шығысында Араб түбегін қоршап тұрған Үнді мұхиты, ал шығысында Иран мен Түркия тауларымен шектелесе, батысында Египеттің Сахара шөлі. Бұл аумақтарды семиттер, хаммиттер, арийлер және үнді-еуропалықтар сияқты нәсілдер мекендеген болатын.

Таяу Шығыс – барлық ежелгі өркениеттердің алтын бесігі. Өркениеттердің ең ежелгісі египеттік, ол бес мыңжылдықты құрады. Біздің дәуірімізге дейінгі төртінші мыңжылдықта Тигр мен Евфраттың бойында (Түркия, Сирия, Ирак) ұлы өркениеттер пайда болды. Ніл өзені бойында орналасқан Египет өркениеті негізінен дербес болды; Тигр мен Евфраттың тұрғындары басқа өркениеттермен жиі байланыста болды. Олар әртүрлі мәдениеттер мен халықтармен байланыс орнату нәтижесінде ауық-ауық өзгеріп отырды. Осы ежелгі өркениеттердің ішіндегі ең маңыздылары деп шумерлік, месопотамия, вавилондық, ассириялық, арамейлік өркениеттерді айтуға болады. Олардың халықтары аккад, арамей және т.т. бірнеше тілдерде сөйлеген.

Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда гректер, одан кейін римдіктер осы аймақтарды жаулап алып өзі биліктерін жүргізген болатын. Содан кейін, б.з.д. VII-XVIII ғасырларда арабтар Еуропа мен Азияда өз өкілеттіктерін кеңейте бастады. Олардың жаулап алу үрдісінің әр түрлі ұлттардың араласып және құндылықтармен алмасу нәтижесінде байланысқа түскен мәдениеттерді одан әрі байыта түсті. Араб ислам мәдениетінің өнер мен ғылымдағы байлығы және Жерорта теңізі мен Кіші Азияда, сондай-ақ Еуропада және Азия мен Африканың кейбір бөліктерінде араб ислам мәдениетінің таралуы оны қазіргі өркениеттің негізіне айналдырды.

Өнер мен ғылымдағы араб ислам мәдениетінің байлығы және араб ислам мәдениетінің Жерорта теңізі барлық алабы мен Кіші Азияда, сонымен қатар Еуропа және Азия мен Африканың кейбір бөліктерінде таралуы, оны қазіргі өркениеттің бір бөлігі ретінде танытты.

Араб-мұсылман әлемі өзінің сан ғасырлық тарихы мен мәдениетімен көптеген факторлардың өзара әрекеттесуінің күрделі әрі көп жағдайда үйлестірілмеген діни, саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық

жүйелерімен қанықкан. Араб әлемі дамуының әр түрлі модельдерінің бірмәнсізділігі мен қарама-қайшылықтары соңғы жылдарғы зерттеулерде көрсетіліп жүр. Секуляристік үрдістер, Батыс идеялары мен құндылықтарының Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерінің қоғамдық өміріне енуі дәстүрлі ұғымдардың ықпалының күшеюімен, мемлекеттердегі діни-саяси оппозиция қызметінің белсенділігінің артуымен ұштасады. Белгілі бір саяси көзқарастардың үстемдік ету мүмкіндігі көбінесе «үшінші әлем» елдерінің осы санатына сыртқы әсерлерінің жиынтығымен ғана емес, мемлекетішілік микроклиматпен де, сонымен бірге мұсылман дінінің бұрынғыша күшті әсерімен де анықталады.

Зайырлы даму жолын жақтаушылары да, ислам фундаменталистері де, тіпті Парсы шығанағы мұнай монархиясының саяси көшбасшылары да діни канондардың қазіргі таңда сағат сайын өзгеріп тұратын ішкі және әлемдік жағдайға байланысты ыңғайланып, бейімдеу қажеттігін талап ету барысында исламға жүгінеді. Ислам ұрандары биліктегі күштерді де, заңсыз негізде жиі әрекет ететін оппозициялық қозғалыстардың өкілдерін де қолданады деп санауға болады. Әлеуметтік және саяси өмірдің түрлі салаларын исламдандыру, діннің араб және басқа да мұсылман елдерінің саяси мәдениетінің ерекшеліктерімен өзара байланысы алдыңғы даму кезеңдерінде де, соңғы онжылдықтарда да белсенді көрініс тапқан.

Араб елдерінің әлеуметтік дамуындағы исламның рөлін анықтау қазіргі жағдайда маңыздылығын жоғалтпайтын кең ауқымды мәселе болып саналады. Ал бұл мәселеге сәл басқаша көзқарас ретінде мұсылман мемлекеттеріндегі дін мен саяси мәдениеттің өзара байланысын қарастыру, осы уақытқа дейін таралмаған. Исламның мәнін, оның араб әлемі дамуының түрлі аспектілерін қалыптастырудағы рөлін түсінбейінше, араб елдері эволюциясының қазіргі кезеңінің мазмұнын шынайы қабылдау мүмкін емес. Қазіргі дәуірге тән мәдениетаралық ынтымақтастықты жандандыру жағдайында осындай қабылдау мен түсінудің орындылығы айтарлықтай айқын көрінеді.

«Араб әлемінде «халықтық ислам» кең таралған, оның саясатпен байланысы әлдеқайда аз. Көбінесе олар қала орталықтарынан тыс жерлерде орын алған. «Халықтық исламға» тек ислам өсиеттері ғана емес, сонымен қатар исламға дейінгі және жергілікті мәдениеттердің архаикалық элементтерін де қамиды. Яғни, діни емес дәстүрден бастау алған қағиданы бойына сіңіріп, діни догма мен дәстүрлерге деген қарым-қатынасты сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа дәйекті түрде ауысуына белсенді ықпал ететін исламның түрі» [76].

Ислам барлық араб мемлекеттеріндегі абсолютті монархия, конституциялық монархия, республика және т. б. сияқты басқару жүйесі немесе саяси құрылым түріне қарамастан әлеуметтік-саяси жүйенің маңызды элементі болып табылады. Діннің өзіндік орны саяси жүйенің объективті ерекшеліктерімен де, субъективті факторлармен де байланысты. Сауд Арабиясы мен Иран исламды абсолюттей отырып, оны идеология мен саяси басқарудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде пайдаланса, Біріккен Араб

Әмірлігі мен Египет исламды ішкі саясаттың негізгі өзегіне айналдырмай, дінге қатысты қалыпты көзқарастарды ұстанып, дәстүрлерге құрметпен қарайды.

Қазіргі таңда Араб әлемінде соның ішінде, БАӘ, Сауд Арабиясы, Египет және Иран елдерінде осы заманға сай немесе заман талабына сәйкес экономикалық, әлеуметтік, саяси, діни реформалардың жүргізіліп жатқаны белгілі. Бұл жерде әр мемлекеттің өзіндік ұстанымы, өзіндік бағыты бар, мысалы, Сауд Арабиясы, тек қана мұнай державасы болып қалмауы үшін амалсыздан деуге болады, саяси көзқарастан, Еуропа мен АҚШ-тың жақсы қарым-қатынаста болуы үшін елде біршама өзгерістер жасап жатқаны рас.

Замарянов С.В. өзінің «Ислам в политической культуре и общественной жизни арабских стран» атты диссертациялық жұмысында шығыс қоғамдарын трансформациялау мәселесіне схемалық тұрғыдан қарай отырып, жаңғырту процесінде мынадай негізгі өзара байланысты аспектілерді бөліп көрсеткен:

«- экономикалық;

- саяси;

- діни;

- идеологиялық;

- әлеуметтік-дәстүрлі.

Көрсетілген бағыттарда салынған әлеует олардың әрқайсысында «дәстүрлі – заманауи» санаттарына қатысты олардың біреуінің үстемдігіне бағдарланумен бірдей сипатталады» [76]. Табысты жаңғырту мүмкіндіктері көбінесе оның негізгі аспектілерінің мазмұнын шынайы бағалауға байланысты.

Шығыстық араб елдері мен жалпы әлеміне тән қағидатты жайт ол аймақтың саяси мәдениетінің дамуына исламның елеулі ықпал етуі болып табылады. Бұл жағдай жаппай діни көзқарастардың әсерінен пайда болды және белең алған әлеуметтік-психологиялық және моральдық-этикалық идеялардың сақталуымен байланысты емес.

Араб қоғамында әлі күнге өзектілігін жоймаған әрі араб мемлекеттерінің негізі жанды жері, осы күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселе – араб қоғамындағы әйел адамның орны, гендерлік саясат екені анық. Осы гендерлік мәселені шешу жолында араб мемлекеттері арасынан БАӘ көш бастап тұратынына күмән жоқ. Бұл елде бақыт министрі, төзімділік министрлігі деген басқа елерде кездеспейтін министрліктер де құрылған. Мысалы, бақыт министрлігінің министрі әйел адам, ол БАӘ халқының қаншылықты бақытты өмір сүруде және халықтың әл-ауқатын әрі қарай қалай жақсарту керектігі туралы мәселелерді қарастырады. Қазіргі Қазақстанда, жалпы қазақ елінің тарихында гендерлік мәселе орын алмаған. Мемлекеттік басқару мекемелерде, үкімет басында, сондай-ақ кез-келген коммерциялық және коммерциялық емес жұмыс орындарында гендерлік саясат сақталған.

БАӘ-де авторитарлық басқару жүйесінің тұрақтылығы мен тиянақтылығы, ең алдымен, халықтың саяси белсенділігінің төмендігі, билік құрылымдарына деген адалдығының жоғары деңгейімен, ғасырлар бойғы

сақталып келе жатқан басқару саясатының өзгерістеріне қорқақтай қарауы, шариғат заңдарының уақытылы сақталуы елдегі реформалар мен жаңашылдықтарға біраз кедергі болғаны рас.

Алайда БАӘ-нің саяси жүйесі соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшырады, бұған өмір салтын жаңарту қажеттілігі және халықтың мемлекетті басқарудағы рөлін арттыру қажеттілігі себеп болды. БАӘ заңнамалық базасы ағылшын жалпы құқығы мен Египет құқықтық дәстүрлерінің ықпалдауымен және исламдық құқықтық қағидаттарға негізделген. БАӘ Конституциясының 7-бабында исламның әмірліктің ресми дін екендігі айтылған. Ислам шариғаты Біріккен Араб Әмірліктеріндегі заңнаманың негізгі көзі. Ислам діні араб қоғамында сақтандырушы рөл атқарып, батыстық құндылықтардың енуіне кедергі келтіреді. Монархия - конституциялық немесе абсолютті, сондай-ақ республика - араб елдеріндегі саяси жүйелердің негізгі формалары. Алайда, барлық жүйелерде дін негіз болып табылады. Араб аймағының саяси тұрақсыздығына қарамастан, өзгерістердің қажеттілігін түсіну және авторитарлық режимді реформалау жолында белгілі бір қадамдар жүзеге асырылуда.

БАӘ-де демократияландырудың алғашқы қадамдары жүзеге асырылды. Федералды Ұлттық Кеңеске сайлау өткізу, сайлау коллегиясын кеңейту, әйелдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және оларға сайлауда дауыс беру құқығы, сонымен қатар Федералды Ұлттық кеңеске сайлану құқығы сияқты кішігірім өзгерістер бола бастады. Консервативті қоғамдағы сайлауда әйелдердің саяси қатысуы мен жеңісі БАӘ әйелінің жеткен жетістіктерін көрсетеді. Сондай-ақ, Парламент сайлауындағы әйелдердің жеңісі елдің демократиялық қоғамдық даму жолында алға жылжуын растайды.

Әйелдердің саяси және әлеуметтік өмірдегі рөлін жандандыруға ұмтылу федерацияның қазіргі дамуының тән сипатының бірі болып табылады. Федерация президенті шейх Халифа бен Зайд әл Нахайан әйелдердің Федералды Ұлттық Кеңестің құрамына кіруін және олардың қызметінің тиімділігін бірнеше рет атап өтті.

БАӘ вице-президенті, премьер-министр және Дубай билеушісі, шейх Мұхаммед бен Рашид Аль еліндегі әйелдердің құқығын қорғауға бел байлап, БАӘ-нің гендерлік тепе-теңдік Кеңесін құрды. Бұл Кеңес жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) шығаратын Гендерлік теңсіздік индексін іске асыра бастайды. Индекс бұл гендерлік теңсіздіктің өлшемі болып табылады (адамдардың жынысына байланысты тең емес қатынас немесе қабылдау).

2017 жылдың Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық гендерлік алшақтық есебінде: «Біріккен Араб Әмірліктерінде (120) министрлік лауазымдарындағы гендерлік тепе-теңдікке және осыған ұқсас жұмыс үшін жалақы теңдігіне қатысты елеулі жақсартулар байқалады және олар білім беру деңгейінің субиндексіндегі өзінің гендерлік алшақтығын толық жоюға жақын» [77] деген баға берілген. Яғни, БАӘ 144 мемлекеттік ішінде 120 орынға орналасып, араб мемлекеттерінің көшін бастап тұр.

Бұл жетістік әйелдер мен ерлер қоғамда тең серіктес болып саналады деген нанымға негізделген. Мемлекеттік және жеке секторлардың бірқатар бастамаларының арқасында әйелдер бизнесте, әскерде және үкіметте аса маңызды рөл атқарады.

Гендерлік теңдіктің БАӘ-де маңызы зор, ал Конституция ерлер мен әйелдердің тең құқығына кепілдік береді. Конституцияға сәйкес әйелдердің құқықтық мәртебесі, білім алуға құқығы, кәсіби қызметпен айналысу құқығы және ерлер сияқты мүлікке мұрагерлік құқықтарға ие. Сонымен қатар әйелдерге жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және отбасының әл-ауқатына қол жеткізуге бірдей кепілдік беріледі. Экономика, менеджмент, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы теңдік саласында көшбасшы ретінде танылған Біріккен Араб Әмірліктері Таяу Шығыстағы алғашқы бастаушылардың бірі болып танылған.

Сонымен қатар, БАӘ орта, жоғары білім алуына жете назар аударған. БАӘ-де әйелдер мен ерлердің сауаттылық деңгейі 95% құрайды, бірақ қазіргі таңда ер адамдарға қарағанда әйелдер орта білім алғаннан кейін университеттер мен аспирантураларға көптеп түседі. Жаһандық гендерлік алшақтық есебі бойынша, Әмірліктегі әйелдердің 77%-ы орта мектепті аяқтағаннан кейін жоғарғы оқу орнына түседі және ЖОО бітірушілерінің 70% әйелдер құрайды. Сондай-ақ, университеттерде ғылым, технология, инженерия және математика бойынша мамандықтарын тәмамдағандардың 46% -ы әйел адамдар. Жалпы БАӘ-де әйелдердің сауаттылығы 95,8%. Бұл дегеніміз, Біріккен араб әмірлігіндегі әйелдердің сауаттылық деңгейі өте жоғары.

«2004 жылы БАӘ гендердің саясатты қолдау барысында, әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясына (CEDAW) қол қойды. Біріккен араб әмірлігі әйелдер мәселелері бойынша халықаралық конференцияларға үнемі қатысып, оларды ұйымдастыруға да ат салысады, сондай-ақ, әйелдердің құқықтарын қорғау туралы барлық халықаралық шарттарға да қол қойған. Олардың ішінде Бала құқығы туралы конвенция (1997 ж.), әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы Конвенция (2004 ж.), Жұмыс уақытының ұзақтығы туралы конвенция (өнеркәсіпте) (1982 ж.), Тең сыйақы туралы конвенция (1996 ж.), Өнеркәсіптегі әйелдердің түнгі еңбегі туралы конвенция (1982 ж.) және Ең төменгі жас туралы конвенция (1996 ж.) сияқты құжаттарға қол қойылған.

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2017 жылғы Жаһандық гендерлік алшақтық туралы есебіне сәйкес БАӘ-де министрлік лауазымдардағы гендерлік теңдікке және жалақы төлеудегі теңдікке қатысты елеулі өзгерістер болды. Сондай-ақ, БАӘ білім саласындағы гендерлік айырмашылықты жоюға біртабан жақын қалған» [78].

2019 жыл БАӘ үшін көптеген жаңашылықтар мен өзгерістерге немесе тарихи жаңалықтарға толы болды. Осы жылдың ақпан айында Рим папасы Франциск БАӘ алғашқы тарихи сапарын жасады. Бұл Араб түбегіне барған тарихтағы ең алғашқы рим папасы болатын, осы уақытқа дейін Францискке

дейін отырған рим папасы ислам діні пайда болған топыраққа аяқ басып көрмеген. Бұл жағдай БАӘ үшін, жалпы ислам мемлекеттері үшін ғана емес, жалпы Рим папасы үшін де ерекше. Бұл маңызды оқиға БАӘ-нің инклюзивтілік пен діни сенім бостандығына ашықтығы мен бейімділігін көрсетеді. Сапар барысында Рим папасы Абу Дабиде 180 000 адам алдында месса жасап, БАӘ өмір сүрген миллиондаған католиктерді еске алу рәсімін орындады. Сонымен қатар, Папа Абу Дабидің мұрагер ханзадасы, шейх Мұхаммед бен Заид Аль Нахаянмен және Мұсылман ақсақалдар кеңесінің мүшелерімен кездесті. Египет еліндегі әйгілі әл-Азһардың бас имамы және Кеңес төрағасы шейх Ахмад ат-Тайебпен бірге «Адамдар бауырластығы» туралы құжатқа қол қойып, адамдарды конфессияаралық келісім мен түсіністікке шақырды [79].

Рим папасының Араб түбегіне алғашқы сапары туралы Біріккен араб әмірлігінің АҚШ-тағы елшісі Юсеф аль-Отаиба: «Рим папасының бұл сапары әр түрлі діндегі адамдардың бірге өмір сүріп, жұмыс істеп, құлшылық ете алатынын туралы бүкіл әлемге таратылған керемет белгі болып табылады» [80] дейді.

«Рим папасының араб топырағына бару сапарындағы негізгі мақсаттары:

- Абу-Дабидің мұрагер ханзадасымен, шейх Мұхаммед бен Рашид Аль Нахаянмен және вице-президент, премьер-министр және Дубайдың билеушісі шейх Мохаммед ибн Рашид Аль Мактуммен кездесу.
- Шейх Зайда үлкен мешітінің Мұсылман ақсақалдар кеңесімен кездесу.
- әл-Азһардың бас имамы және Мұсылман ақсақалдар кеңесінің төрағасы шейх Ахмад ат-Тайебпен «Адамдар бауырластығы» туралы құжатқа қол қою. Құжатқа қол қойылғаннан кейін Абу Даби шейхы шейх Абдулла бен Заид Аль Нахайян, бұл құжаттың мектеп және университеттердің оқу бағдарламасының бір бөлігі болатынын атап өтті» [81].

Рим Папасы Франциcктің сапарына орай, Біріккен Араб Әмірлігі Абу-Дабиде Абрахамин үйін құруды жоспарлап және түрлі конфессиялар арасында бейбіт қатар өмір сүруді атап өтуді ұйғарған [82]. Міне, осындай көптеген тарихи кездесулер мен өзгерістер консервативті араб қоғамында орын алып жатыр.

БАӘ-нің ұлттық өмір салты оның исламдық дәстүрімен қатаң түрде анықталады. Ислам БАӘ-де өмірдің барлық салаларында көрініс табады: өмір салты, саясат, бизнес, өнер және т.б. Соған қарамастан, мемлекет басқа діндердің өкілдеріне төзімді және оларға еркіндік береді. Сонымен қатар үкімет елдің діни және дәстүрлі мүдделерін қорғауға, сақтауға күш салуда. БАӘ тұрғындарының барлығы дерлік (шамамен 96%) мұсылмандар. Олардың 85%-ы сүнниттер, қалғаны шейіт ағымына жатады. БАӘ мемлекетінің өмір салты Құранның талаптары мен тыйымдарына негізделген мұсылмандық заңдардың негізгі көзі – шариғатқа бағынады. Әмірліктерде әлі күнге дейін басқа дін өкілдері мен туристтерге қатысты шариғат соты бар.

Келесі аса консервативті мемлекеттердің бірі Сауд Арабиясы үшін де XXI ғасыр жаңғыртулар мен өзгерістерге толы болды. МБС аталып кеткен жас тақ

мұрагері халық арасында Мұхаммед бен Салман «қалыпты ислам мемлекетін» құрғысы келетіні туралы мәлімдеме жасаған болатын. Оның бұл мәлімдемесі тарихи түрде патшалық идеологиясында және мемлекетішінде маңызды рөл атқаратын уаххабизм ағымы үшін ауыр соққы болды. Жас тақ иегері саналы түрде діни реформа жүргізіп, радикалдардан арылуға ниетті, бұл бүкіл ислам әлемінің болашағына өзгеріс енгізіп, либералды жаңашылдықтарды тудыратыны анық.

Қазіргі таңда жас мұрагерінің таққа отыруын тек Сауд Арабия халқы ғана емес, бүкіл дүниежүзі асыра күтуде. Гендерлік кемсітушілікті төмендететін әлеуметтік және діни реформалар МБС-тің «Vision-2030» деп аталатын ұзақ мерзімді даму стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Осы жоба бойынша 2016 жылдан бастап қазіргі таңға дейін жүргізілген реформаларға сипаттама бере кетсек:

- сәуір 2016 жыл: Сауд Арабиясы әйелдер киіміне қатысты қатаң ережелерді сақтауды, ішімдік пен музыкаға және ерлер мен әйелдердің араласуына тыйым салу үшін қоғамдық орындарды тораулдайтын діни полицияның өкілеттігін жойды.

- желтоқсан 2017 жыл: үкімет кинотеатрларға 35 жылдық тыйымды тоқтатып, 2030 жылға дейін 300-ден астам кинотеатр ашуды жоспарлады.

- маусым 2018 жыл: қаншама жылдар бойында әйелдердің автомобиль жүргізуіне салынған тыйым алынды. Бірақ та билік осыған дейін және одан кейін де әйелдер құқығын қорғаушы белсенділерді тұтқындалып, соның барысында ондаған сыншылар тұтқындалды.

- қаңтар 2019 жыл: мейрамханаларда музыка ойнатуға рұқсат берілді, өйткені қоғамдық ойын-сауық корольдікте кеңінен өріс алған болатын.

- тамыз 2019 жыл: нормативтік өзгерістер ересек Сауд Арабия әйелдеріне рұқсатсыз саяхаттауға және отбасылық істерге көбірек қатынасуға мүмкіндік береді.

- қазан 2019 жыл: мемлекетке демалушыларды көптеп тарту үшін жаңа туристік виза ережесі жасалды. Әйел туристтердің барлығы халат (абайя) кию керек деген талап алынып тасталып, орнына қарапайым дресс-код тағайындалды. Шетелдік турист әйелдер мен еркектерге өздерінің некеде бар екеніндігін дәлелдемей-ақ, қонақ үй нөмірлерінде бірге тұруға рұқсат етіледі. Алайда ішімдік тыйым салынған.

Соңғы жарияланған соңғы реформа тек корольдіктегі туристерге қатысты жеңілдік болғанымен, Сауд Арабиясы әйелдері үшін де маңызды еді. Өйткені олар бірнеше жылдар бойы өкімет міндеттеп келген киім никаб немесе абайяны кимеуге қарсы бірнеше қарсылық акциялары Твиттер беттерінде 2018 жылдан бастап «менің аяқ астымдағы никаб», «никаб менің және менің елімдегі қыздардың таңдауы емес» деген сияқты хэштегпен тарала бастаған болатын. Бірақта, түрлі сауалнамалар барысында Сауд Арабиясы әйелдерінің екінші бөлігі әйелдерге арналған киім үлгісі мен қоғамдық орындарда гендерлік сегрегацияны ұстанған консерваторларды қолдайтынын көрсетеді.

Жалпы Сауд Арабиясындағы әйелдер құқығын реформалау король Салман мен МБС-тен басталған жоқ. Алғашқы маңызды өзгеріс 1955 жылы бірінші қыздар мектебінің ашылуы болатын. 1970 жылы Сауд Арабиясындағы әйелдерге арналған алғашқы университет Эр-Рияд педагогикалық колледжі ашылды. XX ғасырда әйелдер құқықтарына қатысты өзгерістер шамалы ғана болды және білім алуға мүмкіндігінен басқа, әйелдер көптеген әлеуметтік, саяси және заңды құқықтардан да айырылған болатын. Абдалла патша кезінде кейбір маңызды, бірақ шектеулі гендерлік реформалар әйелдердің саяси және экономикалық құқықтарын күшейтіп, олардың жоғары білім алуға қол жетімділігін арттырды. 2001 жылы әйелдерге бірінші рет ұлттық куәліктер беріліп, ең алғашқы әйел вице-министр 2009 жылы тағайындалды.

Алайда 2015 жылы король Салман өз билігін бастаған кезде Сауд Арабиясындағы әйелдердің заңды және әлеуметтік құқықтары көптеген Таяу Шығыс елдерінен әлдеқайда артта қалған еді. Осындай біртіндеп және біркелкі емес реформаларға қарамастан, саудиялық әйелдер жоғары білім деңгейіне қол жеткізді (жас әйелдердің сауаттылық деңгейі 90% -дан жоғары) және жоғары оқу орындарына түсу кезінде ер адамдардан асып түсті. Екінші жағынан, оларға заңды кәмелетке толмағандар ретінде қаралды және олардың өмірлерінің барлық жақтары ерлер қамқоршыларының бақылауында болды. Нәтижесінде Сауд Арабиясының билеуші режимі гендерлік кемсітушілік пен әйелдерге қысым көрсету туралы халықаралық сынға тап болды.

Сондай-ақ 2018 жылдың маусым айында әйелдерге көлік жүргізу құқығы берілді дедік. Көптеген әйел адамдар үшін бұл үлкен жетістік еді. Сауд Арабиясы әйелдерінің көп бөлігінде бұл реформа әділетсіз әлеуметтік кемсітушілікті тоқтатып қана қоймай, сонымен бірге олардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуына және жұмысқа орналасуға мүмкіндік берді. Өйткені көлік жүргізуге тыйым салынған кезде, кейбір әйелдерге өз жұмыстарынан бас тартуға тура келген болатын, ал такси немесе жеке жүргізуші қызметін пайдалану араб әйелдері үшін қымбатқа түсті.

Сонымен көлік жүргізуге рұқсат берілгеннен кейін көптеген әйелдер үшін ең үлкен өзгеріс болды, өйткені ол барлық әлеуметтік тап әйелдерінің өміріне әсер өткен еді. Жеке тұлға деңгейінде бұл өзгерістер ер адамдар тарапынан көрсетілген құрметті жаңа деңгейге көтеріп, өздерін ер адамдармен тең санай бастады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда жасалып жатқан реформалар Сауд Арабиясының өндірістерін қазіргі заманға сай етіп, мемлекеттер халқы үшін көбірек жұмыс орындарын ашылды. Сауд Арабиясы үкіметі сонымен бірге әйелдердің жұмыс ортасын жақсарту және оларға бөлек жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін бірнеше қадамдар жасады. 2019 жылдың қаңтарында корольдік тең жұмыс үшін бірдей жалақы төлеуді талап ететін жұмыс орындарындағы әйелдер туралы бастама жариялады. Сауд Арабиясының ішкі жұмыс күшінің шамамен 20% -ын әйелдер құрайды, бірақ ерлердің баламалы жұмысына жұмсайтын қаражаттың 54% алады, сондықтан бұл үлкен өзгеріс, бастама болды.

Бұл бастаманың басқа компоненттері исламдық нормалар мен құндылықтар аясында жұмыс ортасын мейірімді және әйелдер үшін қауіпсіз ету үшін жасалған. Бұның бұрынғыдан айырмашылығы, жаңа бастама жұмыс ортасында гендерлік сегрегацияны қажет етпейді. Өйткені, әйел қызметкері жұмыс берушілерден өзіне кабина ұсынуды талап ете алады. Сонымен қатар әйел адамдарға паспорт, куәлік немесе баласының туу туралы куәлігін де алуы үшін қамқоршының қажет еместігі туралы реформа да жақсы қабылданды. Өйткені кез келген құжатты алуы үшін әйел адамның қасында әкесі, ағасы немесе күйеуі болғаны тиіс еді.

Әлемдегі ең бай мұнай державаларының қатарына кіретін Парсы шығанағының монархы саналатын Сауд Арабиясы, қазіргі таңда, бұрынғыдай, дәстүрлі құндылықтардың маңыздылығына, исламның әлеуметтік дамуына әсерін сақтауға ерекше назар аударады. Бұл ел өзінің басқа араб елдеріне тән емес дәстүрліліктің маңыздылығымен ерекшеленеді. Саяси ұйымның дәстүрлі желісін ұстану Сауд Арабиясының билеуші әулетіне тән қасиет, оның абсолюттік монархиялық режимі жоғары тұрақтылық дәрежесімен ерекшеленеді. Мемлекеттің ішкі тұрақтылығының сақталуына ықпал ететін маңызды идеологиялық және әлеуметтік факторлардың бірі – ислам. Ол Сауд Арабиясы мемлекетінің өмірінде маңызды реттеуші функциялардың бірін атқарады.

Қазіргі таңда Сауд Арабиясында іске асырылып жатқан реформалар қоғамдық тұрғыдан көптеп қолдау табатыны сөзсіз. Өйткені мемлекет тұрғындарының 60%-ын 30 жастан төмен жастар құрайды. Олардың көпшілігі ағылшын тілін еркін меңгерген, Еуропада білім алған және аса консервативті қоғамдық моральдан мезі болған жастар. Сондықтан жас ханзаданың бастамасының басым көпшілігі жүзеге асатыны сөзсіз.

Қазіргі Египеттің қоғамдық өміріне исламның әсер ету дәрежесі, әрине Парсы шығанағы мемлекеттерінің дамуындағы исламның маңыздылығымен салыстыру қиын. Араб мұнай монархиясы жағдайында мұсылман дініне тән кейбір реттеуші функциялардың кейбіреулері Египетте өз маңыздылығын едәуір төмендетіп жіберді. Сонымен қатар, исламның мысырлықтардың дәстүрлі дүниетанымымен бірігуі, ислам банктері мен кампаниялар ұстанымдарының күшеюімен және басқа да аспектілер, Египеттің дамуындағы діннің өте маңызды мәні барын айтуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе төмендегідей сараптама жасауға болады: ислам дінінің араб мемлекеттерінің қоғамдық өміріне әсері секуляризация процестері нәтижесінде оның мазмұнын өзгертуі екіталай, оның таралуы қазіргі кезеңде өте салыстырмалы. Дін, дүниетанымдық жүйе және философиялық ұғымдардың жиынтығы ретінде ислам араб қоғамдарының дамуындағы маңызды маңызды функцияларды сақтайтындығы сөзсіз. Араб елдері реформаға, модернизация ашық. Қазіргі заманғы талаптарға орай, қазіргі уақытқа дейін жабық мемлекет болып келген мемлекеттердің өздері де көптеген мәдени, ғылыми сұхбаттарға дайын екендігін сездіруде.

Араб қоғамы мен араб елдері демократиялық өзгерістерге қарсы емес. Бұл жерде адам құқықтары басқа дамушы елдерге қарағанда, саяси бостандық ескеріледі деп айта аламыз. Көптеген жағдайларда араб әлемін модернизациялау саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы либералды қайта құрулардың жүзеге асуына байланысты. Араб әлемі елдерінің қоғамдық-саяси өмірінің белгісі исламның әсері екенін атап өткен жөн. Бұл тараушада біз араб қоғамының реформалар мен жаңартуларға ашықтығы мен бейімділігін ашып көрсетсек, келесі тараушада біз Еуропа қоғамындағы ислам мәдениетінің басқа мәдениетте ымырыға түсу әрекеттеріне көз жүгіртеміз.

2.3 Ислам дәстүрі және Батыс Еуропадағы мәдени интеграция мәселелері

Біз бұл тарауда ислам Батыс христиан қоғамында мұсылмандар интеграциясын насихаттай ала ма? деген мәселеге жауап іздейміз. Еуропа мен исламның қазіргі заманғы жан-жақты және қарама-қайшылықты байланыстарының құбылысын, олардың қатынастарының тарихи ерекшелігін ескермей, түсіну қиын. Сондықтан өткен тарихқа, мәдени мен саяси байланыстардың түп негізіне жүгіну керек. Батыс Еуропа исламмен қалай, қандай жағдайда танысты? деген сауалға Араб түбегінде пайда болған ислам діні Еуропаға төрт тараптан енді деп қарастыруға болады.

Бірінші, 652 жылы араб халифатының әскерлері Апеннин түбегіне аяқ басып (Италия, Ватикан, Сан-Марино мемлекеттері), Сицилияны жаулап алуынан басталады. Сицилияны толықтай жаулап алу үрдісі X ғасырда басталып 965 жылға дейін созылып, Сицилия әмірлігін құруымен аяқталады.

Екінші, VIII ғасырда ғасырдың алғашқы шенінде араб-бербер әскерлері Пиреней түбегінің (Испания, Португалия) жартысынан көбін басып алып, ол өңірді әл-Андалус деп жарияланып, 1492 жылға дейін әмірлік етті. Осы араб халифатының басқару кезеңінде әл-Андалус нағыз мәдени гүлдену кезеңін басынан өткерген болатын. «Пиреней түбегінің арабтар үстемдік құрған жерінде қалалар да жедел дами бастады. Араб әмірлігінің астанасы Кордова қаласы Еуропаның аса ірі қолөнер, сауда және мәдени орталықтарының біріне айналды. Онда үлкен кітапхана мен университет болды. Медицина, математика, география ғылымдары дамыды. Араб Испаниясында көркемөнер мен әдебиет гүлденген кезде Батыс Еуропа мәдениеті әлі өте төмен деңгейде болатын» [83]. Испанияның оңтүстігіндегі Кордова колледждері ғылым, медицина мен әдебиеттің, сонымен қатар ислам зерттеулерінің орталығына айналды. Бір қызығы, сол кезеңнің өзінде ислам мұсылман билігі плюралистік бағытты ұстанған болатын. «Мұсылмандар білім үйренгісі келген христиандарға медреселерде сабақ алып, білімдерін шыңдауына жәрдем ететін еді. Сөйтіп, Ислам елдеріне ғылым үйрену мақсатымен келген христиандар да Ислам мәдениетінің дәстүрлері мен ғылымдарын жалғастырушылар қатарына қосылды. Сол кезеңдерде ресми тіл ретінде араб тілі қолданылды. Тіпті дипломдарының бір бөлімі арабша толтырылды.

Қысқаша айтар болсақ, X ғ. Сицилия мен Нормандияның басқару жүйесінде Ислами дәстүр ойып тұрып орын алған-ды» [81, 101 б.]. Алайда 1482 жылы мұсылман билігі мен христиан билігі арасындағы Гранада шайқасы 10 жылға созылып, 1492 жылы 2 қаңтарда христиандар жеңіске жетіп, реконкиста, яғни арабтарға қарсы күрес аяқталды. Реконкиста деген қайтарып алу деген мағынаны білдіреді. Шайқас аяқталғасын католик шіркеулері кітапханаларды өртеп, мешіттер мен синагогаларды қиратып, мұсылман, яһуди дінін ұстанушыларды қудалап, болмаса христиан дініне күштеп кіргізе, қарсыласқандарды өлтіріп отырды. Осылайша Периней түбегінде христиан билігі Инквизиция жүргізді.

Үшінші, Балқан түбегі (Болгария, Босния, Герцеговина), яғни Оңтүстік Еуропаға XIV ғасырдан бастап иелік еткен Осман империясы болатын. Осман империясы Балқан түбегіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін жаулап алып, өз әмірдігін XVII ғасырға дейін жүргізген еді. Осман империясы басқарған аймақтарда мұсылмандар, яһудилер мен христиандар тату-тәтті өмір сүрген. Сондықтан болар Оңтүстік Еуропадағы түркі империясының билігі ұзақ уақытқа созылды. Олар Австрияға кофехана, Францияға круассанды (осман жалауындағы жарты ай белгісі) сыйлаған деген аңыз әңгімелер бар. Атақты неміс жазушысы, ақын Гете араб тілінде еркін сөйлеген. Оның «Батыс-шығыс диваны» атты лирикалық өлеңдер жинағы да осы ислам діні туралы, шығыс туралы толғаныстарын жеткізеді.

Соңғы *төртінші* бағыт XIV ғасырда Алтын орда мұсылман мемлекеті болғаннан бері Шығыс Еуропа ислам дінінің құзырында болғандығы. Афинадан Будапештке дейін христиандық ұлтшылдар жүздеген мешіттерді жойып, миллиондаған мұсылмандарын Еуропадан Реконкиста жүргізді. Осыдан кейін, Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Батыста мұсылмандардың қарасы азайып, жоғалды.

«Еуропаның исламмен қарым-қатынасы ұзақ әрі қайшылықтарға толы болды. Дін Еуропаға VIII ғасырда Испания халифаты кезінде, кейін XIV ғасырдың басында Еуропаның оңтүстік-шығыс бөлігінде Осман билігі тұсында енген. Екі жолы да ол қылыштың күшімен еніп, жарты мыңжылдықтан аса билік етті. XX ғасырдағы еуропалық мұсылмандар американдықтардан ерекшеленді. Осман әскерлері жеңіліске ұшырағаннан кейін миллиондаған мұсылмандар Шығыс Еуропада қалып қойды, ал жаңалары әскерлер мен жұмысшылар ретінде қабылданды. Еуропалық державалар екінші дүниежүзілік соғысқа өз отарындағы 3,5 миллионға жуық мұсылман әкелді. Соғыстан кейін олардың көпшілігі отанына қайтып, ал басқалары соғыстан келген залалды жөндеуге келген болатын» [85]. Алайда, негізінен, арабтар исламды Еуропада бейбіт түрде таратқан болатын. Сонымен қатар, ортағасырлық Еуропа тұрғындарының басым көпшілігі өзге дінді ұстанушылар болғандықтан, А.Мецтің пікірінше, бір-бірімен қарым-қатынасты жөндеу қажеттілігі христиандық Еуропаға беймәлім діни төзімділікті тудырды [86, 39 с.].

Жалпы ғалымдар Еуропа тарихында исламның енуін 3 кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы кезең 7-13 ғасырларды қамтиды, екінші кезең XIV—XVIII ғасырдағы Осман империясы жорығы кезеңі, үшінші соңғы кезең XX ғасырда 2ші дүниежүзілік соғыстан кейінгі толқын [87].

Осы тарихи деректерге қарасақ, ислам діні Еуропа үшін таңсық дүние емес. «Бір кездері Еуропа елдері Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған жұмысшы қолдарының жетіспеу мәселелерін негізінен, соғысқа қатыспаған елдерден және өз отарларынан мигранттарды тарту арқылы шешуге тырысты. Осылайша, Ұлыбритания Үндістан мен Пәкістаннан келген иммигранттарға пана болса; Францияда алжирліктер мен мароккалықтардың өкілдігі айтарлықтай өсті; Германия Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде одақтастық қарым-қатынастар мен екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін бейтарап-тілектестік қарым-қатынастар байланыстырған Түркиядан келген мигранттармен толықты» [88, 3 с.]. Алайда Германия түрік мигранттарын уақытшы жұмысшы ретінде қабылдап, оларға азаматтық беруден бас тартты. Өйткені Германияда туған, неміс ұлты ғана, осы елдің азаматы бола алады. Яғни неміс ұлтынан бөлек ұлттар «басқа, бөтен» деген ұғымға ие болды.

Николас Пелхэмнің ойынша, «Батыста мұсылмандар үш ұрпақ бойы өмір сүрген. Екі тарап бір-біріне сақтықпен қарағанымен, олар бір-біріне жақындап келеді» [85].

Сонымен Батыс Еуропаға мұсылмандардың қоныс аударуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Осы кезеңде соғыстың салдарынан экономикасы құлдыраған Еуропа үшін арзан жұмыс күші аса қажет болған еді. Францияда 1920 жылдан бастап Алжирдан келген көптеген мұсылмандар жұмыс істеді. Кейінгі толқын 1962 жылы Алжир Франциядан тәуелсіздік алғаннан кейін орын алды. Ал Германияға 1950 жылдан бастап гастарбайтер немесе шақырылған жұмысшы деп аталынған Түрция азаматтар легі ағылды. Еуропалық түріктердің көпшілігі Түркияның діни көзқарасты кішігірім ауылдары мен Қара теңіз жағалауынан келген болатын. Олардың көпшілігі әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен таптан шыққандықтан, соған сәйкес білім көрсеткіштері өте төмен болды. Осы жағдай пропорционалды емес діни сенімнің туындауына себепші болды. Ұлыбританиядағы мұсылмандардың басым көпшілігі оңтүстік азиялықтар, оның ішінде пәкістандықтар (45% жуық) мен белгиялық (16% шамасында). Ал британдық пәкістандық 70% жуығы Кашмирдің ауылды аймақтарынан келгендер. Ең алғашқы қоныс аударушылар легі Орталық Англиядағы текстиль фабрикасына жұмыс істеуге келген болатын.

Кез-келген көші-қон саясатын жүргізетін мемлекет, өзіне лайықты модельді (үлгіні) таңдау арқылы жүзеге асырады. Әдетте көші-қон саясатының үш модельге бөліп зерттеу қабылданған. Батыс Еуропада осы үшін модель бойынша көші-қон саясатын жүргізген.

Бірінші, *гастарбайтерлік айналым (ротация) модельге* сәйкес Германияға жұмысшы визасымен келген шетелдік жұмысшылар мерзімі

біткенде отанына кетіп және олардың орындары жаңа мигранттармен алмастырылады деген болжам жасалынған. Алайда, 1970 ж. бұл концепция өзін-өзі ақтамайтыны белгілі болды, нәтижесінде мигранттарды отанына қайтару үшін көптеген бағдарламалар ұйымдастырылды, сонымен қатар көші-қон заңдылықтарына да қатаңдықтар енгізілді. Бірақ бұл модель үкіметтің күткенін нәтижесіне сәйкес келмеді: мигранттардың басым көпшілігі отандарына қайтқысы келмей, жаңа отандарында мүлдем қалып қойды, кейіннен олардың саны отбасымен қайта қосылуы бағдарламасы мен саяси босқындарға байланысты көбейіп отырды.

Саяси интеграция моделі мигранттардың қабылдаушы қоғамға бейімделуін көздейді. Мигрант қабылдаушы елдің саяси шарттарын қабылдаса ғана, сол елдің азаматы бола алады. Франция мигранттарға қатысты ассисиляциялық саясатты жүргізген елдің нақты көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, Франицяда «Jus soli», «жер құқығы» заңы іске асырылады, яғни осы жерде туған кез-келген сәби, сол елдің азаматы болып саналады. «Jus soli (лат. Jus soli, юс соли, тура мағынасы «жер құқығы») – заң термині, «этникалық немесе нәсілдік ерекшеліктеріне» қарамастан, Jus soli қолданылатын мемлекеттерде, осы ел аумағында туған тұлғалардың мемлекеттік азаматтығын алу құқығын білдіреді. Jus soli елдердегі тарихи елеулі араласу процестерініің (метисация) тараған болатын, белгілі бір аймақта (мысалы, Францияда мекендеген роман-кельт-неміс халықтарында) және қоныс аударушы елдерде (Құрама штаттар, Канада, және т.б.), бұл Конституциямен бекітіледі» [89].

Елдегі мәдени айырмашылықтардың болуы әбден мүмкін және де ол айтарлықтай қолайсыздық туындатпайды деген тұжырым *көп мәдениетті (мультимәдениетті) модельдің* негізі болып табылады. Бұл саясат мәдени айырмашылықтарды сақтауға және дамытуға бағытталған. Әрбір этникалық немесе мәдени топ ретінде құқықтардың мультикультурализмі мақұлданады, яғни бұл қауымдарға оқу-ағартушылық қызмет жүргізуге және өз білім беру бағдарламаларына иелік етуіне, діни маңызы бар нысандарды ашуға және т.б. мүмкіндік беріледі. Бұл идея негізінен, Батыстың дамыған елдерінде, ең алдымен Ұлыбританияда қолға алынған.

1979 жылғы Иран төңкерісінен кейін ислам режимдердің өркендеуі, соңғы уақыттары терроризмнің өсуі және т.б. көптеген факторлар иммигранттардың басым көпшілігі тек этникалық жағынан ғана өзгеше емес, сонымен бірге олардың мұсылман екендігі басты назарда болды.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, ислам елдерінен келген иммигранттардың ағынының жалғасуы, олардың туу деңгейінің жоғарылауы және жергілікті европалықтар арасында туудың деңгейінің төмен көрсеткіші Батыс Еуропадағы мұсылмандардың алдағы онжылдықта айтарлықтай өсуі мүмкін дегенді білдіреді.

Францияда бұрынғы француз мемлекетінің колониясы болған Марокка, Алжир секілді мемлекеттерден келген мигранттар, Германияда түріктер, өйткені осы екі ел арасындағы жұмыспен қамту визасы туралы келісім шарт

бойынша келген мұсылмандар, Ұлыбританияда да бұрынғы отары болған Пәкістан, Үндістаннан келген мигранттар және т.б.

Мигранттардың интеграциялануында мемлекеттің мәдени саясаты маңызды рөл атқарады. Мигранттарды қабылдаған елдердің көпшілігі мәдени айырмашылықтарды саяси үйлестіру бойынша шаралар жүйесін әзірлеген. Еуропалық елдер әлі де мәдени әралуандылылық жағдайында қақтығыссыз, тату, бірлесіп өмір сүруді ұйымдастыру шараларын жалғастыруда.

Қазіргі XXI ғасырда еуропалық Одақ мемлекеттерде мигранттардың үш буыны өмір сүріп жатыр. Жоғары айтылған интеграцияның үш моделі осы үшін буынға қалай әсер етуде, олар осы модельдер арқылы интеграцияға түсе алды ма деген сауалдарға жауап іздемес бұрын, біз осы айтылып отырған үш буын кімдер деген сауалға жауап қарастырайық.

Бірінші буынға соғыстан кейінгі жылдары, сондай-ақ Еуропа отарында болған мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейін келген экономикалық мигранттарды жатқызуға болады (орта есеппен олар қазір 60-70 жаста). Олар «мәдени шоктың» алғашқы белгілерін ойдағыдай жеңе білген, өйткені басқа елге көшуді олар материалдық, мәдени мәртебесін жақсартудың керемет тәсілі ретінде қабылдады. Сондықтан мигранттардың жергілікті тұрғындар ортасына бейімделіп, қоғаммен интеграциялануының жақсы үлгісі болып табылады. Ескере кететін жағдай, 2005 жылдың күзінде Париж маңында болған толқулардың Испания, Италия сияқты көші-қон саясатын енді іске асырып жатқан елдерге әсер етіп, таралмағаны белгілі. Бұл өңірге қоныс аударған мароккалық жас иммигранттар француз оқиғаларына байланысты белсенді әрекет жасамады, өйткені олар салыстырмалы түрде жаңа иммигранттар тобы саналады және иммиграцияның алғашқы ұрпағы ретінде Еуропадағы жергілікті халыққа берілетін артықшылықтар мен жеңілдіктерді пайдалануға тараспайды әрі тырыспайды.

«Мәдени шок (ағылш. culture shock, нем. Kulturshock) – көбінесе шетелге қоныс аудару немесе сапарда болумен байланысты өзге мәдени ортаға түсуден, бейтаныс өмір сүру салтымен ұшырасудан пайда болатын адамның эмоционалдық йә болмаса физикалық жайсыздығы» [90].

Алғаш рет «мәдени шоктың» даму алгоритмі 1954-шы жылдары К. Оберг егжей-тегжей сипаттап берген, ол адамдар мәдени шоктың белгілі бір сатысынан өтіп, біртіндеп бейімделудің қажетті деңгейіне шығады деп санаған. Одан әрі көптеген ғалымдар мәдени шок кезеңдерін анықтау және сипаттау мәселесімен айналысқан болатын, бірақ бейімделу сатыларының ең әйгілі тізімі американдық зерттеуші Питер Адлерге тиесілі, ол 1975 жылы «бейімделу қисығы» деп аталатын U-тәрізді қисықты жасап шығарып, бейімделудің бес сатысы (кезеңі) атап көрсетеді [91, 3 p.].

Бірінші кезең (саты) «*бал айы*» деп аталады: әдетте шетелге шыққан мигранттарға бастапқыда барлығы ұнайды, олардың кеудесі ынта-жігері мен үмітіне толы болып, алға қойған мақсаттарына, мысалы, шетелде білім алу немесе жұмыс істеу сияқты мақсаттарға жеттік деп ойлайды. Өйткені қабылдаушы мемлекет оларды құшақ жайып күтіп алады. Олар алғашында

көптеген көмектер мен жеңілдіктерге ие болады. Бірақ та бұл кезең лезде өтіп кетеді.

Екінші кезеңді «*ымыраласу*» немесе «*көңілі қалу*» деп атаймыз. бейтаныс қоршаған орта мен мәдениет мигрантқа теріс әсер ете бастайды. Тілдік бөгеттер мен жергілікті тұрғындармен қарым-қатынаста түсініспеушілік негізінде пайда болған психологиялық факторлар. Нәтижесі, жалғыздық сезімі, көңіл қалып түңілу, тіпті депрессияға алып баруы мүмкін. Сондықтан, осы кезеңде мигранттар негізінен тек отандастарымен араласып, шындықтан қашуға тырысады.

Үшінші *сыни* немене *реинтеграция* кезеңі. Бұл кезеңде мәдени шок шарықтау шегіне жетеді. Бұл кезеңде адамдар соматикалық және психикалық ауруларға шалдығуы мүмкін. Мигранттардың жартысы отандарына оралады. Бірақ көпшілігі мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді жеңуге күш салып, тіл үйреніп, жергілікті мәдениетпен танысып, жергілікті тұрғындар арасынан дос тауып, олардың тарапынан қолдау тауып жатады.

Төртінші кезеңді – *бейтараптық* кезең деп атаймыз. Адамда оптимистік көңіл-күй пайда болады, өз-өзіне сенімді және жаңа қоғамдағы және мәдениеттегі өз орнын қанағаттандырады.

Соңғы, бесінші «*жайлылық*» кезеңі. Бұл кезеңде мигранттар жаңа мәдениетке толықтай бейімделуге қол жеткізіледі. Осы уақыттан бастап тұлға мен қоршаған орта бір толқынға түседі. Адам екі мәдениетте те өзін жайлы сезінеді. Осы факторлардың даму қарқындылығына байланысты бейімделу процесі бірнеше айдан 4-5 жылға дейін созылуы мүмкін [92, 2 с.].

Осыған сәйкес біз алғашқы буын U-тәрізді қисық бейімделудің барлық сатыларынан сәтті өткен деген тұжырымға келеміз.

Еуропадағы мұсылмандардың *екінші буыны* алғашқы мигранттардың балаларынан құралған, олар бала кезінде келген немесе Еуропа елдерінде туып-өскен. Бүгін олар шамамен 30-40 жаста. Бір қызығы, егер бірінші буын өкілдері қабылдаушы тарапқа жұмыс жасап, жағдайларын түзетуге мүмкіндік бергені үшін ризашылық білдірсе, олардың балалары құрдастарымен, жергілікті халықпен салыстырғанда мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін сезініп, көріп өсті. Яғни, олар U тәрізді бейімделу қисығы жаңа мәдениеттегі бейімделуі екінші кезеңінен бастаған тәрізді. Өйткені жастайынан қоғамның өзіне басқаша көзқарасын, жергілікті достарынан кейбір әлеуметтік тұстарынан айырмашылықтары мен ерекшеліктерін көріп, бойына жинап, өшпенділік сезімімен есейген ұрпақ.

Ал *үшінші буын* – бұл алғашқы мигранттардың немерелері, яғни Европада туып-өскен және толыққанды батыс еуропа азаматы саналатын ұрпақ. Олар еуропалық білім беру мекемелерінде білім алып, күн сайын еуропалық бұқаралық ақпарат құралдарын оқып, еуропалық қоғам аясында тәрбиеленгендіктен, әлбетте еуропалық зайырлы өркениеттің рухына толықтай бой алдыруы керек еді. Алайда, ғылыми зерттеулер, осы үшінші буын ұрпақтарының көпшілігі мұсылмандық діни сананың радикалды экстремизмге бейімділігі туралы тұжырымдар көрсетеді.

«Бүгінде Германияда 2 миллионға жуық түрік тұрады екен. Олардың көбі Түркия азаматтығын сақтап қалған. Кейінгі жастары ғана неміс қоғамына сіңіп, немістің тілі мен мәдениетін үйреніп, азаматтығын қабылдаған көрінеді. Бізге жолбасшы әрі аудармашы болған Роберт Кокон Германияға қоныс аударушыларды екі топқа бөлетіндігін айтты. Біріншісі – өткен ғасырдың 60-шы жылдары келген түріктер, екіншісі – өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан қоныс аудара бастаған этникалық немістер.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, халықаралық беделіне нұқсан келіп, жарым территориясы мен жарым халқынан айрылған Германияның басты мақсаты – халықаралық қауымдастықтағы өз орнын қалпына келтіріп, дамыған елдер қатарына қосылу болған. Алайда, еркек кіндікті атаулының басым көпшілігін сұм соғыс жалмаған бұл ел еңбек күшіне зәру еді. Осы жағдай түрік жұмысшыларын шақыруға мәжбүрлеген.

Роберт Кокон түрік жұмысшыларының неміс қоғамына интеграциялануының ауыр жағдайда өткенін айтады. Әлі күнге дейін түріктер өзара шоғырлана орналасқан. Түріктердің өз ауласы, өз заңы бар. Сол себепті де олардың арасында немісше білмейтіндері де кездеседі екен. Роберт Кокон: түріктердің үлкендері интеграциялана алмай жатса, жастарының осы қоғамға сіңіп кеткенін айтады» [93] сондай-ақ «Германия оларға және олардың балаларына неміс азаматтығын беруге асықпады» [85].

Қазіргі таңда «Еуропада қазір шамамен 26 миллион мұсылман тұрады, олар халықтың 5% құрайды және жергілікті тұрғындарға қарағанда әлдеқайда жас» [85]. Сонымен қатар, Еуропадағы «мұсылмандар бірыңғай топ емес; олар діни, мәдени және этникалық тұрғыда ерекшеленеді және де ол әр елде әр түрлі болады. Ұлыбритания заңы дін мен сенім-нанымның алуан түрлілігін қорғалса, ал Францияда мемлекеттік мекемелерде, мектептерде діни рәміздерді бейнелеуге, көрсетуге, сонымен қатар, хиджаб, никаб киюге тыйым салынады. Алайда, француз мұсылмандары, британдық мұсылмандарға қарағанда аса діншіл емес, жергілікті халқы мұсылмандармен көрші болғандарына қарсы емес және олармен некеге тұру мүмкіндігі жоғары.

Негізі XX ғасырда мұсылмандардың келуі Еуропаға тамаша өтті деуге болады. Өйткен олардың көпшілігі ислам әлемінің сауатсыз өңірлерінен үлкен өнеркәсіптік қалаларға жол кешкен. Олар көбісі үлкен отбасынан шыққан. Олардың балалары қабылдаушы елдермен бірге білім, жалақы және өмір сүру салтының алшақтығын жою үшін көп күш сарп етті» [85].

Сондай-ақ, мұсылмандар да Батыс саясатында көрініс табуда. Американдықтар алғаш рет қараша айында өткен аралық сайлауда екі мұсылман Рашид Тлайб және Ильхан Омарға конгреске қатысуға дауыс берсе, Еуропаның ең үлкен қаласы Лондонда мұсылман әкім Садик Хан қызмет атқаруда. Құрлықтағы ең үлкен порт Роттердам қаласының әкімі, Мароккодан шыққан Ахмед Абуталеб өз ісін адал орындауда. Сонымен бірге батыс ойын-сауық, спорт пен сән әлемінде де мұсылмандар үлкен рөл атқарады.

Бірақ та соңғы жиырма жыл зорлық-зомбылық пен қорқынышқа толы болды. Батыста жиһадшылардың шабуылдары нәтижесінде 2000 жылдан

бастап 3670-тен астам адам қаза тапқан, олардың 2996-сы Америкада 2001 жылдың 11 қыркүйегінде ажал құшқан болатын. Дәл осы уақыттарда мұсылманға қарсы шабуылдар салдарынан 119 адам қайтыс болды. Жиһадшылар Батыстағы мұсылмандардың азғантай ғана тобын құрады, бірақ бұл лаңкестік шабуылдар көптеген батыстық санада исламды төніп келе жатқан қауіпке, қорқынышқа айналдырды. Оңшыл партиялар осындай қорқынышты қоздырып, тұтандырды. Зорлық-зомбылықсыз да мұсылмандар мен оларды қабылдаушы батыс елдері арасындағы қарым-қатынасы көбінесе сенімсіз немесе жағымсыз болған» [85].

Исламның икемділігі мен плюрализм ашықтығы 1400 жыл бойы әлемдік дін ретінде өркендеуіне көмектесті. Алайда соңғы жылдары Батыста мұсылмандар билеуші емес, мұсылман емес адамдар арасында азшылық ретінде өмір сүру үшін діни оқуды дамытуға мәжбүр болды. Ол әлі де әзірлену сатысында. Мұсылман иммигранттарының бірінші ұрпағы Еуропаны алғаш қалай көрді сол күйінде және қанша уақыт қалатындарын білмей, ұстамды түрде қабылдады. Олар өздерінің салт-дәстүрлері мен дәстүрлерін бірге алып келді және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тарихи елдеріне қарап, сабақ алды. Имамдар Түркия, Солтүстік Африка және Оңтүстік Азиядан келді. Кейбір мұсылман елдері мешіттердің құрылысы мен жұмысын қаржыландырды.

Уақыт өте Батыспен қарым-қатынас нығайған сайын олардың саны азайды. Дін этникалықтан гөрі, бірегейліктің маркері ретінде маңызды болды. Батыстағы мұсылмандардың екінші буыны ата-аналарының тыныш және көнгіш сенімін қабылдамай, өз тілдерінде сөйлейтін және хал-ахуалды түсінетін уағызшыларды ғаламтордан жиі іздей бастады. Олар өздеріне уәкілеттік беретін дінді қалады. Кейбірі зорлық-зомбылықты таңдады. Жиһадшылар көбінесе екінші буын мұсылмандары немесе жаңадан дінге келушілер санатынан шыққан.

Мұсылман ұрпақтарының үшінші буыны батыс бірегейлігімен қатар исламда да өзін-өзі сенімді сезінеді. Оларда саясат пен сот төрелігі жүйесі туралы келіссөздер жүргізуге, сондай-ақ истеблишмен өзара іс-қимыл жасауға арналған құралдары бар. Ал дін жеке бас таңдау мәселесіне айналды. Батыстағы 10 000-нан астам мешіттер Деобандистен әйел адамның жетекшілігімен намазға дейін ислам діні мен әдет-ғұрыптарының барлық спектрін ұсынады» [85].

Қазіргі таңда мұсылман жастарының өзінің діни ерекшелігін көрсетуі, көптеген қарсылықтар тудыруда, классикалық ислам діні емес, диструктивті ислам бағытын ұстанғандар. Соның нәтижесі экстремисті топтарға көбінесе осы Европадан көптеген мұсылмандар, сонымен қатар ислам дінін қабылдаған немістер, француздар, британдықтар көптеп кездеседі. Бұрынғы және қазіргі діни тәжірибе мұсылмандардың батыстағы болашақтарын жарқын деп санамауға мәжбүр етті. Егер мейнтрим басым болса, олар жаңа кезеңге өтуге дайын. Үшінші ұрпақ келгеннен кейін олар ислам үстемдік етпейтін әр түрлі

қоғамдар мен зайырлы басқару жүйелері үшін діни ілім жасады. Қысқасы, олар батыстық исламды құрды.

«Ислам батыс-христиан қоғамында мұсылмандардың интеграциялануына септігін тигізе ала ма?» деген сұраққа ғалымдар әр түрлі жауап береді. Белгілі еуропалық мұсылман философтары мұсылмандардың еуропа мемлекетінің қоғамында интеграциялануы әбден мүмкін деп санайды. Тегі сириялық неміс профессор Б.Тибидің пайымдауынша, ««Еуроислам» концепциясы мұсылмандарға еуропалық қоғамның әлеуметтік-саяси және мәдени өміріне сәтті интеграциялануына көмектеседі» [94, 302 p.]. Мысырдан шыққан танымал ислами дін маманы Тарик Рамаданның ойынша, «батыс мұсылмандарға өз діни міндеттерін орындауға кедергі жасамаған жағдайда, олар өздерін ислам дінін ұстаушы екендігін сөзімен мен ісімен көрсете алатын елдерде емін-еркін өмір сүре алады» [95, 117 p.] деп сендіреді. Т.Рамаданның ойымен тағы бір еуроисламды насихаттаушы, Бристоль университетінің (Ұлыбритания) әлеуметтану және саясат бойынша британдық профессоры пәкістандық Т. Модуд та қолдайды. Оның ойынша, «басқа да конфессия өкілдерінің, сонымен қатар, мұсылмандардың арасында өмір сүретін елінеқатысты патриоттық сезімді қалыптастыру қажет деп санайды. Алайда адамдарға бөтен бірегейлікті қабылдауға шақыру мүмкін емес, яғни мұсылман-иммигранттар азаматтық бірегейліктерін өздері жасауы керек, яғни француз, британдық болу дегеннің не екенін түсініп, қабылдауы керек» [96, 53 p.].

Белгілі француз шығыстанушы, исламтанушысы Оливье Руаның ойынша, ислам еуропалық қоғамға ерекше қауіп төндірмейді. Ал екі діннің қатар өмір сүруі тек мұсылмандар мен христиан дінін ұстанатын жергілікті тұрғындар арасындағы өзара келісім, өзара қарым-қатынастарға байланысты деп пайымдайды. О.Руа исламды реформалау аясында мұсылмандар еуропалық қоғаммен интеграциялана алады деп санайды. Оның пікірінше, «исламды әлеуметтік мәселелерді талдаудың құралы ретінде қолдануға, сонымен қатар, кішігірім аудандарда тұратын мұсылмандар мәселесін ислам призмасы арқылы қарастыруға болмайды немесе керісінше, ислам мәселесін мұсылман аудандарымен байланыстыруға болмайды. Республика азаматтардың этникалық шығу тегіне назар аудармауы керек» [97, 13 с.].

Кейбір еуропалық әлеуметтанушылар, тарихшылар мен саясаттанушылар, мысалы, Ж. Кепель [98], О.Фаллачи [99], Т.Саррацин [100] Батыс Еуропада исламизмнің белең алып, басымдылық танытып жатқанына алаңдаушылық танытады. Т.Саррацинның ойынша, экономикалық тұрғыда Еуропа мұсылман мигранттарға мұқтаж емес, өйткені «Кез келген елде мұсылман мигранттардың өндірістік еңбекке үлесі төмендігі және әлеуметтік жәрдемақыларға аса тәуелділігі мемлекеттік қазынаға олардың экономикалық қосымша өнімге қосқан үлесіне қарағанда қымбатқа түседі» [101] дейді.

Британдық жазушы және тарихшы Бат Ейордың пікірінше, «Еуропа бірте-бірте араб және мұсылман әлемінің мәдени және саяси қосымшасы ретінде «Еурабияға» айналуда. Қазіргі уақытта Еуропада екі түбегейлі өзгеріс

жүріп жатыр: христиан дінінің әлсіреуі және демографиялық құлдырау. Мұсылман иммигранттары қабылдаушы елдің мәдени нормаларын қабылдауға және интеграциялануға құлықсыздығы артып келеді» [102, 278 p.] деген ойда.

Сонымен қатар мұсылман елдері де Еуропадағы мұсылман мигранттардың интеграциялану мәселесін де назардан тыс қалдырмаған. Мысалы Берлиндегі Түрік зерттеу орталығының басшысы, профессор Фарук Шен өзінің «40 жылдан кейін: Германиядағы түрік иммигранттары» атты жұмысында, соңғы кездері Германиядан отанына оралған түрік мигранттарының саны едәуір артқанын және бұл құбылыстың бірден бір себебі, ең алдымен неміс қоғамындағы кемсітушілік пен жұмыссыздыққа байланысты» [103] екенін атап айтқан.

Еуроисламның қорытынды есебінде «мәдени алшақтық» деген сөздің астарын түсіну үшін, бейбіт және ынтымақтастық қатынастардың нақты алғышарттарымен байланысты мәдени шекаралардағы төрт негізгі аспект атап көрсетеді:

- Тілдік құзыреттілік – мәдени шекаралардағы қарым-қатынас шарты ретінде. Мұндағы идея айқын. Ортақ бір тілде сөйлесу топтар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетеді және өзара сәйкестендіруді жақсартады.
- Өзара сәйкестендіру және қабылдау – мәдени және діни топтар арасындағы ынтымақтастық негізі. Мемлекет мүшелері ретінде бірдей сәйкестендіру ортақ мүдделер ұғымын алға жылжытады, демек, топтар арасындағы ынтымақтастықты дамытады
- Жалпы негізгі нормалар мен құндылықтар – мәдени әр түрлі қоғамдағы демократияның негізі. Әрбір демократия демократиялық құндылықтардың жалпы ядросын білдіреді, дегенмен бұл ядроның мазмұны мен түсіндірмесінде ерлер мен әйелдердің теңдігін; шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін және сөз бостандығы мен ассоциацияны қамтитын кейбір қайшылықтар бар екенін атап өткен жөн.
- Әлеуметтік капиталды біріктіру – мәдени топтар арасындағы әлеуметтік тұтастықтың негізі (әлеуметтік желілер мен сенім). Грановеттердің (1973) пікірінше, жеке әлеуметтік топтың шеңберінен шығатын («әлсіз байланыстар») желілік байланыстар сондай-ақ адамдардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі сияқты аз ақпарат пен ресурстарға қол жеткізуі үшін маңызды. Ал басқалары иммигранттардың әлеуметтік-экономикалық қатысуын насихаттауда этникалық тобын қолдау барысында желілердің рөлін ерекше атап өтті (Итоговый отчет – EURISLAM)" [104].

Батыс Еуропадағы иммигранттар мен жергілікті тұрғындарды қоса санағанда, жалпы мұсылман халқы Еуро Одақтың 500 миллион тұрғынының шамамен 20 миллионын құрайды. Кейбір сарапшылардың пікірінше, ислам елдерінен келген иммигранттардың ағынының толастамауы, иммигранттардың туу деңгейінің жоғарылауы және жергілікті еуропалықтар арасында туу көрсеткішінің төмендеуі Батыс Еуропадағы мұсылмандардың алдағы онжылдықта айтарлықтай өсуі мүмкін дегенді білдіреді.

«Еуропадағы мұсылмандар өз қауымдарын үйретудің жолдарын қарастырып және олардың мұсылман немесе батыстық емес мұсылман әрі батыстық екенін айтып, олардың арасындағы тепе-теңдік туралы көрсету үшін барлық күш-жігерлерін сарп етуде» [105] дейді АҚШ-тағы мұсылмандар қоғамының өкілі Фара Пандит. Батыстың мұсылман елдерінен айырмашылығы, Еуропаның көп бөлігінде, қазіргі таңда имам болу үшін лицензия талап етілмейді.

Батыстағы үшінші буын мұсылмандар өздері үшін жаңа ислам ойлап табуда» атты еуропалық ғалымдардың зерттеулері жұмыстарының есебі бойынша қазіргі таңда батыста исламның төрт мектебі өмір сүруде. Бірінші *салафиттік бағыт*. Сырт көзге сенімнің салафиттік бағыты аса дәстүрлі және жағымсыз болып көрінеді. Олар ислами киім киіп, балаларың арнайы мұсылман мектептерінде оқытады. Ұстаздар Қасиетті жазбаларға көбірек назар аударады. Бірақ салафиттер өздерінің сенетін нәрселердің көп бөлігі батыстық сенім көзқарасына яғни христиан діниндегі протестанттық бағытқа сәйкес келеді деп сендіреді. Қазіргі кездегі салафиттік ағымның жас ұрпақтары барынша ашық болуда. Секуляризмнің дамуын тоқтату үшін олар жаңа жақтастар іздеу барысында, салафиттік имамдар басқа конфессиялардың консерваторларымен дінаралық диалог жүргізуде. Бұл бағытты қабылдаушыларға имамдар алғашқы мұсылмандардың пұтқа табынушы туыстарымен қарым-қатынасын үлгі ретінде келтіріп, оларды мұсылман емес туыстарымен ортақ тіл табысуға шақырды.

Сенімнің екінші тармағы, саяси ислам ұзақ уақыттан бері мұсылман емес қоғам немесе мұсылман қауымдастығы тарапынан қолдау тауып келеді. Оның негізгі ұйымы «Мұсылман бауырлар» Таяу Шығыстағы қарулы отаршылдыққа қарсы қозғалыс ретінде басталды. Бірақ қуғынға ұшыраған басшылары Батысқа адал болып, өздерінің демократиялық жүйелерімен мақтанады. Олардың заңгерлері исламда өсімге тыйым салынғанына қарамастан ипотеканы құтпайды. Исламды қабылдаған әйел өзінің мұсылман емес күйеуімен тұруына рұқсат. Тіпті имамдар кейбір девиантты деп саналатын өмір салтына, «Мен Құдай емеспін», бұл оның ісі, мен араласпаймын деп көз жұма қарайды.

Ал үшінші мектеп *либералды бағыт*. Егер Мұсылман бауырлар исламға батыстық реңк берсе, либералдар батыстық өмір салтына ислами өмір салтын береді. Германиядағы Геттинген университетінің профессоры, тегі сириялық Бассам Тиби бірнеше жылдан бері «еуроисламды» насихаттап келеді. Еуроислам Ренессанс, ағарту және француз революциясы қағидаттарына негізделген. Бассам Тиби ойынша, сенім жаңа ортаға, әлемнің басқа әлемдеріне де бейімделуі тиіс. Ол: «Африкалықтар афикалық ислам жасады, ал индонезиялық индонезиялық ислам жасады. Ислам иілгіш, сондықтан еуропалық та бола алады» [94, 227 р.] деп ойлайды.

Алайда Еуропадағы исламның тым еуропаланып кетуі қауіп тудырады. Исламға ғана емес, жалпы дәстүрлі діндер құтпамайтын, бірақ еуропа қоғамы қабылдаған кейбір дін үшін шетін жағдайлар еуропадағы исламда жол

берілген. Мысалы, жұма намазға жұмысынан шыға алмайтын мұсылмандар үшін көбіне жексенбі күндері өткізіледі. Кейбір мешіттерде имам әйел адам «2008 жылы ислам қабылдаған бұрынғы католик монахиня Рабиа Мюллер либералды иудаизм үлгісі бойынша ислами либералды бүлік қалыптастырып, намаз оқи бастады. Тегі сириялық неміс Лама Каддормен бірігіп, исламның ескірген дәстүрін гендерлік теңдік пен гейлер құқығын қолдаумен алмастырды. Оның айтуы бойынша, олардың жұмыстарының көп бөлігі кез-келген жыныстағы мұсылмандар мен мұсылман емес адамдарға үйлену болып табылады. @queermuslims Twitter-де гомосексуалдық сенушілерге арналған намазды жарнамалайды. Францияда гей имамдарға арналған оқу орталығы ашылды» [106]. Бұл енді евроисламды түсінуде мүлдем қателесіп, қияс кеткен тұстары деп түсінеміз.

Соңғысы *төртінші бағыт, мүлдем дінсіз* өмір сүруді ұстанады. «Қарашада алты неміс ғалымы, оның ішінде бір мұсылман емес «Исламға фольклорлық қарым-қатынас» насихаттау үшін зайырлы исламдық бастама құрды, оның негізін қалаушылардың бірі мысырлық имамның ұлы және «Мұхаммед пайғамбардың биографиясы» атты сыни мақаланың авторы Хамед Абдел-Самад. Ұйым әлі де қалыптасу сатысында, бірақ ол Батыста туған мұсылмандар көзқарастарын көрсете алады» [106].

«Барлық төрт бағытты ұстанушылар көбінесе діни сенімін өзгерткендер. Абдел-Самад мырза зайырлылыққа көшпес бұрын аз уақыт Мұсылман бауыр бағытында болған. Көптеген салафитті уағыздаушылар бұрынғы христиандар [106]. Осы мәліметтердің зерттей отырып, біз Еуропадағы ислам дінін ұстанушылардың басым көпшілігі басқа діннен немесе басқа діни ағымнан, тіпті диструктивті діни ағымдарда болып, кейіннен исламға «бет бұрған» өзіндік дәстүрлі исламды ұстанатын діншілдер.

Франциядағы мұсылмандардың саны Германияға қарағанда, әлдеқайда көп, әсіресе Солтүстік Африкадан келген бербер ұрпақтары көп болып келеді. Олардың көпшілігі исламды арабтандырудың бір бағыты деп санаған. «Францияда тегі алжирлік ер адамдар өз дінінен емес адамдармен неке отырған. Ал ерлердің 60%-ы өздерін діни көзқарастарының жоқ екенін айтады. Пью зерттеу орталығының мәліметі бойынша, Америкада мұсылмандардың 23% -ы дінге сенбейді. «Біз яһудилер сияқты ассимиляция мәселесіне тап боламыз» [106] деп Мичиган штатының Дирборн имамы болашақта ислам дінін ұстанушылардың дінсізденіп, жергілікті халықпен ассимиляцияға түсуінің қаупі барын түсіндіреді.

Араб үкіметтері кейде өздерінің батыстық әріптестерін экстремизмді ауыздықтау жолында жеткілікті жұмыс жасамағаны үшін айыптайды. Олар үнемі өздерінің қуғынға ұшыраған диссиденттерге салынған тыйымдарын тұспалдау арқылы жеткізеді. Шын мәнінде, Батыс Еуропа үкіметтері өшпенділікті тұтандыру мен терроризмді қолдауды жіті қадағалайды. Бірақ исламды бірінші кезекте қауіпсіздік призмасы арқылы қарау Батыста мұсылман мен мұсылман емес арасындағы қарым-қатынасты бұрмалайды.

Көптеген жастар үшін секталарға, этникалық топқа бөліну және діни салт-жоралғылар соншалықты өзекті емес. Қысқасын айтқанда, алуан түрлі таңдауды ескере отырып, батыстағы мұсылмандар исламға үйде немесе шетелде болсын үкіметтің сенімі емес, жеке таңдау мәселесі ретінде қарастырады. Француз жазушысы Оливье Руа Батыстағы ислам туралы: «Жас ұрпақ бұл шайқаста жеңіске жетті» [97, 13 с.], – дейді.

Егер мұсылмандарды жергілікті билік деңгейінде шешімдер қабылдауды қатыстыру біздіңше, соқыр сенімдерге сенушілікті жояды, алайда көбінесе қауымның қарсылығына тап болуы да мүмкін. Осы тұрғыдан, «Дженнифер Эггерт, терроризмге қарсы мұсылман сарапшысы Лондон мешіттерін аралап, терроризмге қарсы күреске мұсылмандардың бірауыздан атсалысуға шақырады. Нью-Йорктегі полиция департаменті Америкадағы алғашқы мұсылман офицерлер қоғамын құру арқылы қоғамдағы сенімсіздікке қарсы тұрды. Бұл қадам полиция қызметкерлері қатарына мұсылмандардың 2001 жылы оны екі адамнан 1000-ға дейін көбеюіне әсер етті дейді, оның негізін қалаушы Адиэль Рана. Америкадағы алғашқы екі мұсылман әйел-конгрессменнің инаугурациясы қоғамның барлық деңгейлерінде мұсылмандардың қатынасуын қалыпқа келтіруге көмектеседі» [106].

Исламның ұлттық тарихпен интеграциясы да өз рөлін тиімді атқара алады. Ұлыбританияның кейбір мешіттерінде имамдар Бірінші дүниежүзілік соғыстың 100 жылдығын атап өту және соғыста қаза тапқан жүздеген мың мұсылмандарды еске алу үшін көкнәрді бір-бірінің төсіне қыстырады. Бірақ осы соғыстағы мұсылмандардың құрбандықтары ұлттық деңгейде өте сирек аталады, әлбетте бұл мұсылмандардың шетте қалып қоятынын білдіреді.

Мысалы, Афинадағы мұражайдың білім беру бөлімінің басшысы Мария-Кристина Яннулату өз экскурсиясында мектеп оқушыларына ислам өнерінің коллекциясымен таныстыруды ұсына бастаған кезде, оны терроризмнің мәдениетін насихаттады деген айып таққан болатын. Ал Мария-Кристина болса «Біз көптеген мектептер жіберіп алған тарихтағы үлкен олқылықты толтырамыз» [106], – дейді.

«Тарихта үшінші рет Батыста қоныс тепкен ислам бұл жолы өзгеше рөлде осы жерде тұрақтау бұйырған екен. Еуропаға тартылған жол әлбетте оңай емес. Бірақ мұсылмандардың үшінші буыны қазіргі кезде бұл қоғамның осы қасиеттерін дамытуды жалғастыра отырып, әр алуан, төзімді Батыс қоғамының тұрақты бөлігі болып көрінеді» [106].

Жалпы көптеген Еуропа елдерінде шеттен келген жұмысшылардың ағынын қадағалау дұрыс жоспарланбаған. Соның салдарынан, Еуропа индустриясының құлдырауына байланысты көптеген иммигранттар жұмыс орындарынан айырылып қалғанымен, жергілікті еуропалықтар ойлағандай, үйлеріне қайтпай, жаңа отандарында қалып қойды. Өйткені олар өз елдеріне қарағанда, осы жерде жұмыссыз бола тұра, өмір сүру деңгейін әлдеқайда жақсы қамтамасыз ете алды. Алғашқы иммигранттардың артынан олардың отбасы, туысқандары мен өзге де жерлестері келіп, қоныстана бастады. Кейіннен иммигранттардың екінші буыны жаппай жұмыссыздық ұшырып,

тығырыққа тірелді. Соның салдарынан, олар заңды бұзып, қылмысқа өмірге бет бұрып, наркомандар санын көбейтті. Нәтижесінде қылмыскер иммигранттар саны жергілікті тұрғындардан бірнеше неше есе көбейді. Дәл осы кезеңде кейбір иммигранттар радикалды ислам топтар сабына өтіп кеткен еді [107, 136 p.].

Осыған сәйкес интернетте Ұлыбританияның Солтүстік Пәкістан, Франция – жаңа Алжир Ислам республикасы, ал Германия – Жаңа Түркия, Бельгияны – Бельгистан, Испания – Мавритандық Иберия Әмірлігі деген ролик те пайда болған болатын. Еуропалық иммигтранттардың басым бөлігі жергілікті тұрғындарға қарағанда әлдеқайда діншіл болып келеді. Европа мәдениеті мұсылмандары зайырлы еуропалық кейіпке өзгерткенімен, олардың діншілдігін төмендете алмайды. Статистикалық көрсеткіштер бойынша, мұсылмандардың төрттен бір бөлігі аптасына бір рет мешітке барады, сондай-ақ жастардың мешітке бару көрсеткіші егде жастағылармен тепе-тең. Ал еуропалық католик жас буындар ересектерге қарағанда шіркеуге өте сирек барады. Сонымен қатар, Еуропадағы мұсылмандар басқа дін өкілдерімен неке отыру үрдісі өте төмен. Олар көбіне өз сеніміндегі адамдармен некеге тұруды мақұлдайды. Бірақ бұндай үрдіс тек Францияда өзгешерек. Өйткені француз мұсылмандары, оның ішінде алжирлік француздарының ата-анасының бірі алжирлік болғанымен, өздерін ислам дініне қатысты санамайды. Сондықтан болар кейбір ғалымдардың Еуропадағы жұптардың біреуі атеист немесе өзге ұлттың өкілінен құралса, қоғамға дінсіз бала алып келеді деген пікір айтуы.

Америка мұсылмандарының көбінің ата-бабалары XVI ғасырда Батыс Африкадан құл ретінде келген. Ал XX ғасырдың 19-20 жылдары ауқатты арабтар білім алу үшін келіп, кейіннен американдық ортаңғы тап санатына қосылып қалып қойған еді. Мұсылман иммигранттар үшін Еуропаның халқынан гөрі, осы америка халқымен үйлесу оңайырақ болды [85].

Американдағы мұсылмандардың хал-ахуалына келер болсақ, «АҚШ-тың ұлтаралық, этносаралық және конфессияаралық өзара әрекеттестікті реттеудегі тәжірибесі дұрыс, шешімін тапқан мәселе ретінде саналады. Яғни, афро-американдықтар және басқа этникалық топтарға қатысты жергілікті ақ нәсілді халық тарапынан болған негізгі келеңсіздіктер мен теңсіздіктер түбегейлі жойылған. Қазіргі таңда Америкада мәдени плюрализмнің (мультикультурализм) ресми парадигмасына жататын азшылықтардың құқықтық қорғауы өте жақсы дамыған, бұл олардың өзіндік ерекшеліктерінің сақталуы мен дамуына кепілдік береді. Осы доктрина негізінде АҚШ билігі жалпы азаматтық теңдікті сақтауға байланысты мәселелерді шешеді, яғни, ксенофобия, нәсілдік немесе діни белгісі бойынша кемсітушілікті, бір сөзбен айтқанда, басқа ұлт, конфессия өкілдерінің толыққанды әлеуметтік интеграциялануына кедергі келтіретін барлық мәселелерге қарсы күресінің сипаты» [108, 425 б.].

Алайда, азшылықтардың саяси және құқықтық мәртебесін теңестіруге байланысты мәселелерін шешу Америка Құрама Штаттарын, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерін мәдениетаралық және этносаралық қатынастар

саласындағы басқа да қиындықтардан құтқара алмайтындығын түсінуге болады [109]. Солардың бірі – С. Хантингтон «Біз кімбіз?» атты еңбегінде суреттелген американдық бірегейлік мәселесі. Оның мәні АҚШ-та мемлекеттік тілді және өмір салтының бірыңғай нормаларын игеруге ұмтылмайтын азшылық өкілдері жиынтығының үлкен болуы американдық саяси ұлттың тұтастығына кері әсерін тигізеді [110]. Мысалы, Нью Джерси штатында орналасқан Форт Ли қаласында тек кәріс ұлтының өкілдері тұрады. Онда бала бақшалар мен мектептер, банктер мен мейрамханалар негізгі тіл ағылшын тілімен қатар, кәріс тілі де бірге қолданылады. Бала бақшалар мен бастауыш мектеп қабырғаларында кәріс тілінен сабақтар өтеді. Жастар мен мектеп оқушылары ағылшын тілінде еркін сөйлесе, орта буын ағылшын тілін түсініп, аздап сөйлей алады, ал қарт адамдар мүлдем түсінбейді. Бір жағынан, ол адамдарға ағылшын тілінің қажеті шамалы, өйткені өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларға тілдің сұранысы жоқ. Кез-келген демалыс орны немесе қызмет көрсету орталықтарында кәріс тілін білетін немесе кәріс ұлтының азаматы қызмет етеді. Бұл үрдіс бір жағынан коммерциялық тұрғыдан өте ыңғайлы, өйткені әрбір қызмет көрсету орталығы өзінің статусын көтеріп, келушінің үлесін арттыру мақсатында осындай әрекеттер жасауда.

АҚШ-та тұратын этникалық және конфессиялық азшылықтар қазір кезде ағылшын тілін оқымай-ақ, әлеуметтік жәрдемақы алып, өздерінің жабық әлеуметтік-мәдени ортасында, яғни этникалық анклавта өмір сүруге мүмкіндіктері бар. Бұл құбылыс тек қана АҚШ-та ғана емес, Батыс Еуропада да кездесетін жағдай. Мысалға, Америкадағы ең үлкен анклавтар Нью Йорк штатында шоғырланған. Манхеттендегі қытай кварталы Шайнатаун мен Кішкентай Италия, Бруклинде ТМД елдерінен келген эмигранттар өмір сүреді. Квинсте көбінесе Үндістан, Бангладеш пен Пәкістаннан және ортаазиялық кеңестік мемлекеттерден келген бұхара яһудилері де қоныс тепкен. Вашингтон-Хайтс ауданында доминикандықтар тұрса, Гарлемді «Кішкентай Сенегал» деп атайды. Ал Солтүстік Бронксте бірнеше этникалық анклавтар жинақталған.

АҚШ-та мәдениетаралық интеграция және осындай топтардың ассимиляциясы тетіктері бұрыннан жөнге қойылғанын жоғарыда айтып өттік, алайда кейбір азшылықтардың көпшілігі өздерінің ұлттық бірегейлігін сақтап қана қоймай, американдық әлеуметтік қоғамға кірігуге тырыспауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға тырысады. Ал американдық мұсылмандар бұл стратегияны ұстана ма, ислам дәстүрі американдық әлеуметтік қоғамда қаншалықты интеграцияланған, мемлекеттегі алар орны мен үлесі қандай?

«Американдық мұсылмандар, біраз уақытқа дейін өздерін еуропалық мұсылмандардан жоғары санайтын. Олар ортаңғы таптан болды, интеграцияланған және таңдаған елімен үйлесімді қарым-қатынаста болды. Бірақ Американың Таяу Шығыспен араласуы, оған жиһад реакциясы және сол уақытта ақ нәсілді ұлтшылдықтың өршуі ұйып тұрған үйлесімділіктің шырқын бұзды. 2017 жылы жүргізілген сауалнамада Америкадағы мұсылман -

оқушылардың 42% сенімдері үшін кемсітетінін айтқан. Әр бесінші американдық мұсылмандардың дауыс беру құқығы қолдамайды. Президент Дональд Трамп та өзінің сайлау алды науқаны кезінде мұндай өшпенділік көзқарасты қолдады, ол «Америка Құрама Штаттары мұсылмандарға толық және толығымен тыйым салынатынын» уәде етті. Билікке келгеннен кейін көп ұзамай алты мұсылман елдеріне виза беруге тыйым салуға тырысты» [85].

Қазіргі уақытта Америкада 2017 жылғы Пью зерттеу орталығының есебі бойынша 3 450 000 барлық жастағы мұсылман бар. Негізі АҚШ-та мұсылман халқының ресми үкіметтік санағы жоқ, себебі АҚШ халық санағы бюросы дін туралы сұрақтар қоймайды. Сондықтан Пью зерттеу орталығы АҚШ-та мұсылмандардың санын бағалауға тырысып, осындай мәліметтер алып отыр.

Зерттеу нәтижесі, мұсылмандардың саны жыл сайын шамамен 100 000 адамға артып отырғанын көрсетеді, бұған американдық мұсылмандар арасындағы бала туу коэффициентінің аса жоғары көрсеткіші мен мигрант мұсылмандар көп болуы себепші болуда. Американдық мұсылмандар сан жағынан тек иудейлерден қалыс қалып тұр. Сонымен қатар, Pew зерттеу орталығы АҚШ-тың мұсылман халқы елдегі яһуди халқына қарағанда әлдеқайда жылдам өседі деп болжайды. 2040 жылға қарай мұсылмандар иудаизмді христиандардан кейінгі екінші діни топ ретінде алмастырады. Болжам бойынша, 2050 жылға қарай АҚШ-тың мұсылман халқы 8,1 млн. адамға жетеді (халықтың жалпы 2,1%), бұл бүгінгі күнге қарағанда 2 есе көп [111]. Сонымен бірге мұсылмандар АҚШ-тың барлық аймақтарында біркелкі шоғырланбаған. Вашингтон (Колумбия округі) сияқты кейбір қалаларда бірталай мұсылман қауымдары бар. Ал Нью-Джерси штатында ересек мұсылмандар жан басына шаққандағы орташа көрсеткіштен екі-үш есе көп.

Мәселен, Нью Джерси штатының Клифсайт қаласын «кішкентай Түркия» деп атауға болады. Бұл қалада топтасқан түрік халқының өз дүкендері мен мейрамханалары, ойын-сауық орталықтары өте көп. Жалпы халық болып қаражат жинап ашқан мешіт те тұрақты жұмыс істеп тұр. Жыл сайын рамазан айында осы мешітте әрбір түрік отбасы жалпы мұсылмандарға арнап ауызашар жасауға тырысады. Тырысып қана қоймай, өзінің міндеті санайды. Тапсырыстар алдын ала беріліп, кезекке қойылады. Сонымен қатар, мешітте үшінші және одан кейінді буынға арналған түрік тілінің курстары өткізіледі. Өйткені Форт Ли қаласындағы кәріс жастарына қарағанда, түрік жастары және мектеп жасындағы балалар өз тілін ұмыта бастаған. Бірінші және екінші буын өкілдері ағылшын және түрік тілдерінде еркін сөйлейді. Олар өз салт-дәстүрлері мен мәдениетін берік ұстана отырып, американдық мәдениетпен, қоғаммен жақсы, қайшылықсыз ымыра түскен.

Сондай-ақ АҚШ мұсылман қауымдастығы өзінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бірде-бір елде Америкадағы сияқты шығу тегі әр түрлі мұсылмандар қауымдастығының бай палитрасы кездеспейді, сондықтан да сарапшылар американдық мұсылман қауымдастығын «бүкіл мұсылман әлемінің микрокосмосы» деп санайды. Бұл адамдар АҚШ-пен тарихи және мәдени байланысы жоқ этникалық, тілдік, идеологиялық, әлеуметтік,

экономикалық және діни топтардың саналуан өрнегі іспетті. Сондықтан болар, қазіргі заманғы Америкада біртұтас мұсылман үмметі қалыптасқан деп айта алмаймыз. АҚШ-та ислам диаспорасы «этноконфессиялық айырмашылықтарына байланысты біртұтас және ұйымшыл емес. Көбінесе африкалық және азиялық мұсылмандар параллель әрекет еткенімен, бір-бірінен тәуелсіз» [112, 5 б.]. Ал американдық мұсылмандардың әлеуметтік бейімделуі туралы айтатын болсақ, мынадай тұжырым жасауға болады. Мұсылман қоғамдастықтарының сантүрлі және басым көпшілігі иммигранттардан құрылғанына қарамастан, олардың дүниетанымы, құндылықтары мен көзқарастары тұрғысынан американдық болып табылады.

Көптеген зерттеулер Америкадағы ислам дінін ұстанушылар ислам әлемін қоспағанда, Еуропадағы мұсылмандарға қарағанда, орташа көзқарасты ұстанып, көп жағдайда өз өмірлеріне разы болып келеді. Оған қоса американдағы мұсылмандар қоғамдық және саяси өмірдің барлық салаларына белсенді түрде атсалысады. Сонымен қатар американдық мұсылмандар басқа діни қауымдастықтар, білім беру бағдарламалары, конфессияаралық іс-шаралар, денсаулық сақтау, азаматтық және саяси, қоғамдық салаларда қайырымдылық көмек көрсетумен айналысады. Қысқасы, американдық мұсылмандар және олар құрған ұйымдар Американың қоғамдық және саяси өмірінің бір бөлігі болып табылады.

Ислам дінін ұстанушылардың американдық интеграциялану моделінің еуропалық модельден айқын айырмашылығы бұл – американдық мұсылмандардың бұл елге өз еріктерімен түсініп, түйсініп саналы түрде қоныс аударуы. Америка Еуропадан қоныс аударушы мемлекет ретінде ерекшеленеді және ол мигранттар үшін таңдалған, аңсаған жаңа отан болып табылады. Олар саналы түрде өз таңдауларын жасап американдық болды, сондықтан жағдайды ұшықтырмауға және қоғамға үйлесімді кірігуге мүдделі.

Пью зерттеу орталығының анықтауынша, американдық мұсылмандар өзін қоршаған орта мен қоғамды оң көзқараста қабылдайды. Тіпті олардың ойынша, АҚШ-та мұсылман қауымдастығы жақсы және өте жақсы өмір сүру деңгейлеріне қол жеткізе алады. Осы белгілердің барлығы Америка мұсылмандары арасында американдық саяси және азаматтық өмірге интеграциялануға деген бағыттың күшейгендігін көрсетеді. Алайда бұл үрдіс одан әрі оң нәтижесі таба берер еді, егер 2001 жылы 11 қыркүйекте орын алған оқиға болмағанда. Осы оқиғаға дейін жергілікті американдықтар мұсылмандарды басқа дәстүр мен салттың иесі ретінде қабылдағанмен, олар туралы жақсы немесе бейтарап көзқараста болған еді. Сол оқиғадан кейін ислам американдық қоғамдық санада бөтен, «антиамерикандық» құбылысқа айналды. Бұл тұста американдық БАҚ беттерінде күніне миллиондап насихаттап жатқан үндеулері американдық қоғамдағы «исламофобия» сезімдерін одан әрі ұшықтыра түскен болатын. Осыдан кейін исламды терроризм мен зорлық-зомбылықты қоштайтын дін ретінде сипаттау, медиакеңістікте мұсылмандарды қандықол қылмыскер тобы бейнесінде көрсету кейбір американдықтардың санасында ислам мен оның әдет-

ұрыптарына жеккөрушілік сезім тудырған болатын. Алайда уақыт өте келе американдық үкіметтің елдегі ислам қауымына қатысты саясаты толығымен төзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа өзгерген еді. Билік басына демократ-президент келгеннен кейін АҚШ үкіметі әйелдер мен қыздардың хиджаб кию құқығын қорғау және бұл құқықтан бас тартқандарды жазалау үшін сотқа жүгінген. Рамазан айында елдің жоғары лауазымды тұлғалары ауызашарға қатысып және мәдени бағдарламаларды қолдап, тұтастай алғанда мұсылман қауымына ниетін білдіретін [113]. Сонымен қатар, ел президенттері жыл айын рамазан айында Ақ үйде ауызашар жасауды дәстүрге айналдырған болатын. Жалпы иммигранттарға, оның ішінде мұсылман иммигранттарына жұлдызы қарсы қазіргі президент Дональд Трамптың өзі де осы дәстүрді қайталаған болатын. Қорыта келе айтарымыз, қазіргі таңда американдық мұсылмандар қауымдастығы АҚШ-қа келген иммигранттарды өздерін қоршаған ортадан өзгешеліктерін баса көрсетпей, бірегейліктерін сақтай отырып, американдық өмір салтын шын ниетімен қабылдауға шақырады. Осылайша Америкадағы мұсылмандар өздеріне күдікпен емес, сеніммен қарағанын қалайды.

Ал Батыс Еуропада «Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясы» бойынша: «Ұлттық азшылықтардың этникалық, мәдени, тілдік және діни өзіндік ерекшелігі қорғалатынын және ұлттық азшылықтарға жататын тұлғалар сол өзіндік ерекшелікті ешбір кемсітушіліксіз және заң алдындағы толық теңдік жағдайда еркін білдіру, сақтау және дамыту құқығына ие екенін растаймыз» [114]. Бұл Хария елдегі барлық азшылықтарды жергілікті ұлттан бөліп-жармай, кез-келген адамға берілетін әлеуметтік және мемлекеттік құқықтарының тең екендігінің кепілі.

Әрине, қазіргі таңдағы еуропалық исламтанушылардың ұсынып отырған еуроислам концепциясы ғылыми, адами тұрғыда өте жақсы. Алайда еуроислам ұғымын мүлдем теріс түсініп, соны іске асырып жүрген ислам дінін ұстанушы немесе исламды «жақтаушы» қоғам қайраткерлерінің қалың бұқараға көрсетіп, үйретіп отырған іс-әрекеті жаға ұстатарлық. Мұнда элита мен сол элита ұсынып отырған концепцияны теріс, жаңылыс түсінген діни қызметкерлер мен қарапайым діншіл қауымның арасында пікір-талас па, әлде сұхбаттың жоқтығы.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДӘСТҮРІ: ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КОНТЕКСТТЕР

3.1 Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығы

Қазақ еліндегі ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығын зерттеу үшін ең алдымен, ислам дінінің қазақ жеріне, оның ішінде жалпы түркі жеріне таралуы жөнінде зерттеу жүргізуден бастағанымыз дұрыс болар. Ең алғашқы түркілер немесе турандықтар туралы, нақтырақ айтқанда, «тур» деген ұғымда түркілер иран тайпасымен көршілес өмір сүрген тайпа ретінде зороастризмнің қасиетті кітабы Авестада айтылады. Л.Н.Гумелевтің пайымдауынша, Иран мен Тұранды туысқан арий тайпалары мекендеген. Оларды бір-бірінен тіл мен нәсіл емес дін ажыратқан екен. Бұл ежелгі арийлік мәдени біртұтастықтың бөлінуі б.з.д. I-II мыңжылдықта өмір сүрген монотеизмді уағыздаушы Заратустра пайғамбарға тиесілі. Алайда жаңа дінді барлығы жаппай қабылдай қойған жоқ. Тіпті парсы жерінде де зороастризм бірден басымдылыққа ие болмады. Сондықтан «ежелгі құдайларға адал болып қалған барлық арийлер тұрандық атанса, ал заратустра жақтаушылары ирандықтар болды. Осылайша Иран мен Тұран бөлінді» [115] деген пікір айтылады.

Иран мен Тұран қақтығысы – парсы халқының құнды жәдігері атанған Фираусидің «Шахнама» эпосының негізгі тақырыбы. Негізі бұл құнды шығарма тек ирандықтар үшін ғана емес, жалпы әлем үшін құнды. Бұл еңбек бастан-аяқ Тұран мен Иранның арасындағы шайқастан құралған десек те болады. Ежелгі аңыз бойынша, Фаридун патша әлемді үш ұлының арасына бөлді. Үлкен ұлына Салмға батысты, ортаншысы Турға Тұран деп аталған солтүстік жерлерді, кенжесі Иражға Иранды мұра етеді. Алайда үлкен ұлы әкесінің шешімімен келіспей, Турмен ақылдасып, Иражды алдап Тұранға шақырып алып, опасыздықпен өлтіреді. Сүйікті ұлының қайтыс болғаны туралы білген Фаридун Турды кешірмей, Иран мен Тұран арасына үлкен шұңқыр қазуды бұйырды. Кейіннен ол жер Амудария өзеніне айналған.

Иран мен Тұран арасындағы соғыстарға парсы эпосында көп орын берілген және олардың арасындағы күрес зороастризмдегі ақ пен қара, жақсылық пен жамандықтың күресінің айқын көрінісі болды. Дала мен қала, көшпенді мен отырықшы, жарық пен түнек, зороастризмді жақтаушылар мен ескі дәстүрді ұстанушылар арасындағы қарама-қайшылықтар Иран мен Тұран күресінде көрініс табады. «Шахнама» эпикалық аңыздарында бұл күрес арийлер мен арий еместер арасындағы қақтығыстардан бастап, Фирдоуси кезеңінде Таяу Шығысқа шабуыл жасаған түркілерге дейінгі үзіліссіз дәстүрді қамтыған. Иран мен Тұран арасындағы алғашқы ірі тарихи қақтығысты біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдыққа жатқызуға болады. Бұл кезеңде Орталық Азия көшпенділерінің қуатты одақтары Аршакидтерге шабуыл жасады. Негізгі қарулы күштері ирандық тектес сақ-массагет тайпаларынан тұрса да, көшпенділердің негізгі бөлігі негізінен тұрандықтар болған.

Екі ел арасындағы ғасырлар бойғы күресі Иранның да, Тұранның да ауқымды жерлерін жаулап алған арабтардың әсерінен уақытша ғана тоқтатылды. Алайда, Араб халифаты құлағаннан кейін (XI ғасыр) Тұран қайтадан шабуылға көшеді. Кейбір ғалымдар осы Иран жерінде Тұранның бес ғасырлық билігі елдегі белгілі бір этнографиялық өзгерістерге, рухани және материалдық салада артта қалушылыққа алып келді деген пікірлер айтады. Алайда осы кезеңде өмір сүрген Фирдауси өзінің еңбегін сол кезде билік басында отырған тегі түркі Махмұд Ғазнавиге арнап тарту екен болатын. Яғни, иран жерін басқарған тегі түркі Махмұд Ғазнави ауыз әдебиет пен тарихи шығармаларға аса көңіл бөліп, оның жоғалып кетпей, одан әрі дамуына үлес қосқаны тарихтан белгілі.

Орталық Азия және Кавказ институтының негізін қалаушы және төрағасы, Ресей мен Еуразия бойынша американдық сарапшы Стивен Фредерик Старр өзінің «Утраченное Просвещение: Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана» атты ғылыми жұмысында «Орта Азиядағы заратуштрашылар ешқашан тек осы дінді ұстанған емес, олар бір уақытта басқа да дінді ұстануы мүмкін. Сасанидтер империясы кезеңінде зороастризмнің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы, қарапайым әрі догмасы аздау сенімді бағалайтын оның көптеген ізбасарлар ол діннен бас тартуына алып келді. Ал, екінші жағынан, зороастризм – біз білетін әлемдік діндердің ең көнесі, адамзаттың алғашқы монотеистік догмаларының бірі, сонымен қатар алғашқы діндердің бірі саналады» яғни, көшпенділер тек зороастризм сенімін ғана ұстанып қоймай, одан да бөлек өзіндік сенім-нанымдарының болғандығын айта келе, «...III ғасырда сасанидтердің парсы мемлекеті пайда болғанда, ол мемлекеттік дін ретінде зороастризм қабылдады. Дін қызметкерлері зороастриялық мәтіндерді кодификациялау мен жүйелеуге кірісті, бұл формализм мен дәйектілікке сенім берді. «Халықтық» зороастризмнің әлсірей бастауы, әдетінше Орталық Азия аумағында тарай бастаған басқа да діндер үшін орын босатты» [116, 100-101 с.] – деген байлам жасайды.

Сонымен «Тұран – Орталық Азияның атауы, табиғаттың соқыр күші билік ететін шөлейттер мен көшпенділердің мекені» саналады [117, 36 с.]. Ал табиғаттың соқыр күші билік ететін Тұранды мекен еткен көшпенділердің сенімі қандай? Оған араб географы ал-Макдиси: «Түркілер бір тәңірі деп айтады, ол «бір құдай» дегенді білдіреді. Олардың кейбірі Тәңірі – бұл көк аспанның атауы десе, ал кейбірі Тәңірі – бұл аспан деп айтады» [118, 278 с.] деп, көшпенді түркілердің ұстанған сенімінің монотеистік бағытта болғанын айтса, Н.С.Бакина: «Дүние жүзілік тарихта ол монотеистік діндердің алғашқысы ретінде белгілі. Тәңіршілдік идеясында бір Құдайға табыну идеясы орын алған» [119, 39 с.] – деп араб ғалымымен пайымымен ұштасып, түркілердің сенімін алғашқы біркұдайлық діндердің бірі ретінде оның ойын толықтырады.

Көшпенді халықтар «адамның басы – Алланың добы» дегендей, адамның тағдыры Жаратқанның еншісінде деген басты қағидасы бар өзіндік дінін

ұстанған. «Қазіргі ғалымдар бұл дінді түркілердің көктегі Тәңірі құдайы атына сәйкес «Тәңіршілдік» деп атады. Табиғаттың мұндай жаппай сакрализациясы ешқандай догмды талап етпеді және жазбаша доктринада туындаған қарама-қайшылыққа қарсы тұра алды. Бұл көшпенділерге көп ресми діндер арасында оңай «икемделуіне» мүмкіндік берді, бірақ сонымен бірге жаңа, жүйелі нанымдарды қабылдауға қолайлы жағдай жасады. Ерте кезден бастап-ақ түріктер басқа діндерге, әсіресе манихейлік пен христиандыққа өте ашық болды» [116, 101 с.] дегендей, Орталық Азия түркілерінің немесе тәңіршілдік сеніміндегі халықтардың басқа да діни сенімдер мен ағымдарға ашық болғандығын, кейіннен басқа да діндерді еркін, еш қарсылықсыз қабылдауына алып келгенін көрсетеді.

Сонымен қатар ежелгі қолжазба дереккөздерінің бірінде б.з. б. 165 ж. дейін түркілерде дамыған канондары бар мазмұны жағынан буддизмге жақынырақ толығымен қалыптасқан тәңіршілдік дінін ұстанған делінеді. Сол кезеңдегі Кушан патшалығының басшысы Канишканың кезінде буддизмнің әсері күшті болғандықтан, соның бір тармағынан бастау алып, өзінше дамып пайда болған дегенге алып келеді.

Жалпы Кушан патшалығын Орталық Азия, Ауғанстан, батыс Пәкістанды, Солтүстік Үндістанды түгел қамтығаны белгілі. Кушан кезеңінде Орта Азияның халықаралық саудасының гүлденген уақыты болды. Аса маңызды трансазиялық сауда жолдары кушандықтардың иеліктері арқылы өткен болатын. Ұлы Жібек жолы да осы заманда пайда болып, Қытайдың жібек матасы Орталық Азияның даласы мен шөлейттерін басып өтіп, Шығыс Түркістанның даласы арқылы батысқа жеткізілген болатын. Үлкен, әртүрлі аймақтарды бір мемлекетке біріктіру мәдени алыс-беріске, ықпалдасуға алып келетіні белгілі. Кушан патшалығының құрамына кірген жекелеген тайпалар мен ұлыстардың өзіндік мәдениеті болды, арамей, соғди және хорезм тілдері халықаралық сипатта көрініс тапты. Сонымен қатар сол кезеңдегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы қарама-қайшылық пен өзгешеліктерді біз діннен анық көре аламыз. Орталық Азияда әртүрлі құдайларға табынған, Митра, Сиявуш, Ахурамазда, Зевс, Тәңір және т.т. Тәңіршілдік қарапайымдылығы мен қасиетті діни реквизиттерінің аздығы және діни канондарының қарапайымдылығымен ерекшелінеді.

Тәңіршілдіктің айқын ерекшелігі – әлемді үш бөлікке бөліп сипаттауы: аспан, жер және жер асты әлемі, олардың әрқайсысы көрінетін және көрінбейтін болып қабылданады. Сонымен «Тәңірі табиғаттың қарапайым бейнесі емес, құдай тәрізді. Бұл өрескел және ұнамсыз көрінбейді» [120, 97 с.]. Шынымен де, кез-келген сенім ғажайыпқа көзсіз сенуден, табиғаттың тылсым күштерінен қорқып, олардың әрбір құбылыстарына табынудан басталатыны рас. Яғни «Діннің мәні қасиетті және ғажайып, егер сіз осы екі қасиетті бөлуге тырыссаңыз, онда ешқандай дін болмайды. Қасиеттілік пен ғажайып, тылмыс бар жерде абсолюттілік те бар» [121, 59 с.].

Сондай-ақ, «Тәңірінің басқа ілімдерден негізгі ерекшелігі – онда пайғамбарлар, әулиелер, «қасиетті кітаптар», ғибадатханалар, шіркеулер және

т. б. сияқты құлшылық ету орындары жоқ. Сонымен қатар, бұл жерде пайғамбар тірі тұлға болуы мүмкін, ал өлгеннен кейін оның рухы, ал құлшылық ету нысаны – табиғаттың түрлі мәні мен күйі. Осылайша, бұл ілім өзінің өзіндік әлеуметтік және табиғи құбылыстарын көрсетуге тырысады» [122, 79 с.].

Тәңіршілдік өмір мәні – табиғи әлемнің үйлесімінде өмір сүру. Тәңіршілікте адам өміріне көктегі көк аспан Тәңірі, құнарлы Жер-Ана қолдаушы, жебеп-қорғаушы ретінде қарастырады. Егер адам адал және ізгілікті өмір сүрсе, өз өміріндегі тепе-теңдікті, гүлденуді, бай-қуаттылық пен береке-бірлікті және баршылықты сезінетін болады. Яғни, «Көк – тәңірі» – қырғыздарда «көк аспан», бірінші «көк» деген сын есім көрінетін, заттық мағынаны білдіреді, ал «тәңірі» деген зат есім Алла сөзінің синонимі... Аспан – ең жоғарғы Құдай... ...Аспаннің іс-әрекеті еркін, ол марапаттайды және жазалайды. Адамдар мен халықтың әл-ауқаты соған байланысты болды» [123, 112 с.].

Ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін зерттеуші белгілі ғалым И. В. Стеблева ежелгі түркілердің тәңірі діни жүйесіне төмендегі міндеттерді жатқызады:

«- жоғарыға нұсқау (яғни, жоғарғы монотеистік құдай);

- шығармашылық міндет;

- қамқорлық міндет;

- адам тағдырын орналастырушы міндет;

- еркектік бастаумен байланыс (арғы тек)» [124, 56 с.].

Жалпы тәңіршіл сеніміндегілер әртүрлі діндерді ұстанатын адамдарға төзімділікпен қараған. Бұл олардың өз сенімдерін басқаларға күштеп немесе мәжбүрлі түрде енгізбегенін білдіреді. Тәңіршілер егер олар жамандық атаулыдан аулақ болып, әділ әрі дұрыс өмір сүретін болса, оларға мәңгі өмір сүру құқығы беріледі деп сенген. Адамдар Тәңірінің заңдарына толығымен бағынуы керек. Егер олар осы заңдарға бағынбаса, Тәңірі оларды артықшылықтарынан айырады деп санаған. Монотеизм – тәңіршілдіктің негізгі сипаты болғанымен, Тәңірдің маңайында басқа да жартылай құдайлар немесе рухтар бар деген сенімде болатын.

Негізі, дәстүрлі ежелгі түркі дүниетанымында Әлем деңгейлер мен сатылар, символдар жиынтығы ретінде ғана емес, үздіксіз қоғалыста болатын әрекет, өзгеріс ретінде танылған. Әлемнің негізгі міндеті – үздіксіз өмір толқыны және оны үнемі жаңартып отыру, ал адам сол әлемнің бір мүшесі, бір бөлігі ретінде оның бірге біте қайнасуы шарт. Ал өмір толқынын әрі қарай дамыту, жалғастыру үшін табиғи өзгерістерге, мысалы аспан денелерінің қозғалысы, уақыттың, жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты және табиғаттың тылмыс күштері мен ата-бабасының рухына сыйыну кезінде қолданылатын барлық жанама әрі тікелей рәсімдер мен іс-жоралғыларды қолданған. Тәңіршілік сенімде жер мен Тәңірі бір-біріне қарама-қарсы емес, керісінше, бірін-бірі толықтыратын негізгі бір бастаудың екі жағы ретінде қабылданды. Адам жерде туылып, тіршілік етіп, өсіп-өнеді, ал дәм-тұзы

таусылып, бақилық болғанда жер оны өзіне қайтып алады. Сонымен қатар ежелгі түркілер ажалға сенбеген, олар бұл өмірге текке, бекерге және уақытша келмеген, өйткені ол өз еркінен тыс туылып әрі еркінен тыс өмірден өтетін. Сондықтан олардың дүниетанымында ажал, өлім деген түсінік болмаған. Әрбір адам Тәңірінің қалауымен осы өмірге белгілі бір миссияны орындаушы ретінде дүниеге келіп, өз міндетін атқарушы болған. Өмір үздіксіз жалғасуда деген. Олар физикалық дененің өлімінен қорықпады, дене ол тек рухтың қалыбы деп түсінде, адам осы өмірде істеген іс-қимылдары мен жоралғылары, өмір сүру салты адал, өз сенімінің аясында болса, адам өмірі о дүниеде де соншалықты жақсы болады дегенге сенді. Сондай-ақ адамның осы дүниедегі жағдайы о дүниедегі туыс-туғандары, ата-бабалары рухына арнап жасалған салт-жоралғылар, құрбандық шалу, жерлеу рәсімдерінің жасалуына да байланысты немесе тәуелді болды. Қазақтағы «өлі разы болмай, тірі байымас» деген мақал осыдан қалғандай.

Сонымен бірге ежелгі түркілер ұрыс даласында ерлікпен қаза болған батыр бабаларына немесе түркілерді ұлықтайтын рухани туындылар мен материалды заттарға табыну ғұрпы болған. Физикалық денені тамақтандырған сияқты, рухты да азықтандыру керек деп блген. Батыр бабасы немесе ғұлама адам өмір сүрген немесе қызмет еткен жерде олар өлгеннен кейін да олардың рухтары сол жерде тұрақтап, халқына, ұрпағына қорған болып, желеп-жебеп жүреді деп сенген. Түріктер атақты, қасиетті ата-бабаларына арнап тас ескерткіштер орнатты, олардың ерлік туралы сөздер мен ұрпақтарына үндеу сөздерін тастарға ойып жазды.

Тас ескерткіштер бала мен баба рухының кездесетін орны болған. Бабасында құрбандық шалғанда, дұға-тілектер бағышталғанда бабаның рухы ескерткішке уақытша пана тапса, қалған уақыттары көкте өмір сүреді деп қабылдаған.

Әлкей Марғұлан өз еңбегінде осы түркілердің бабасына арнап тұрғызылған тас ескерткіштер туралы: «Ежелгі түркі ғұрыптық кешенінің құрамы арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер – Балбалдардан тұрды (саны 10-600 данадан астамға дейін барады). Ежелгі түркі ғұрыптық кешендерінің көпшілігі қаған, тегін, тархан, чүр, түдүн сынды билік иелерінің және атақты бекзадаларының құрметіне арналып жасалды. Қарапайым халықтарға арналғандарыда бар. Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған «жоқтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық жосындары атқарылған» [125] деген.

Н.С.Бакинаның пікірінше: «б.з.д. V-III ғғ. Түркілерде құлшылық ету объектісі ретінде Көк-Тәңірі болғандығын зерттеушілер ойының бір арнада тоғысқандығы мәлім. Дүние жүзілік тарихта ол монотеистік діндердің алғашқысы ретінде белгілі. Тәңіршілдік идеясында бір Құдайға табыну идеясы орын алған» [119, 77 с.] деп, тәңіршілдік дінінің түп негізгі монотеистік идеясы ұстанатынын айтса, белгілі орыс ғалымы В.Бартольд «Адамдардың психологиясын түсіну үшін олардың діни наным-сенімдерін білу маңызды

болар еді ...Бұл аспан мен жерге табыну туралы мәселе туындайды, кейде «түркі аспаны» және «түркі жері мен суы» деген тіркестер де қолданылады. Тәңірі деген жалғыз сөз аспан деген зат есімді және құдай дегенді де білдіреді. Жер мен су туралы айтылатын жерлерден жер мен су рухының жиынтығы ретінде емес, біртұтас құдай ретінде қарастырамыз деген тұжырым жасауға болады» [126, 26-27 с.] деп Тәңірі сөзін бір құдайлық деген ұғымды білдіреді деген ой айтады.

Уақыт өте келе түркілер көшпенді дәстүрден отырықшылық өмір салтына өтіп, қалалық немесе жер игеріп диқаншы бола бастады. Егер далалық, көшпенді түркілерді тәңіршілдік діні қанағаттандырса, ал қалалық отырықшы түркілер арасындағы тайпалық және рулық дәстүрлер әлсірей бастады. Сондықтан отырықшы түркілер сол уақыттың заман талабына, өмір ағымына сай келетін, халықтың бірлігін сақтап қалатын жаңа сенім-нанымның қажеттілігін сезінді. Бұл тоқырауды түркі хан-қағандары да түсінді. Сондықтан отырықшы халық арасында әлсіреген тәңіршілдік дінін одан әрі дамытып, бұрынғы жоғары деңгейге көтеруді қажет деп санамаған түркі хандары, тығырықтан шығу үшін мәселенің шешімін сол кезеңде қанатын кең жая бастаған ислам дінінен тапқан болатын.

Ең алдымен ислам дінін арабтар мен парсы саудагерлерімен сауда-саттық қатынаста болған көпестер, сосын халифқа қызмет ететін түркі жауынгерлері мен құлдар, қала тұрғындары, ең соңынан бірнеше ғасырлар бойында көшпенділер қабылдаған болатын. Осылайша біртіндеп түркі әлемі бірнеше ғасырларға жалғасқан ислам дінін қабылдай отырып, өз ата-бабаларының дінінен бас тартқан болатын. «Түркілердің Ислам дінін қабылдауында, олар ұстанған ғайри діндердің рухани-материалдық жағынан адамдарды қанағаттандыруда жеткіліксіз болғаны, ілкінші (примитивті) нанымдар мен аңыз-ертектерге негізделген сенімдердің Исламмен жарыса алмауы маңызды фактор болды. Адам етін қанағаттандырғанмен, рухын көтере алмайтын отқақұлдық, бұтқақұлдық, аруаққақұлдық т.т. сенім-нанымдар мен діндердің Ислам келгенде қаншалықты негізсіз екені анық болды» [127, 255 б.].

Алғашында түріктердің ислам дінін қабылдауы олардың мемлекеттік идеологиясына оң әсерін тигізген еді. Қалалар мен ауылдарда тұратын түркілерді ислам діні сырттай қанағаттандырды. Бірақ болашақта олар үшін жаңа дінді қабылдаудың жағымсыз жақтары да пайда бола бастады, өйткені олардың ата-баба дінінің ұмытылуымен қатар, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жойыла бастаған еді. Ұлттық сезімдер мұқалып, ұлттық идеология діни жолмен алмастырылды. Дұғалардың мәні мен мағынасын түсінбейтін бөтен, түсініксіз тілде оқыды. Ислам дінінің қабылдануы тек бір діннің басқа дінге ауысуымен ғана шектеліп қоймай, оның басқа да маңызды салдары болды. Түркі дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, дүниетанымы, заңдары араб дәстүрлерімен алмастырыла бастады. Ислам дінінің қабылдануымен қатар түркітілдес тайпалар түркі тілінен бас тартып, араб әліпбиіне көшті. Түркі әлемін ұғынудың коды немесе кілті болып табылатын руна жазулары арабша тілне алмастырылды. Жаңа ұрпақ өздерінің ежелгі мәдениетінің тарихи және

ұлттық түптамырын, ата-бабаларының дәстүрлерін ұмыта бастап, өткен мен қазіргінің байланысы бұзылды. Көшпенділер ұрпағы көне түркі кітаптары мен тастарға қашалып жазылған жазбаларды оқи да түсіне де алмады.

Алайда көшпенділер арасында құранның нормалары тікелей қолдану құқығына ие болған жоқ, өйткені ол діни және моральдық сипатта қабылданды. Құран нормалары көптеген мәдени және құқықтық дәстүрлердің, жазбаша және ауызша сипатта қалыптасты. Өз кезегінде ислам руханияты көптеген түрлі ұлттардың мәдениетіне де сіңісті. VII-VIII-ғасырлардағы арабтардың Орталық Азияға жорықтары кезінде Мәуереннаһр халқының да қомақты үлесі болды. Біріншіден, олар мәдени аймақта өмір сүрді, екіншіден, Мәуереннаһр Араб халифаты орталығынан жырақта орналасқандықтан, шариғат нормалары негізіндегі құқықтарды өзінше түсінуді қажет етті.

Мәуереннаһр халқының құқықтық дәстүрлері оның өркениетінен, жалпы және мемлекеттік-құқықтық мәдениетінен, халықтың адамгершілік сипатынан туындайды. Мәдени дәстүрдің бір бөлігі ретінде құқықтық дәстүр тек ресми мемлекеттік салада ғана емес, сонымен қатар ұлттар мен ұлыстар арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды діни-моралдық, адамгершілік реттеу саласында жұмыс жасайтын дәстүр. Бұл Мәуереннаһр халықтарының мәдени, тарихи және құқықтық дәстүрінің ерекше сипаты. Осылайша көшпенділер санасын исламдандыру процессі біртіндеп, аса қарсылық туғызбай бейбіт түрде жүргізілді.

Өйткені ислам әуел бастан индуизм, иудаизм сияқты этникалық дін емес, ол әмбебап дін. Ол Құдайдан келген «жалпыға ортақ ілім, жалпыға ортақ хабар» ретінде танылды, этникалық сипатына байланысты бөліну ислам үшін аса маңызды болмады, керісінше әмбебаптылық әлдеқайда маңызды және ол осы әрқырлылығы негізінде басқа діндерден ерекшеленеді. Ислам дінін қабылдаған түркі қоғамының рухани дәстүрінің кеңінен өріс алып дами бастағаны осы діни ерекшеліктің әсері болғаны анық.

Тоғыз жолды торабында орналасқан қазақ даласындағы ірі қалалар тек қолөнер, шаруашылыққа қажетті заттар аясында ғана алыс-беріспен шектеліп қалмай, сан түрлі діни канондар мен догматтармен де алмасты. Заратуштра, буддизм, конфуцияшылдар мен христиан және иудаизм, ислам діндерін насихаттаушы миссионерлер де осы жол арқылы қазақ жеріне аяқ басқан болатын. Сауда керуендері арқылы қазақ еліне көптеген қасиетті кітаптар мен философиялық трактаттар да жеткізілген. Көшпенділер жеріндегі өзіндік философиялық-діни жүйенің жоқтығы дін таратушы миссионерлер үшін өте қолайлы болды. «Ұлы дала әртүрлі наным-сенімнің тәңіршілдік, шаманизм, зороастризм, кейіннен буддизм, христиандық, манихейство және ислам түйіскен жері болды. Этнографиялық зерттеулер Орталық Азия көшпенділерінің дүниетанымын қалыптастыруда басты рөл исламға дейінгі тәңіршілдік, шаманизм және зороастризм тиесілі екенін дәлелдейді. Ислам дінін қоспағанда, басқа діни конфессиялар осы аймақтың діни ахуалына айтарлықтай әсер еткен жоқ. Дәл осы жерде діндердің өзара әрекеттесуі, олардың қатар өмір сүруі, яғни қазіргі Қазақстан аумағында ежелгі уақытта

пайда болған синкретизм құбылысы болғаны ерекше маңызды» [128, 100 с.] екенін анықтай келіп, осы қазақ жерінде орын алған әртүрі діндердің өзара әрекеттестігі «...әртүрлі мәдени дәстүрлердің өзара әрекеттесуі сөзсіз исламға дейінгі мәдени топқа тән синкретизмді тудырды. Сонымен қатар, осы топ ішінде көне түркі нанымдары ең өміршең болды. Олар исламмен бірігіп, кейіннен қазақ қоғамының дәстүрлі өмір салтының мәдени негізін құрды» [128, 100 с.] деп тұжырым жасайды. Бірақ Сәбетқазы Ақытай «Жат жерлік ілімнің енуі қиын қоғамдық-саяси және идеологиялық жағдайда өтті. Көшпенділердің төзімділігіне, жағымды моральдық-психологиялық жағдайға қарамастан, оның қазақ даласына таралуы кейде кездері шын мәнінде өте шиеленісті деңгейге көтерілген болатын» [122, 53 с.] деп қарсы пікір білдіреді.

751-жылы Талас алқабында қытай билігінің жеңілуі арабтар мен мұсылмандардың жеңісі ретінде көрінеді. Бұл шындық, бірақ бұл жеңіс сонымен қатар Орталық Азияның да жеңісі болды. Шындығында, сол кездегі араб әскерлері негізінен ирандық және түркі тектес халықтан жасақталған болатын. Әскер қолбасшы Зияд ибн Салих араб болса, Абу Муслим жергілікті халық өкілі болды. Әлбетте ол осы аймақтың мүддесін қорғаған еді, әрине ол арабтардың мүдделеріне қарама-қайшы болатыны сөзсіз. Абу Муслим әскер жасағының көбісі жергілікті халықтан болғандықтан, арабтарды санамаған, жауынгерлердің біразы ғана мұсылмандар болды. Өйткені Орталық Азияда исламға көшу үрдісі өте баяу жүргендіктен, осы Талас соғысына дейін және одан кейін де бірнеше ғасыр бойында бұл аймақ халқының жаппай мұсылман бола қойған жоқ. Осыны ескере отырып, Талас алқабында соғысқан сарбаздардың көпшілігі үшін бұл діни жиһад емес, шетелдік әскерлерді өз жерінен тазарту ниетінде болды деп санауға болады.

Ал «Қытай әскері Талас бойында тас талқан етіп жеңілгеннен кейін, енді қайтып түркілер еліне беттей алмады. Қытай әскері Талас бойындағы жеңілістен соң өзінің Орта Азияға жүргізген экспанциялық саясатынан бас тартты. Ұйғыр мен Тибеттіктердің қысымынан, Қытай тек Жетісу емес, шығыс Түркістан жерінен кетуге мәжбүр болды. Арабтар бұл өңірде өз билігін жүргізе алмады. Түркі империсы құлағаны мен жер түркі халқының қолында қалды [129, 90-92 б.].

Қазақ жеріне ислам дінінің таралуына алғаш серпін берген Талас шайқасы екенін жоғарыда айтып өттік. Түркілердің Аббаси халифатының әскерлерімен бірігіп, Қытай әскерлерін талқандауының нәтижесінде Тан империясының батысқа қарай жылжуын тоқталып, «Ислам дінінің қазақтар арасына тез тарап қана қоймай, халық арасында үлкен беделге ие болуына 751-жылы Талас өзенінде болған соғыста Араб әскерлерінің Қытайдың әскерін күйрете жеңуі басты себеп болды» [130, 189 б.]. Нәтижесі, XIX ғасырдың соңына қарай Жетісу мен Сырдарияның отырықшы тұрғындарының арасында исламның қалыптасуына мүмкіндік берді.

Абсаттар қажы Дербісәлі: «Қазақ халқының мәдениетін Ислам салт-дәстүрінсіз көзге елестету қыйын, себебі біздің ұлттық санамыздың қалыптасуына исламның зор ықпалы болды. Қазақтардың ата-бабасы ислам

мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз еңбек етті. Ислам мәдениетінің Орталық-Азия аймағына келуі 8-ші ғасыр мен белгіленеді. 751-жылғы Талас өзенінде Қытайлар мен Арабстаннан келген мұсылмандар арасында орасан зор соғыс болды. Арабтықтардың жеңіске жетуі Ислам діні мен мәдениетінің орасан зор аймаққа тарауына айтарлықтай ықпал етті» [131, 378 б.] деп, исламның қазақ елінің мәдени-әлеуметтік өміріне оң әсерін атап көрсеткен.

X ғасырдың аяғында Қараханидтер мемлекетінде ислам мемлекеттік дін ретінде орнықты. Алайда Шыңғыс ханның империясы кеңейген сайын исламның таралуы бәсеңдеді. Бірақ ислам кейінгі ғасырларда таралуын тоқтатпады. Кейіннен Алтын Орда хандары Берке және Өзбек те исламды қабылдады. Ол кезде түркілер арасында сопылық ілімнін насихаттаушылардың әсері басым болды. Орталық Азияда сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Йасауи аймақтағы барлық түркітілдес халықтары арасында исламның таралуына үлкен үлес қосқан болатын.

Тарихшы М.Бұлұтай исламға дейінгі діндер мен діни сенімдер пайда болған жерінде дамымай қуғынға ұшырап, басқа елде өсіп-дамығанын анықтай келе, тек ислам қуғын-суғын көрмеген дін деген баға береді [127, 163 б.].

Расында тарихқа көз салсақ, Орта Азияда пайда болған заратуштра діні қуғандалып, Иранға барып орныққан, алайда кейбір деректерде бұл дін парсы жерінде немесе Әзірбайжан елінде пайда болған делінген. Сол сияқты осы парсы топырағында пайда болған манихей діні қуғындалып, Орта Азияға тұрақтаған. Будда дінінің негізін салушы Сиддхарта Гаутамада Үндістаннан қуылып, Қытай, Азияның кейбір мемлекеттерінде өзінің сенімін дәріптеген. Сол сияқты Исус да яһуди жерінде тұрақтай алмады. Ал ислам діні Мекке қаласынан қуғын көргенімен, араб елінен аластатылмаған.

«Ислам – адамның сыртқы және ішкі тұтастығы, Жаратушы көрсеткен жолдан таймай, саналы түрде кемелділікке ұмтылуы. Мұхаммедтің уағыздарына сәйкес, адам күнәкар емес, және алғашқы күнә үшін кінәлі емес, керісінше, ол өз денесінің, сезімі мен ойының тұтастығына ие. Бірақ Адамның ұрпақтары әр түрлі жағдайларға байланысты осы тұтастықты жоғалтты және енді өзіне қайта келуге әрекет етуі керек» [132, 54 с.].

Қазіргі уақытта ислам дінін қазақ халқы этникалық бірегейліктің ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Қазақ халқының негізгі бөлігі өздерін мұсылман санайды және белгілі бір дәрежеде діни салт-жоралары мен талаптардың кейбір бөлігін орындайды. Ислам дінімен қатар, қазақтардың арасында исламға қайшы келмейді кейбір исламға дейінгі дәстүрлер сақталған. Мысалы, ұл балаларға айдар қою, тұсау кесу, жаңа туған баланы қырқынан шығару, бесік той сияқты халықтық салт-жоралғылар сақталып келеді. Қазақтар «Тәңір», «Құдай», «Жаратқан, Жаратушы» сөздерін Алла сөзінің синонимі ретінде жиі қолданады.

Дін қоғамдық өмірдің құрамдас бөлігі ретінде, оның ішінде қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетінде, әлбетте оның тарихына қайталанбас өзіндік үлесін қосқаны айтпаса да түсінікті. С. Орынбековтың ойынша, қазақ

халқы мәдениетінің мазмұнындағы исламның өзіне тән рухани формалар: «тәңіршілік пен зороастризмнің өшпейтін әсерімен ерекшелігі қазіргі уақытта да байқалады» [128, 97 с.].

Қазақ даласына исламның таралуы ғасырлар бойы біртіндеп баяу жүрді. Ислам елдің оңтүстік аймақтарынан бастап ене бастады. Ең алдымен қала тұрғындары мен ауылшаруашылықпен айналысатын жұртшылық исламға бет бұрған болатын. XV ғасырдың ортасында ислам діні Қазақ хандығының мемлекеттік дініне айналады. Ал XVII-XIX ғасырларда Ресей империясы Қазақстан мен Орта Азияның территорияларын жаулап алып, өз ықпалын қазақтарға және басқа мұсылмандарға жүргізу үшін татар молдаларын қолданды.

Зерттеуші Сабыр М.Б. өзінің «Роль ислама в казахском обществе и ее влияние на казахскую литературу» деген ғылыми мақаласында исламның Қазақстанға таралу және дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады.

«Бірінші этап VIII-IX ғғ. – исламның Еуразия даласының кең аймағына ену.

Екінші кезең X-XVII ғғ. – ортағасырлық мемлекеттердегі негізгі дін ретінде исламды мақсатты түрде бекіту.

Үшінші кезең XVIII ғ. және XIX ғ. басы – Ресей империясының құрамына қосылу кезеңі, суфизм рөлінің төмендеуі және ресей отарлық әкімшілігінің исламға бейтарап саясаты.

Төртінші кезең XIX ғ. аяғы және XX ғ. басы – XIX ғасырдың соңынан бастап Қазақстан аумағында исламның нығаюы Ресей үкіметінің, отарлық әкімшіліктің мүдделеріне сәйкес келмеді. Сондықтан бейтарап саясаттан исламға қысым көрсету саясатына көшу орын алады.

Бесінші кезең XX ғасырдың 1917 ж. қазанынан 90 ж. дейін – кеңестік кезең. бесінші кезең-кеңес кезеңі. Исламға қатысты саясат дінге қатысты жалпы саясат шеңберінде жүргізіледі. Қазақтың діни басқармасы 1923 жылдан кейін Уфа қаласындағы ішкі Ресей мен Сібірдің орталық діни басқармасының қарамағына енді.

Соңғы алтыншы кезең – жалпы дінге деген көзқарастардың ұлғаюы. 90 жылдардың басында қазақстандық мұсылмандар алғаш рет Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атты өздерінің рухани орталығына ие болды» [133].

Қазақтардың діни дәстүрлерінде шаманизм үлкен маңызға ие болды. «Көшпенділер тұрмысымен тығыз байланысқан барлық шаман әдет-ғұрыптары, ұғымдары, аңыздары қырғызда мінсіз тұтастықта сақталған» [134, 69-70 б.] деп өз зерттеуінде Ш. Уәлиханов атап өткен болатын.

М. С. Орынбековтың пікірінше, Қазақстандағы ежелгі наным-сенімдерді талдау арқылы олардың сабақтастық сипатын ашты. Тәңіршілдік пен шаманизмнен бастап, Митра арқылы зороастризмге табынуы, осылардың барлығы біртұтас болмыс – көшпелі қоғамның діни идеологиясының көрінісі. Қазақ дүниетанымының діни құрылымында тәңіршілік пен шаманизмнің қалдықтары мен жұрнақтары, митраизм мен зороастризмнің аздаған

сарқыншақтары салт-дәстүрлерде, құндылықтары мен қарым-қатынас нормаларында қолданысы жалғастыруда. Тәңірі, Жер-Су, Умай бүгінгі күнге дейін қазақтардың қоғамдық санасында бар, бұл дала сенімі ретінде зороастризмге да тиесілі [128, 185 с.].

Шубаева Ұлтай: «Қазақстандағы исламға исламның қатаң ортодоксальді ирандық немесе арабтық моделі, түріктік жұмсақ моделі де тән емес. Ол ислам қоғам мен азаматтардың жеке өмірін реттейтін араб мемлекетіндегі исламнан ерекшеленеді. Сондықтан ислам бүгінгі таңда қазақтар үшін өмір салты мен мінез-құлықтың негізі емес, өзіндік ерекшеліктің символы болып табылады» [135, 9-10 б.] дей келе, ары қарай :«Жалпы, ислам дінін қазақ халқының менталитетінде екі негізгі ерекшелік арқылы анықтап керсетуге болады. Біріншіден, архаикалық мәдениеттің орнына келген ислам діні жетілген өркениетке жол бастаушы болу арқылы ұлттық менталитеттің рухани мүддесі мен рухани дүниетанымының өнегелі жетілуіне септігін тигізді. Суниттік-ханафиттік мазһабты түсіну арқылы шығармашылық өнер дамыды. Ислам халықтық «мен» ұғымын қорғауға мүмкіндік берді. Екіншіден, мұсылман діні халық санасынан орын алып фольклор, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың күнделікті өмірде қолданыс табуына мүмкіндік беріп, ұлттық менталитеттің қалыптасуына септігін тигізді. Қазақ жеріндегі бостандық пен елдің бірлігі деген мәселені шешу үшін, менталитетті дұрыс дамыту үшін «дәстүрлі діндерді» ұстану дұрыс деген көзқараста болудың пайдасы зор деп тұжырымдаймыз. Соның ішінде халықтың көпшілігі ұстанатын Ислам дінінің орны ерекше ықпал етіп, ханафиттік мазһаб арқылы Қазақстан жерінде өз туын тігіп отыр» [135, 7 б.] деп түйіндейді.

Шығыстанушы М.Әбусейітованың ойынша: «Еуразияның оңтүстік аймағынан бастап жергілікті халықты исламдандыру уақыт өте келе Қазақстанның мұсылман қоғамдастығына кіруіне алып келген жоқ. Бұл жерде мұсылмандық исламға дейінгі дәстүрлер мен құндылықтардың үлкен қатпары пайда болды, бұл Қазақстанға ерекше көрініс берді» [136, 127 с.].

Қазақстанда таралған ислам, өзіне дейінгі формасы мен мазмұны мұсылмандық сипатқа жақын дәстүрлі сенімдерді ығыстырмай, өз ыңғайына қарай имкемдеп бейімдеді. Дұға бағыштау кезінде қазақтар тек ата-бабаларының есімдерін ғана емес, сонымен бірге исламдағы пайғамдарлардың аттарын атады, бақсылардың күшін мойындай отырып, өмірлік жоралғыларды өткізу барысында мұсылман қожаларына да жүгінген. Әлбетте дала дәстүрі мен ислам дәстүінің күрделі сабақтастығы «Орта Азиядағы діндер геологиядағы тұнба шөгінділер сияқты бірінен соң бірі пайда болды. Әрбір жаңа сенім алдыңғы сенімнің үстіне қабаттасып, ірі сілкіністер кезінде төменгі қабаттар бетіне көтеріліп, ойламаған тұста өзі туралы хабар береді. Ең тереңгі қабатта Нана және Сиявуш сияқты құдайларға арналған сан түрлі жергілікті салт-жоралғылар бар. Жарыққа немесе отқа табыну салты оларды біріктіріп, Ауғанстаннан солтүстік Қазақстанға дейінгі аймақты қамтыған сансыз көп отқа құрбандық шалатын орындардің кездесуі оның дәлелі. Қола дәуіріндегі қалаларда отқа құрбандық ошағы қаланың ортасында оны қоршаған басқа

мәдени орталықтар арасындағы байланыс сияқты «коммутатор» болды. Ежелгі заманнан бері мұндай ғибадатханаларда отты ұстау бүкіл Орталық Азиядағы діни тәжірибенің маңызды элементі болып келді. Арабтар жаулап алудан мың жыл бұрын Орталық Азия тұрғындары көшпенділердің наным-сенімдерін есептемегенде төрт-бес дінмен танысқан. Олар діни сенімдерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға дағдыланды. Бұл олардың адам танымының қайнар көздерін зерттейтін, қазіргі кезде «эпистемология» деген атауды алып келді» [116, 119 с.].

Ислам дінін қабылдағаннан кейін, түркілерге «...мұсылмандар исламдық құқықтың төрт жүйесінен бірін таңдауға мәжбүр болған кезде, Орталық Азия тұрғындарының басым көпшілігі күнделікті өмір мәселелеріне практикалық көзқарасымен ерекшеленетін мен қолданыстағы сауда ережелері мен нормаларын қабылдаған ханафи мазхабын таңдаған еді» [116, 92 с.]. Сондықтан «Түркілер исламды соғыс арқылы насихаттаудан бас тартып, сендіру арқылы насихаттап табысқа жеткен алғашқы халықтардың бірі болды. Осы діни насихаттың барысы туралы және оның жолында кездескен кедергілердің жойылуы туралы деректер өте аз» [137, с. 71-72], дегенмен, С.Ақатай исламды көшпенді халықтың қабылдауы туралы: «Көшпенді өмірдің ерекшеліктеріне сәйкес Даланың өзіндік дүниетанымдық құндылықтары болды. Исламның Қазақстан даласына шын мәнінде шиеленіскен жағдай туындаған кезде зорлық-зомбылық арқылы таралу қиындығын туралы қарлұқ тайпаларының екі ғасырға жуық уақыт бойы исламға қарсы күресі куәландырады.

Ислам біраз уақыт бойында қазақ даласында қалыптаса алмады, бірақ олар шабуылын тоқтатпай, мұсылман фанаттарының моральдық және физикалық рухының сынғанына қарамастан, одан әрі үлкен күшпен соғысуын жалғастырды» [122, 201 б.] деген ойымен бөліседі. Алайда көптеген ғылыми зерттеулерде Қазақстанға исламның ешқандай қысымсыз таралғаны туралы айтылады. Бұл ғалым қазақ еліндегі шенділердің ислам дінінен өзіне қандай да бір «…көшпенді қоғамның басшылары Мұхамед ілімінен өз пайдаларына байқады, барлық әртүрлі ұлттар мен ұлыстарға бағытталған шынымен исламға тән гуманизм мен демократизм арқылы мал өсірумен күнелтетін топтардың кейбір бөлігін баурап алған болатын» [122, 57-58 б.] деп топшылайды. Шынында да, мұсылман теологтарының өздері көптеген басқа діндегі адамдардың бұрынғы сенімдерінен бас тартпай, ислам дінін номиналды түрде қабылдағанын мойындады, британдық антиковед Питер Брауннің айтуынша, «ислам әр түрлі діни ландшафттарға «тұман сияқты оңай» тарады» [116, 122 с.].

«Қазақстанда ханафи мазхабының сунниттік діні бар. Қазақстандағы исламның ерекшелігі туралы айта отырып, оның ежелгі халықтық наным-сенімдермен тығыз байланысын атап өткен жөн. Қазақстанда классикалық және дәстүрлі ислам жоқ, бірақ шаманизмнің іздері бар «халықтық» ислам бар. Бүгінгі күнге дейін жерімізде ата-бабалар табынуы салты, Аспанға – Көк

Тәңірі мен Жерге – Ұмай, ежелгі салттар, салт-жоралғылар сақталған» [138, 110 с.].

Қазақстандағы ислам дәстүрі әртүрлі мәдени-тарихи, әлеуметтік мәдени, психологиялық, әлеуметтік-тарихи жағдайлар мен қазақ мәдениетінің алғышарттарынан құралған тамыры тереңге бойлаған дәстүрден құралған. Түрклік мәдениет исламның қалыптасуы мен таралуына елеулі үскен қосты. «Орта Азияда сунниттік исламның ханафилік мазхабын ұстанған, ол жергілікті елдің салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына либералды көзқарас танытты. Тіпті кейбір зерттеушілер ханафи мазхабын простестанттық этикамен де салыстырып жатты» [139, 225 с.] деп Н.Г.Аюпов Орталық Азия оның ішінде қазақ жеріндегі исламның жергілікті дәстүрмен оңай әрекетке түскенін айтады. Сондай-ақ профессор Н.Аюпов неліктен дәл осы ханафи мазхабының Орталық Азия аумағынжа үстемдік тапқанын зерттей келе, оның үш түрлі себебін анықтап: «Біріншіден, басқа мазхабтармен салыстырғанда ханафи мазхабы басқа сенімдерге өте төзімді көзқараста. Өйткені Орта Азия ислам келмес бұрын діни сенімдер мен ағымдарды елегінен өткізген мозайка тәрізді діни сипатта болған. Екіншіден, өзінің діни эпистемологиясына байланысты ханафи мазхабы дәстүрлерді жоғары бағалайды. Жалпы ислам және осы мазхаб, әсіресе ислам дінін қабылдаған және діннің негізгі қағидаларына қайшы келмейтін халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын әрқашан мұқият сақтаған. Үшіншіден, ең басты себебі, ханафи мазхабының Орталық Азияда оңай, еш кедергісіз енуі ислам дінінің бір құдайлық сенімді дәріптеуі. Өйткені христиан, иузадизм, зороастризм, тіпті тәңіршілдік діндері тек бір құдайлық сенімді ұстанғандықтан, осы монотистік сеніммен өмір сүрген Орталық азия халқы үшін исламдағы таухид сенімі жат болмады» [139, 211-212 с.] – деп негізгі үш себептерін жіктеп берген.

Сондай-ақ кейбір зерттеушілер қазақтың көшпенділік мәдениеті туралы толық түсінігі немесе білімінің жоқтығынан қазақтардың мұсылмандық болмысын дұрыс түсінбейді. Бірақта олар біріншіден, қазақ дәстүрінде исламның ортаазиялық көшпелі өмір салтына бейімделіп кеткенін, екіншіден, қазақтың көшпелі өмір салты мезгілдік сипатта екенін және жылына екі рет жазда жайлауда болса, қыста арнайы салынған қыстаулық үйлерде тұрған. Үшіншіден, көшпенді қазақтар географиялық жағдайға байланысты қыс кезінде қыстауда кемінде алты ай тұруға мәжбүр болған. Сондықтан көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар ислам салт-жоралғыларын орындауға, діни қызметтерді жүргізуге жарамсыз болды немесе ислам қазақ халқы арасында үстірт таралған деген жаңсақ пікір. Сондай-ақ олар исламда бүкіл жер беті мешіт немесе құлшылық ету орны болып саналатыны туралы білмеген сияқты. Көшпенділер тіпті экстремалды жағдайда аттың үстінде намаз оқуға машықтанған, ханафи мазхабына сәйкес жұма намазды үш мұсылманның басын қосып өткізуге болады [140, 153 р.].

Е.Оңғаров: «Көшпенділер қоғамдық өмірді реттеуде әдеттік заң нормаларына көбірек жүгінгенімен, ислам шарттарын орындау мен ғибадат мәселелерінде осы мазһабтың ұстанымдарын басшылық алды. Бала туғанда

азан шақырып ат қою, неке қию, жерлеу рәсімдері, ораза тұту, намаз оқу тәртіптері осы мәзһаб шарттарына сәйкес атқарылды. Басқа да мұсылман халықтары сияқты көшпенділер де ораза айт, құрбан айт сияқты мейрамдарды атап өтіп отырды» [141, 55 б.] деген баға береді.

Орталық Азия «қала халқының арасында исламның таралуымен қатар, пұтқа табынушылық ғұрыптары да жалғасын тапқан. Ғалымдар Орталық Азия халықтары үшін ислам діні олардың рухани және діни идеяларын аяққа таптамағанын атап өтті» [142, 481 б.].

С.Хатами: «Барлық дәстүрлі діндер мен мәдениеттерде, әлемнің барлық этностық топтар мен ұлттарының арасында белгілі бір уақытта, белгілі бір жерлерде орындалатын және белгілі бір табиғи құбылыстарға сәйкес келетін ежелден сақталып келе жатқан қасиетті рәсімдердің қатары болған. Бірақ қазіргі уақытта пайда болған немісше Entzauberung («сиқырдан босату») деп аталатын құбылыс ескі салт-жоралғыларды жойып, адамның табиғатпен байланысын ажыратып қана қоймай, адамның бұл әлемді және ондағы барлық құбылысты мағынасы толық және өз мақсат-міндеті бар біртұтас органикалық бүтін ретінде қабылдамайтын жағдайға әкеліп соқтырды. Адам енді табиғатпен бірлікте өмір сүрмейді; теңіз, таулар, ормандар мен шөлдер ол үшін әр түрлі формадағы жансыз заттар. Табиғатпен тығыз және эмоционалды байланыстардың үзілуі адамдар арасындағы қарым-қатынастардың да әлсіреуіне алып келді» [121, 45 б.].

Н.Нұртазина өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам» монографиясында «Ислам діні қазақ қоғамының, мемлекетінің, мәдениетінің идеялық, құқықтық, саяси және рухани-адамгершілік фундаменті болды. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен байланыста дамыған көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәрменді рухани фактор болып келген ұлы ислам дінінің бір-бірімен кездесіп, байланысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп бағалауымыз керек. Тарихилық пен диалектикалық ойлау тұрғысынан қарасақ, ежелгі түркі дәстүрі өзгермей, бір орында тұруы мүмкін емес еді. Ол уақыты келгенде міндетті түрде түбегейлі өзгеріске, трансформацияға ұшырап, түрленіп, руханилануы керек болды. ...Ислам діні арқасында түркілер қоғамы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық жағынан толыққанды өркениеттік негіздерді қабылдауға мүмкіндік алды» [143, 3 б.] деп тұжырым жасайды.

Араб мәдениетінің арқасында ежелгі қазақ дәстүрінде мәдени құндылықтар жоғалып кеткен жоқ, керісінше «ислам діні арқасында түркілер қоғамы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, моральдық, идеологиялық, мәдени-гумантарлық жағынан толыққанды өркениеттік негіздерді қабылдауға мүмкіндік алды» [143, 6 б.]. Сонымен қатар ислам діні әлемдік өркениеттің дамуына үлкен үлес қосты, сондай-ақ ерте орта ғасыр дәуірінде араб-мұсылман мәдениеті арқылы басқа ұлттарды әлем мәдениетімен таныстыру, исламданған халықтардың тағдырына жағымды әсер еткен. Осы ретте белгілі ғалым Назира Нұртазинаның: «Ислам діні қазақ қоғамының, мемлекетінің, мәдениетінің идеялық, құқықтық, саяси және рухани-адамгершілік

фундаменті болды. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен байланыста дамыған, көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәндері рухани фактор болып келген ұлы ислам дінінің бір-бірімен кездесіп, байланысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп бағалауымыз керек» [143, 3 б.] деген тұжырымы тұщымды.

Қорыта келе, ислам – қазақ халқының дәстүрлі діні. Бірнеше ғасырлар бұрын қазақ даласына келген ислам өзінің берік орнын тапқаны анық. Қазақтар ислам дінін жан-дүниесімен қабылдап қана қоймай, сондай-ақ оның ережелеріне сәйкес өмір сүрді. Ғасырлар бойы тығыз қарым-қатынастар нәтижесінде исламның көшпенді қазақ халқының руханиятына түбегейлі әсер етті. Ислам діні халқымыздың тұрмысы, өмір салты, сана-сезімімен біте қайнасып дамып, қазақ мәдениеті мен дәстүрінің дінмен біртұтастығын қалыптастырды. Қазақ дәстүрлері көбінесе діннен туындап, исламмен үндестік табады. Көшпенді тұрғындарды исламдағы ең бастысы қызықтырған себептердің бірі – оның жетім-жесірлер мен мүсәпір-міскіндерге қатысты адамгершіліктік қатынасы. Әлеуметтік жағдайы нашар адамдар тарапынан сөйлейтін ислам қоғамдық өмірде үлкен резонанс тудырған болатын.

Қазақтар арасына таралған ислам дінінің нәтижесінде, исламға дейінгі нанымдағы әртүрлі әдет-ғұрып пен дәстүрімен жаңа дін құрделі әрекеттестікке түсті. Қазақстанда исламның таралуының ерекшелігі, оның рухани бейімделу қабілеттілігі, жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кірігу икемділігі болды. Ислам әдет-ғұрпы мен қазақтың салт-дәстүрінің өзара байланыс мен өзара әрекеттестігін аша отырып, ескерте кететін бір жайт ислам құқығының (шариғат) кәдімгі құқықпен (әдет-ғұрып) байланысы Қазақстанда орын алған исламның маңызды бір ерекшелігін біріктіреді [144, 260 б.].

3.2 Ислам дәстүрі мен қазақ халқының салт-дәстүрлерінің өзара сабақтастығы

Басқа да барлық дүниежүзілік діндер сияқты ислам дінінің де өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол тарих дүниежүзілік әлем тарихымен ұштасып, жұптасып, шымдасып жатады. Бірақ, Ислам дінінің шығу дәуіріне, уақыт талабына, таралуына оны ұстанған халықтардың тұрмыс-тіршілігіне, әдетғұрпына байланысты, психологиясына, көңіл-күйіне қарай өзіндік ерекшеліктерінің бар екенін аңғарғанымыз жөн. Қазақтар арасына таралған ислам дінінің нәтижесінде, исламға дейінгі нанымдағы әртүрлі әдет-ғұрып пен дәстүрімен жаңа дін құрделі әрекеттестікке түсті. Қазақстанда исламның таралуының ерекшелігі, оның рухани бейімделу қабілеттілігі, жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кірігу икемділігі болды. Ислам әдет-ғұрпы мен қазақтың салт-дәстүрінің өзара байланыс мен өзара әрекеттестігін аша отырып, ескерте кететін бір жайт ислам құқығының кәдімгі құқықпен байланысы Қазақстанда орын алған исламның маңызды бір ерекшелігін біріктіреді. XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақтардың ислам діні айрықша өрістеген көршілес халықтармен сыртқы саяси байланысының нығаюына байланысты шариғат қазақтың қалыпты құқығына айтарлықтай әсер етті.

Густав Грюнебаум: «Ислам арабтардың өркениеті емес, құрамында көптеген халықтар мен мәдениеттердің үлесі бар универсалдық, гетерогендік өркениет болап қалыптасты» [145, с. 9], деген болатын немесе «Ислам: проблемы идеологии, права, политики и экономики» ғылыми жинағында: «Ислам даналығы сонда, ол аристократизм мен демократизмді ұштастыруды, өмірге, нақты жағдайға сай икемді, әр қилы әрекет қылуды міндеттейді. Жалпы, Құран мен Хадис демократиялық негіздерге шақыратыны белгілі. Онда мұсылмандардың теңдігі туралы көп айтылады. Исламның артықшылығы да сонда. Бұл дінді ұстанған қоғамда нәсілдік ақсүйектік (родовая аристократия) деген түсінік жоқ, ата-бабаларының даңқы, қызметтері ұрпағына ешқандай нақты әлеуметтік артықшылықтар, ерекше құқықтар бермейді, мәртебе тек жеке адамның өз басының қасиеті, қабілеті, еңбегіне байланысты беріледі» [145, с. 45], – деп ислам дінінің басты артықшылықтарын айтып өтеді.

Нұрмұратов С.Е. пікірінше: «Қазақ жеріне келген мұсылмандық бағыт исламның суниттік ағымындағы ханафиттік mazhab болып табылады. Ислам өзінің көп ғасырлық тарихында әлеуметтік дүниенің көптеген саласына ендей алатын ерекше рухани құбылыс екенін танытты» [146, 75 б.]. Ал «Дін халықтың рухани негізі, дүниетанымдық болмысының қайнар бұлағы іспеттес» [147, 3 б.].

А.Камалиденова «Особенности ислама в Казахстане. Обычное право» еңбегінде: «Шариғат мұсылманның іс-әрекетінің заңды нормалары ретінде қазақ жерінде өзінің қатаң ресми шарттарына орай сіңіспеді. Алайда Шариғат заңдарын енгізу ісі сонау XVI ғасырдан бастау алған. Атап өтер бір жайт, ежелден қазақ әйелінің мұсылман қоғамындағы әйелдерден жағдайы өзгеше дамыды. Ол кезінде ер азаматтармен тең құқылы болған. Исламды қабылдай отырып, қазақ әйелі паранжа кимеген. Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша мұсылмандар саны 1,5 млрд-тан. астам. Арабтың «мүсілім» сөзі исламды қабылдаған Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары адам яғни мұсылман деген мағынаны білдіреді» дей келе, Исламды екіге бөліп қарастырады, атап айтқанда: «Нақты дін тұрғысынан Ислам салттар мен ритуалдары бар күрделі жүйені құрайтын заңдар жиынтығы және «халықтық» ислам тұрмыстық ережелермен, дәстүрлермен арнайы бекітілген өмір негізі. Қазақстанда жоғарыда аталған исламның екінші нұсқасы көрініс тапқан, яғни ислам діни тұрғыдан «халықтық» сипаттағы тұрмыстық формамен бекітілген» [138, с. 382], – деген тұжырым жасайды.

Шоқан Уалиханов: «Қырғыздардың барлығы мұсылман дінін ұстанады, немесе өздерін мұсылман деп атайды. Олардың барлық салт-жоралары мен нанымдары әлі күнге дейін Орталық Азия тайпаларының алғашқы діні деп есептелетін шаманизмнің реңкін сақтап келеді» [148, 72 б] – деп қазақ жеріндегі ислам шаманизм сенімімен бірге қабаттаса өмір сүргенін айтқан. Ал А.Камалинденова қазақтардың классикалық мағынада діндар мұсылмандар емес екенін және «ол түркілердің тәңіршілдігімен синтезден пайда болған ислам. Бұл қазақтардың арасында кең таралған, ол пұтқа табынушылық

құндылықтарға қарағанда әлдеқайда либералды деп айтуға болады» [138, 402 б.] дейді.

М.Ж.Көпеевтің шығармаларын оқи келе аңғаратынымыз, қазақ қоғамының ең жақсы, ұйыған кезеңі XX ғасырдың басындағы саяси өзгерістер нәтижесінде жоғалған. Ақын адам бойындағы жағымсыз, сүйкімсіз қасиеттердің пайда болуының түп төркіні оның Алладан алыстауынан, қол үзіп қалуынан деген тұжырымға келеді. Әрине, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың күрделілігі мен сәйкессіздігі XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамына тән еді. Ал рухани бірлікті жоғалтуды М.Ж.Көпеев адамзат қоғамының құндылық бағдарларының өзгеруімен байланыстырады. Адамдар өздерінің шексіз рухани мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланбай, болмашы, өткінші дүние үшін өзімшілдікке бой алдыратыны белгілі. Мәшһүрдің түсінігінше, «Аллаға деген сүйіспеншілік – бұл тек жақсылық пен әсемдік, адамшылық пен адалдық, діни жоралғыларды атқару ғана емес, жалпы оның жаратылысына деген махаббат» [149, 206 б.]. Яғни тек шынайы махаббат адам бойына адалдық пен әдептілік, қамқорлық пен мейірімділік қасиеттерін тудырады. Жалпы моральдық жауапкершілік, тәубешілік қасиеттердің адам бойынан, оның рухани әлемінен табылуы ар-ұяттан, иманнан екені анық. Ойшыл өзінің шығармаларында адал ниетті адам бейнесіне, адамгершілік, ар-ождан мәселелеріне көбірек тоқталады.

М.Ж.Көпеевтің ойынша, адамның жүрегін, ой-санасын, жан-дүниесін тек өнер-білім тазартып, оған жоғары мақсаттарға жетуге көмектеседі, ұмтылдырады. Әлбетте ол бұл идеяны дінмен байланыстырады: өйткені Алланы тану, оған илану әділеттілікке, адамдылыққа алып келеді. Сондықтан оның дүниетанымында Аллаға деген сенім ерекше орын алады. Жастайынан діни білім алып, шығыстың керемет жыр-дастандарынан сусындаған Мәшһүр Жүсіптің өлең-жырларының басым көпшілігі діни сарында, діни тақырыптарға қатысты жазылған, тіпті ешбір шығармаларында дін, Аллаға махаббат, құлшылық, мадақ туралы сөз иірімдері жоқ дей алмайсыз [144, 3 р.].

Адам табиғатынан Жаратушы алдындағы жақсылық пен жамандық, адалдық мен арамдыққа бейім келетін екі сипатқа ие. Әл-Фараби адам бойындағы осы сипат туралы былай дейді: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [49, 128 б.].

Адам бойындағы жақсылық пен жамандықтың күресіндей болған бұл қасиетті исламда нәпсі деген ұғым арқылы түсіндіреді. «Адам Нәпсі тойымсыз, себебі оның табиғатында құмарлық бар. Нәпсіні меңгеру

мақсатында әлемде діни саналар қалыптасып, өркениеттік тәрбие жүйесі Нәпсіні ауыздықтауға бағытталған» [151].

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы ислам зайырлық мемлекеттегі діннің жоғары дәрежесі және жағдайымен анықталатын жаңа тарихқа иеленді деп айтуға болады. Мемлекеттік атеизм идеологиясы мен дінді әлеуметтік кеңістіктен ығыстыру саясатынан арылудың бірінші жылдарынан бастап ақ қазақстандық қоғамда қарқынды діни жаңару, қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін бұрыннан бері қамтып келе жатқан рухани қайнар көздерге оралу үрдістері байқалады. Ислам тек діни емес, сонымен қатар этностық-мәдени жаңғырудың, ұлттық сана сезім мен құндылықтардың жаңа жүйесінің символы болып табылады.

«Егер қазақ даласынан шыққан ғалымдар араб елдерінен дәріс тыңдап, білім алып, араб тілін жетік меңгермеген жағдайда осындай ғұлама ғалымдары шығар ма еді деген сауал туындайды. Бізге мәлім қазақ жерінен шыққан әл-Фараби, Иассауи, Бақырғани, Жаухари және т.б. ғұламалар араб тілін жетік меңгергендігі нәтижесінде, осындай биік жетістіктерге жеткені мәлім. Одан бергі Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп және т.б. шығыс тілдерінде еркін сөйлегені анық. Әрине қазақ жеріне ислам діні тек қана дін ғана емес, сонымен қатар мәдениетімізге, әдебиетімізге, ділімізге де үлкен өзгерістер енгізіп, тіліміздің шұрайлы, құнарлы болуына үлкен әсерін тигізді» [152, 179 б.].

Қазаргі Қазақстандағы исламға «...исламның қатаң ортодоксальді ирандық немесе арабтық моделі, түріктік жұмсақ моделі де тән емес. Ол ислам қоғам мен азаматтардың жеке өмірін реттейтін араб мемлекетіндегі исламнан ерекшеленеді. Сондықтан ислам бүгінгі таңда қазақтар үшін өмір салты мен мінез-құлықтың негізі емес, өзіндік ерекшеліктің символы болып табылады» [141, 10 б.].

Ал «Құранның плюралистік үндеулерін елемей және оған құлақ аспағандығының салдарынан, кейбір экстремисттік топтардың мұсылмандар жайлы, басқа дін өкілдері мен тіпті бүкіл елдер жайлы анахрондық стереотитерді қолдануына, және Ислам эхистологиясындағы (қиямет жайлы білім) бұрмаланған экстремисттік түсініктерін зұлымдық түрінде жайылуына жол берілуде» [153, 194 б.].

Қазақстан құқық пен діншілдерді құрметтейтін зайырлы мемлекет болып табылады. Жалпы қоғамдық сана діни және зайырлы көзқарастармен де бөліседі деуге болады. Бұл Қазақстандағы исламның таралуының тарихи ерекшеліктеріне, оның қалыптасу ерекшелігіне және қазақ қоғамындағы діни, мәдени және саяси үдерістердің дамуына байланысты. Оның дәлелі Қазақстанда діни себептерге байланысты дау-жанжалдардың болмауы. Исламмен байланысты терроризмдік қауіп көбінесе қазақ жеріне әсер етпей, айналып өтетін. Алайда бұның барлығы XXI ғасырға дейінгі құбылыс. Қазақстан халқы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, 70 жыл «дін – апиын» ережесін ұстанып, бір партияға бас ұрып, ұрандап келген халық рухани тұрғыдан дінін, ділін іздеген болатын. Қазақ жастары ислам дінін меңгеру

үшін араб мемлекеттерін жаппай аралап кетті. Нәтижесінде, тәуелсіз Қазақстанда ислам ғана емес, араб дәстүрі, пәкістандық дәстүр және т.т. қазаққа жат салт-дәстүрлер ере келгені рас. Соның салдарынан, өзін мұсылман санаған азаматтар арасында іріткі туындап, қазақтың Кеңес Одағына дейінгі діні осы болған деген дау-жанжалдар туындады.

Алайда шетелдік мұсылмандардың әр түрлі мұсылман ұйымдарының исламдық өмір салтын түсіндіру мен түсінуін ынталандыруға деген ұмтылысы көп жағдайда қазақстандық мұсылмандарға сәйкес келмейді. Бірақ та араб елдерінен, оның ішінде Ливан, Сауд Арабиясы сияқты елдерден білім алып, діни сауатын ашып келген шәкірттердің қазіргі таңда адасу жолында жүргенін де білеміз.

Ислам факторы қазіргі заманғы әлемде маңызды рөл атқарады, саясатқа, экономикаға, халықаралық қатынастарға әсер етіп, негізгі державалардың геосаяси мүдделерін қозғайтын белсенділікке ие. Ислам факторының маңыздылығы көбіне ислам әлемінің стратегиялық маңызы мен көлемін қамтитын бірқатар себептерге байланысты.

«Исламның басқа діндерден айырмашылығын көрсететін ерекшеліктері – діннің барлығын жалпылама қамтитын сипаты, өзгешелігі, яғни, жай ғана дүниетанымдық көзқарас, идеология немесе рухани құндылықтар құрамы ғана емес, ол өмір сүру тәсілі, өйткені ол мұсылманның өмірін тұтастайтын қамтып, жан-жақты реттейді. Ислам, сондай-ақ, адамның түсіне, шығу тегіне, ұлтына қарамастан, барлық діндар адамдарды біріктіретін керемет ынтымақты дін болып табылады.

Қазақстанда ислам діні өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол қоғамның мәдени және рухани өмірінде маңызды орын алады және оның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Уақыт та, өзгермелі саяси режимдер де ислам дінін әлсіреткенімен, халықтың жанынан өшіре алмады» [144, 375 б.].

Қазіргі XXI ғасырда ислам дәстүрі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде жастардың киім үлгісінен, ауыз екі тілден, шоу-бизнестен, спорт салаларынан көрініс тауып жатқаны рас. Жастардың үлкен буынға қарағанда діншілдігі басым, спорттың бокс, күрес саласындағы спортшылардың басым көпшілігі намаз оқып, орамалды аруларды өздеріне жар ету үрдісі басымдылық көрсетуде. Сондай-ақ шоу бизнестегі бірталай әншілердің мысалы, Мистерион, Ринго, Жігіттер тобы және т.б. исламға бет бұрып, әлеуметтік желілерде исламды насихаттап жүргенін көре аламыз. Алайда осы мәдениет саласындағы адамдар арасында бұндай діншілдік неліктен, не себептен артқандығы туралы ақпарат немесе әлеуметтік зерттеулер жоқ. Сондықтан біз тек әлеуметтік желілер арқылы ғана олардың көптеп дінге ойыстап бара жатқанын көре аламыз. Сондай-ақ айтыс ақындарының да дін туралы насихаттары жастарға көп әсер етеді. Қазіргі жастардың исламға әсері туралы татар зерттеушілерінің де басты тақырыбы екенін, мына мақалалардан көре аламыз.

Сондай-ақ қазіргі қоғамдағы орамал мәселесі әлі шешімін таппаған. Орамал, хиджаб, никаб жайлы Елбасы да, діни қызметкерлер де көптеген

сындар айтқанымен, орамал мәселесі әлі де өзекті. Оның бірі себебі, меніңше, осы ел алдында өз талантымен, өзінің жетістіктерімен жастарға үлгі, тәрбие болып жүрген спорт, мәдениет, шоу-бизнестегі адамдардың орамал тағып немесе орамалды қызға үйленіп, сонымен қатар осы спортшылардың келіншектері Инстаграмм желісінде өз блоктарын жүргізіп, өздерінің әдемі өмірін қалың көпшілік арасына паш етуде. Өздерінің осындай қамсыз өмірге, бақытты отбасына ие болуының бірден-бір себебі осы исламның арқасында, денесін жауып жүргендігінде дегендей ойлар айтады. Әрине, әдемі өмірді аңсамайды, қаламайтын адам жоқ, осындай ой-пікірлерді оқыған буыны қатпаған жасөспірімдер, исламды білмей жатып, басына орамал байлап, исламның сыртқы бейнесін қабылдайды. Әрине дұрыс жүру, ғайбат сөйлемеу, біреудің ала жібін аттамау өте дұрыс, алайда, адам ең алдымен материалды байлыққа емес, рухани тазалыққа ұмтылу керек. Алайда, жастарымыз өздерінің қазақилығынан, қазақтығынан алыстап бара жатқандай. Ислам дәстүрі, иман шарттары мен ислам сипаттары жайлы заманында қазақ санасына түсінікті еңбектер жазып кеткен Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіпті оқымай, араб әдебиеттерін өздеріне жақын тұтуда.

Қорытында келе, hесми түрде бізде ислам дәстүрі қазақ даласына, жалпы Орталық Азия мен Қазақстанға кіруі VIII ғасыр деп ресми алсақ, 12 ғасыр өтті. Сол уақыттан бері бұл ислам діні жергілікті халықтың дәстүрлі дүниетанымына, діни санасына және діни практикасына, салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне еніп кетті. Ислам дәстүрінің қазақ дәстүріне сіңіп кеткенін мойындаймыз және диссертацияда осылай берілген. Өйткені ол осы Мәуреннахр мен Түркістандағы мұджахиттер мен имамдарды айтпағанда, өте көптеген діни ойшылдарды дүниеге келтірді. Дін философиясында, кәләмда болсын, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұн және одан бері қарай Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Науан Хазірет Садуақас Ғылмани кешегі күнгі арасындағы осы рухани сабақтастықты байқауымызға болады. Сонымен бірге ол қазақтың мақал-мәтелі, жыр-дастандары, даналық нақыл сөздері, сонымен авторлық ауыз әдебиетінде, Асан Қайғыдан бастап кешегі Бұқар жырау ақынға дейінгі кезеңнен ислам дәстүрінің үлгілерін айқын байқаймыз. Сондықтан ислам дәстүрі мен қазақ халқының салт-дәстүрлерімен біте қайтасып, бірін-бірі толықтырып, әлі де даму үстінде. Келесі тараушамыз қазіргі қазақстандық бірегейлікке ислам дәстүрінің алар орыны мен оның қалыптастырудағы рөліне тоқталамыз.


3.3 Ислам дәстүрі және оның қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы

Қазақстандық қоғамдағы бірегейліктің қалыптасуына ислам дәстүрінің үлесі мен рөлін зерделеу үшін алдымен, бірегейлік, азаматтық, ұлттық, діни бірегейлік ұғымдарына талдау жасауымыз қажет. «Бірегейлік» феномені қазіргі таңда әртүрлі әлеуметтік-гуманитарлық сала мамандарының жіті бақылауындағы тақырып. Бірегейлік тақырыбы көптеп зерттелгенімен,

бірегейлік тұжырымы толық шешімі табылмаған мәселе саналады.

Қазіргі заманғы зерттеулерге бойынша, бірегейлік – өзгермелі құрылым, ол өмір бойы дамып, дағдарыстарды жеңу арқылы өтеді, яғни сәтті немесе сәтсіз бағытта өзгеруі мүмкін. Ғалымдар бірегейліктің шығу тегін әлеуметтік деп санайды, өйткені ол адамдардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде және қатынас тіл арқылы бірін-бірі түсінісу барысында қалыптасады, ал бірегейліктің өзгеруі әлеуметтік өзгерістермен байланысты.

«Әлеуметтік бірегейлік – белгілі бір әлеуметтік топтардың немесе қауымдастықтардың мүшесі ретінде жеке тұлғаның қабылдауынан туындайтын әртүрлі жеке қасиеттердің бірігуі. Яғни көптеген «Мен-бейне»: ер адам, жасөспірімдер тобы, еуропалық, белорус, бойдақ, студент, спорттық команданың мүшесі, хоккейші және т.б.» [154, с. 234] деп Н.Л. Балич әлеуметтік бірегейлікке анықтама береді. Ол әлеуметтік бірегейлікті негізгі бес элементін атап көрсеткен.



1 сурет. Әлеуметтік бірегейліктің негізгі элементтерінің құрылымы

Ол әлеуметтік бірегейліктің құрылымын әртүрлі түрлерге бөліп көрсете отырып, олардың әрқайсысында – ұлттық, этникалық, азаматтық, мәдени, діни бірегейлікте белгілі бір дәрежеде басқа түрлердің элементтері бар екенін айтады [154, с. 234].

Мысалы, құрылымдағы ұлттық элемент этникалық және азаматтық ұғымдармен тығыз байланысты, сондай-ақ адам қызметінің екі саласы – мәдениет пен діннің арақатынасын да қамтиды. Яғни, әлеуметтік бірегейліктің жекелеген түрлерін бір-бірінен ажыратып, дербес тұрғыда қарастырып талдауға болмайды және ол мүмкін емес. Сондай-ақ діни бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің басқа да ұлттық, азаматтық, этникалық элементтерінің қалыптасуына айтарлықтай әсері болатыны анық.

Ұлттық бірегейлік терминінің өзі бірегейліктің әртүрлі үлгілерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жеткізілетін әлеуметтік, мәдени, саяси идеялар мен құндылықтардың синтезіне негізделеді. Шетелдік әлеуметтанулық әдебиеттерде ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде этникалық және діни сәйкестік болып табылады [155, с. 223-241]. Яғни ұлттық

бірегейліктің негізін қалаушы мәдениет пен рухани құндылық. Ал отандық зерттеушілердің пікірінше, ұлттық бірегейлік тілдің, діннің, салт-дәстүрдің, өз этносының өкілдеріне деген сенімнің ортақтығы деп түсіндіріледі.

«Ұлттық бірегейліктің негізгі белгілері ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие, ата діннің таза күйінде сақталуы, тарих, тарихқа, тарихтағы ата-баба дініне деген құрмет, ұлт мәдениетінің әлеуметтік өрісіне айналған шешендік, ұлттық өнер түрлері, туысқандық дәстүр, тәртіп, тазалық, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтардың тегістей сақталуы, заман талабына сай бейімделу, білімді болу, ғылымның мемлекетке тигізер пайдасын ел болып бағалау, ұлттың дербес шаруашылығының болуы және оны уақыт талабына сай нығайта білу» [156].

Демек, ұлттық бірегейлікке белгілі бір аумаққа, құндылықтарға, белгілі бір этностарға байланысты рухани тәуелділік және т. б. жатады.

«Ұлттық бірегейлік өзін-өзі тану мен ұлттық сәйкестендіру арасындағы күрделі әрі қарама-қайшы үрдісінің нәтижесі болып табылады. Өйткені «ұлт» және «ұлттық» ұғымдарының өзі әртүрлі мағынаға ие болғандықтан, түпкілікті нәтиже екі жақта сипатқа ие болуы мүмкін» [157].

Бұл пікірге ұлттық бірегейлікті зерттеп жүрген отандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов та қолдайды: «Қазақстанға өзінің ұлттық мемлекетін орнатып оны дамыту керек. Бұл үрдісте ұлттық бірегейлікті анықтау түбегейлі маңызды. Ұлттық мемлекет пен оның азаматтығының бар болуы өздігінен ұлттық бірейгелікті анықтап бермейді. Бұл жерде Қазақстан халқын анықтау мәселесі туралы сөз болып отыр, яғни, біз оларды «қазақтар» немесе «қазақстандықтар» ретінде анықтай аламыз ба, оның үстіне қазіргі таңда бұларды идентификациялауда айтарлықтай қарама-қайшылықтар байқалады» деп баға береді [158, 86 б.].

Яғни ұлттық бірегейлік – белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке тән сезіммен байланысты адамның бірегейлігінің құрамдас бөлігі. Ұлттық бірегейлік азаматтық немесе ұлт ұғымдарына ұқсас емес, бірақ олар оған күшті әсер ететін факторлар болуы мүмкін.

Ұлттық бірегейлік туа біткен ерекшелік емес, ол мәдениет ортақтығынан алынған ұғынудан шығады. «Жалпы алғанда, ұлт пен ұлттық бірегейлік ұғымдары өзара тығыз байланысты, олар бір-бірін бағамдайды. Ұлт адами қоғамдастық ретінде ортақ ұлттық бірегейлікті бөлісетін индивидтерден тұрады. Сонымен қатар, қабылдау стереотиптері мен зерттеу әдістері индивидтер ұлтын құрайтын сана-сезім ұлттық бірегейлік болып табылады» [159, 27 б.]

Азаматтық бірегейлік термині әлеуметтік әдебиетте белгілі бір мемлекет азаматтары қауымдастығына өзінің қатыстылығын сезіну ретінде қарастырылады.

«Азаматтық бірегейлік дегеніміз барлық әлеуметтік-мәдени өлшемдерде индивидтің (топтың) өзін қоғаммен салыстыру нәтижесі болып табылады. Оның салдары индивид өзін мемлекетпен, қоғаммен, елмен бірдей сезінуге, өзін «өз» тобы мен «бөтен» топпен салыстыру өлшемдері мен нұсқаулықтар

жиынтығын қалыптастыруға алып келеді» [160, 10 б.] деп азаматтық бірегейлікке сипаттама берген Р. Шикова азаматтық бірегейліктің іргетасы қоғаммен, мемлекетпен және елмен сәйкестендіру жолымен келгенін айтады. Азаматтық мемлекетпен, азаматтылық Отанмен, атамекенмен және отаншылдықпен байланысты. Яғни, азаматтық, азаматтылық және отаншылдық азаматтық бірегейліктің элементтері болып табылады. Сондықтан азаматтық бірегейлік халықты біріктіреді және де әлеуметтік интеграцияның біріктіруші негізі болып саналады.

Азаматтық бірегейлік құрылымын талдау барысында, біз «азаматтық бірегейліктің объективті (формальды – мемлекет және құқық, сондай-ақ формальды емес – негізгі мәдени және әлеуметтік стандарттар мен нормалармен берілген) және субъективті (жеке тұлға салыстырмалы түрде жасалған) құрамдас бөліктері бар» [161, с. 336.] деген Е.А.Гришинаның байлауына тоқталамыз. Оның айтуынша, азаматтық бірегейліктің объективті және субъективті құрамдас бөліктерінің арақатынасы тиісті әлеуметтік тәжірибелерді жүзеге асыру арқылы әлеуметтік жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін оның тұтастығы мен функционалдық дәрежесін анықтайды.

Мысалы, тұрақты қоғамда объективті құрамдас бөлік басым болады. Ал қоғамдағы әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен нормалардың түбегейлі өзгеруі болған жағдайда азаматтық бірегейліктің субъективті құрамдас бөлігі басымырақ болады.

Р.Шикова азаматтық бірегейлікті талдау барысында оның қоғамның тұрақты әлеуметтік-мәдени сипаттамалары, әлеуметтік-саяси, ұлттық-мәдени, діни және өзге де ерекшеліктер негізінде қалыптасатын күрделі жүйе деген байламға келеді. Ол өзінің ғылыми жұмысы барысында азаматтық бірегейлікке талдау жасауда, ең алдымен азаматтық бірегейлік пен ұлт арасындағы өзара байланысқа назар аудару керектігін жазады.

«Егер Қазақстанның ұлттық бірегейлігін анықтау үшін осы осы сұрақ қойылса, онда оған барлық азаматтар үшін ортақ жауап жоқ екені анықталады. Қазақстан азаматтарының бір бөлігі бұл сұраққа «біз – қазақпыз» деген жауап берсе, ал азаматтардың басқа бөлігі өзін қазақ деп танығысы келмейді және «Біз – қазақстандықпыз» деген жауап ұсынады. Демек, бүгінгі таңда Қазақстанда «біз кімбіз?» деген сұраққа қоғамның әртүрлі бөліктерінің жауабына байланысты екі ұлттық бірегейлік бар болғаны. Бірегейліктің бірін қазақ бірегейлігі деп анықтауға болады, өйткені ол «біз – қазақпыз» деген анықтамаға сүйенеді. Екінші бірегейлікті ұлттық бірегейлік деп айтуға болады, өйткені ол «біз – қазақстандықпыз» деген формуладан шығады» [162]. Бірақ «Біз қазақпыз» деп жауап берген респонденттерді ұлттық бірегейлікке, керісінше «Біз қазақстандықпыз» деп жауап бергендер азаматтық бірегейлік сезімі басым деп ойлаймыз. Осы тұста О.Е. Хухлаевтің «Психология национализма в зарубежных исследованиях» [163] атты мақаласындағы мәліметтерге тоқталсақ болады. Ол бірнеше американдықтың ғалымдардың зерттеу жұмыстарына талдау жасайды. Қазіргі таңда отаншылдық пен ұлтшылдықты бөліп қарастыру танымал құбылыс. Мысалы, американдық Р.

Костерман және С. Фешбах бағамдауынша, отаншылдық – бұл өз еліне деген адалдық, мақтаныш пен сүйіспеншіліктің жағымды сезімі болса, ал ұлтшылдық үстемдік, басымдық пен өзгені жақтырмауға байланысты идеялар көрсетеді. Сондай-ақ сауалнама жүргізу барысында ұлтшылдықты қолдайтындар респонденттердің жалпыдан көбісі Американың жергілікті азаматтары емес, ал керісінше АҚШ азаматтарына отаншылдық сезімі тән екені белгілі болды. Шетелдің кейбір ғалымдар ұлтшылдық пен отаншылдықды бөліп қарастырудан гөрі, біріктіріп зерттеу керектігін ұсынады. Мысалы, М. Кеммельмейер и Д. Винтер атты ғалымдар американдық жалаудың ұлтшылдық пен отаншылдық сезімге қаншалықты әсері болатынын зерттеген. Зерттеу әр түрлі екі бөлмеде жүргізілді, бір бөлме американдық жалауларға толы болды. Олардың ойынша, отаншылдық өз еліне сүйіспеншілік пен адалдық болса, ұлтшылдық артықшылық, ерекшелік және тіпті үстемдік идеологиясы. Алайда зерттеудің нәтижесінде жалаулар тұрған бөлмеде отырған респонденттердің ұлтшылдық сезімі екінші бөлмедегі респонденттерге қарағанда басымырақ көрініс тапты.

Жастардың азаматтық бірегейлігі мен позициясын қалыптастыру елі, Отаны үшін мақтаныш сезіміне тікелей тәуелді. Патриотизм азаматтық қауымдастыққа саналы қатыстылық сезімі ретінде базалық сәйкестендіруші фактор болып табылады.

Сонымен қатар, азаматтық бірегейлікті, біз өзін «өз ұлтының өкілдерімен», «өз Республикасының азаматтарымен» салыстыру процесі ретінде қарастыруға болады. Осылайша, көпэтносты аймақтың азаматтық бірегейлігі тұтастай алғанда ұлттық бірегейліктің элементі ретінде қарастырылуы мүмкін, алайда бұл болжам эмпирикалық ойлауды талап етеді.

Жалпы азаматтық бірегейлік, діни, азаматтық, ұлттық бірегейліктерге берілген сипаттамалар бойынша, біз қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына немесе қалыптастыруға осы аталған бірегейліктердің тікелей қатысы бар. Ал «қазіргі жағдайлардағы қоғамдық сананың жаңғыруы міндеттерін жүзеге асырудың маңызды факторы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру. Көпэтносты құрамы бар мемлекетте тек этнос, ұлттық код, дін арқылы бірегейлену мүмкін еместігін түсіну маңызды. Елдің бірлігін сақтау үшін жалпы құндылықтардың, отансүйгіштік сананың, азаматтық жауапкершілік пен ынтымақтастықтың, заңды құрметтеудің, елдің тағдырына қатыстылықтың негізіндегі азаматтық бірегейлікті қалыптастыру ісін жүзеге асыру қажет. Өз кезегінде, Қазақстанның қазіргі жағдаятында қоғамдық сананы жаң- ғыртудың негізгі мақсаты тарихи шығармашылыққа, озық ұлттық тәжірибе мен идеялардың синтезіне, біздің мәдени, рухани, саяси дәстүрлерімізді зерделеуге негізделген біртұтастанған және органикалық бірегейлікті қалыптастыру болып табылады» [164].

Осы тұрғыда ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында 2018-2020 жылдарға арналған «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» атты бағдарламалық жоба іске асырылуда. 2019 жылы тамыз айында осы жоба

барысында Институт «BISAM –Central Asia» ақпарат бизнесі, социологиялық және маркетингтік зерттеулер Орталығымен бірлесіп әлеуметтанулық зерттеулер жүргізген болатын [165]. Біз осы 3.3 тараушада қарастырылатын ислам дәстүрінің қазақстандық бірегейлікке қаншалықты әсерін осы әлеуметтік зерттеулер нәтижелері бойынша сараптама жасаймыз.

Әрбір өркениеттің құндылықтарға қайшы келетін өзіндік ерекше құндылықтары болады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттар мен мемлекеттер бір-бірімен жиі қақтығысуға мәжбүр, ал күшті әлсіздерді мұқатуға, жаныштауға деген ұмтылысы мен рахаттан бас тарта алмайды. Осындай артыс-тартыс, рухани құндылықтар емес материалдық құндылықтар алдыңғы орынға қойылған заманда қандай рухани құндылықтар басымдық береді екен деген сұрақ туындайды. Зерттеу жұмысымызда тілге тиек етіп отырған ұлттық бірегейліктегі ең бастысы мәселе - мәдени өлшем, өркениеттік кодтар, яғни құндылықтар. Оның үстіне құндылықтарды күшпен тану мүмкін емес. Өйткені құндылықтар ұлттық мәдени дамудың жемісі, нәтижесі. Ұлттық бірегейлікті анықтайтын құндылықтармен өзін бірегейлендіретін адамдардың бойында саналы түрде өмір сүреді. Мысалы, ең керемет деген заңды әлеумет дұрыс қабылдамаса, қоғамда ол заң мен тәртіп болмайтыны сияқты, егер адам бойында бірегейлікті анықтайтын ұлттық құндылықтар болмаса, сәйкесінше ұлттық бірегейлік те болмайды.

«Дәстүрлі құндылықтардың басым бөлігі ұлтына, дініне, жасына, жынысына қарамастан барша адамзатқа ортақ. Дегенмен әрбір қоғам мәдениетіне тән өзіндік құндылықтар кешені болады. Дәстүрлі қоғам өзгеріске ұшыраған жағдайда да дәстүрлі құндылықтар өз маңызын жоймайды» – дейді қоғамға белгілі дінтанушы Айнұр Әбдірәсілқызы [166, 27 б.].

Сонымен қазіргі қазақстандық қоғам үшін қандай құндылықтар алдыңғы шепте екен. Осы тұрғыда респонденттердің нақты құндылықтарға бағдарлануы деңгейін тестілеу үшін «Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады?» деген сұрақтар қойылған. Жауаптардың нұсқалары бірнеше топтарға бөлінді, әрбір топтан таңдауды респонденттің өзі жеке жасады, үш нұсқадан артық белгілеуге рұқсат берілмеді. Бірінші А тобы еңбек және қоғамдық қызметке, білім беруге, мансапқа, өмір салтына қатысты құндылықтар болса, екінші Б тобы институционалды негіздермен және жеке өмір мен дербес мінез-құлық мақсаттарымен байланысты құндылықтар енгізілген. В және Г топтарында молшылықты немесе аскеттік өмір салтын таңдау дихотомиясы мен әлеуметтік мінез-құлық моделін таңдау ахуалына қарастырылды. Ал Д тобында базалық рухани, моральдік құндылықтар тестіленді. Респонденттердің 63,4% жақсылықты басты құндылық ретінде таңдауы табиғи болып табылды. Ал жақындарға деген махаббат (53,2%), ақиқат (40,4%) ұғымдарды да жоғары дәрежеде таңдалды.

Дінге байланысты құндылықтарды «Құдайға махаббат», «сенім», «тәубе» ұғымдарын салыстырмалы түрде аздаған респонденттер таңдады (15,8%,

7,0%, 6,8%). Дегенмен, респонденттердің 1,6% бөлігі ғана атеизмді барлығынан артық көретінін және өздеріне маңызды екенін атап өткен.

Кесте 1. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? Д тобы. (жауап бергендердің %).

Жақсылық	63,4
Жақындарға деген махаббат	53,2
Ақиқат	40,4
Сұлулық	19,3
Үміт	19
Құдайға махаббат	15,8
Сенім (діни)	7
Тәубе	6,7
Атеизм	1,6

Е тобындағы респонденттері үшін бірінші кезекте адалдық ұғымы құнды болса, екінші, үшінші кезекте бекзаттық пен адамды сүю құндылықтары бағаланған. Сонымен қатар респонденттердің біршама үлкен бөлігі (15,3%) өмірлік бағдарларында цинизмнің бар екендігін, басқаларға немқұрайлы қарайтындығын, ар-ұят пен ұжданның жоқтығын мойындағаны байқалады.

Кесте 2. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? Е тобы. (жауап бергендердің %).

Адалдық	58,3%
Бекзаттық	53,6%
Адамды сүю	41,4%
Ұяттылық	28,3%
Ұяттың жоқтығы	7,4%
Цинизм	4,5%
Басқа адамдарға немқұрайлылық	3,5%
Құлық, пайдакүнәмдік	2,1%


Ж тобының құндылықтар блогы қарама-қарсылықтардың болуымен ерекшеленді. Алынған нәтижелерде респонденттердің шынайылығына күмән келтіруге болмайды. Респонденттердің жартысынан көбісі (53,7%) өздеріне «риясыздық» құндылығын жоғарғы орынға қояды. Риясыздыққа үндес келетін альтруизм құндылығының салыстырмалы түрде азырақ болуы (9,7%) көптеген респонденттер үшін бұл ұғымның бейтаныс болуына байланысты деп түсінеміз. Дегенмен, респонденттердің 29,0% бөлігі өздерінің дербес мүддесін барлығынан артық бағалайды. Жауап бергендердің 13,7% прагматизмді жоғары құндылық ретінде қарастырады.

Кесте 3. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? Ж тобы. (жауап бергендердің %).

Риясыздық	53,7
Прагматизм	13,7
Альтруизм	9,7
Өзімшілдік	3,5
Қайсарлық	35,8
Дербес мүдде	29,0

Респонденттердің жас ерекшелігіне байланысты құрылған көрсеткіштен біз адамның жасы ұлғайған сайын риясыздықты таңдау арта түсетінін байқаймыз. Мысалы, жас шамасы 66+ респонденттер 64,9% бөлігі бірінші кезекке риясыздық ұғымын қойса, ең жас респонденттердің (18-24 жастар) 39,9% қайсарлықты ұғымын жоғары санаған. Сонымен қатар, жастар «дербес мүдде» құндылығын таңдауда да алға шықты.

Сурет 2. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? Ж тобы. Жас шамасы бойынша көрсеткіштердің тарқатылуы (жас шамасы бойынша жауап бергендердің %).



«Қайсарлық» құндылығын таңдау бойынша дінге сенушілердің позициясы басқа топтардың арасында ерекше айрықшаланады. Дегенмен, олар «дербес мүдде» позициясын таңдауда да басқа топтардан көп айырмашылыққа ие болмады.


Кесте 13. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? Ж тобы. Дінге қатысты қатынастар бойынша көрсеткіштердің тарқатылуы (Ж тобында белгілі бір нұсқаларды таңдап, жауап бергендердің %).

	Риясыздық	**Прагматизм**	**Альтруизм**	**Өзімшілдік**	**Қайсарлық**	**Дербес мүдде**
Қауымдастықта тұрамын және діни нормаларды ұстанатын дінге сенушімін	53,0	11,5	9,1	2,2	50,2	29,9

Дінге сенушімін, бірақ діни өмірге қатыспаймын	53,9	14,0	10,1	3,3	32,0	28,9
Дінге сенбеймін, бірақ діни салттар мен дәстүрлерді қолдаймын	55,9	23,6	13,7	3,7	33,5	29,8
Дінге сенбеймін, бірақ дінге сенушілерді құрметтеймін	60,3	18,3	8,7	8,2	37,0	29,2
Дінге немқұрайлымын	50,6	11,0	11,7	4,5	31,8	34,4
Дінге сенбеймін және дінге теріс қараймын	60,9	13,0	21,7	0,0	21,7	30,4
Дінге сенушімін, бірақ ешқандай діни конфессияларға кірмеймін	54,6	10,9	5,4	2,6	39,3	26,5
Жауап беру қиын	34,4	4,3	5,4	7,5	47,3	24,7

Келесі 3-суретте ең жас респонденттер басқа жастағы топтарға қарағанда ұлттық-мәдени дәстүрлерге, тілге үлкен маңыздылық береді екен. Ал қоғамдағы тұрақтылық барлық жастағы топтар үшін аса маңызды. Егде жастағы топтар жаңа өзгерістер, технологиялық серпіндер мен жаңғыруға аса дайын болмаса, 18-24 жас шамасындағы топтар 28,4% осы позицияға үстемдік береді.


Сурет 3. Сіз нені бәрінен артық бағалайсыз, өміріңізде нені алдымен таңдайсыз, сіз үшін бірінші орында не тұрады? 3 тобы. Жас шамасы бойынша көрсеткіштердің тарқатылуы (жас шамасы бойынша жауап бергендердің %).



4-суретте «Сіз үшін дін алдымен не болып табылады?» деген сұраққа қауымдастықта тұратын, діни нормаларды ұстанатын дінге сенушілерден бастап дінге сенбейтін топтардың барлығы дінді әлеуметтік-мәдени категория ретінде қабылдайды. Сонымен қатар дінге сенуші, бірақ діни өмірге

қатыспайтын топтар басқаларға қарағанда дінді тәрбие құралы және адамгершілікті бекіту ретіндегі қатынасты біршама көбірек таңдаған (19,3%).

Сурет 12. Сіз үшін дін алдымен не болып табылады? Дінге қатысты қатынастар бойынша көрсеткіштердің тарқатылуы (дінге қатысты қатынастар бойынша жауап бергендердің %)



КСРО ыдырағаннан кейінгі, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кезеңде діннің кең таралуын респонденттердің көбісі (54,6%) дәстүрлерге қайта оралумен байланыстырады.

Сурет 13. Сіздің пікіріңізше, КСРО ыдырағаннан кейін, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезде діннің кең таралу себебі неде? (жауап бергендердің %)



Қазіргі кездегі Қазақстан қоғамындағы дін рөлінің өзгеруін респонденттердің 32,6% бөлігі дін ықпалының артуын оң нәтиже деп түсінген, алайда респонденттердің 35,4% жауап беруге қиналған.

Кесте 17. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы діннің рөлінің өзгеруін қалай бағалайсыз? (сауалнамаға жауап бергендердің %)

Діннің ықпалы төмендеуде және ол жаман	12,2
Діннің ықпалы төмендеуде және ол жақсы	8,5
Діннің ықпалы артуда және ол жаман	11,3
Діннің ықпалы артуда және ол жақсы	32,6

Жауап беру қиын	35,4

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы діннің функциясы мәселесінде респонденттер кез келген мөлшердегі нұсқаны таңдауға болған жағдайдағы жауаптар барынша күрделі сипатта көрініс береді. Респонденттердің 44,7% бөлігі діннен рухани және физикалық тыныштық пен қиындықтарды жеңуде көмек іздейді. Екінші кезеңде дін 41,9% адамды рухани байытады деп сенеді. Жалпы діннен адам жан тыныштығы мен қиналғанда пана, өмірдегі орны мен мінез-құлық нормаларын белгілеуші, бір мақсаттағыларды біріктіруші күш ретінде қабылдайды.

Кесте 18. Қазіргі қазақстандық қоғамда дін қандай қызметтерді орындайды? (жауап бергендер %)


Дін тыныштандырады, қиындықтарды жеңуге көмектеседі	44,7%
Дін жан дүниені тазартуды, тәубеге келуді қамтамасыз етеді	33,8%
Дін адамды рухани байытады	41,9%
Дін жан дүниенің қиналыстарын жеңілдетуді қамтамасыз етеді	26,7%
Дін күнделікті өмірде мінез-құлық нормаларын белгілейді	20,9%
Дін өмір мәнін табуға көмектеседі	21,3%
Дін бір діндегілермен біріктіреді	15,6%
Дін қоғамның ынтымақтасуын қамтамасыз етеді	13,8%
Дін жан құтқару үшін, мәңгі өмірге жолы көрсетеді	11,5%
Дін әр түрлі конфессияға жататын адамдарды бытыраңқылайды	4,3%
Дін адамдардағы енжарлықты, мойынсұнушылықты тәрбиелейді, аскеттік өмір салтына шақырады	6,2%
Дін қазіргі технологияның ықпалын шектейді, соның ішінде ақпараттық та	3,5%
Дін нақты өмірлік міндеттерді шешуден алыстады	4,7%
Дін шетелден келген қазақстандық қоғамды бүлдіруші әсер құралы ретінде көрініс береді	4,2%
Дін «түрлі-түсті революцияларды» ынталандырушылардың бірі болып табылады	2,4%
Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы да емес	7,7%

Сонымен қатар діннің рөліне берілген теріс бағалаулар онша көп емес екенін байқауға болады. Тұтастай алғанда олар 21% құрайды. Респонденттердің көбісіне дін қоғамдағы руханилықтың тасымалдаушысы және моральдік реттеуші болып көрінеді.

Келесі 18-суретте респонденттердің ұлты мен ана тілі көрсеткіштер бөлінісі бойынша дінге деген көзқрастары көрініс табады. Орыстар басқа этникалық топтармен салыстырғанда діншілдігі аз дәрежеде сипатталады: діни қауымдамын, діни нормаларды сақтаймын деп – 7,6% орыстар, қазақтар 17,7% деп жауап береді. Сонымен бірге қазақтілділер мен орыстілді қазақтардың да бір-бірінен айырмашылығы бар. Орыстілді қазақтардың діни көзқарасы этникалық орыс респонденттерінің көзқарасымен ұқсас. Этникалық орыс топтарымен салыстырғанда, орыс тілді қазақтардың ішінде атеистер көбірек (22,4% қарсы 19,1%) және діни өмірге қатысы барларға қарағанда аз (5,3% қарсы 7,6%). Сонымен бірге, қазақтілді қазақтар тобы жоғары


дәрежедегі діншілдігімен ерекшеленеді. Қазақтілді қазақтардың 20,5% діни өмірге қатысы барын көрсетеді.

Сурет 18. Қазіргі уақытта дінге деген көзқарасыңыз қандай? Ұлт пен ана тілінің негізіндегі көрсеткіштер бөлінісі (әр сұралған ұлттың/ тілдің санының %)



Дінді таңдауда жасы немесе тұрғылықты жері сияқты жағдайлар әсер етпейді. 1 суретте көрсетілген нәтиже бойынша респонденттердің 51,0% ислам дінін, 29,1% православие, қалған 19,9% басқа діни ағымдардың үлесінде.


Сурет 1. Сіз өзіңізді қандай діни қауымдастыққа жатқызасыз? (сұралғандардың санының %)



Ұлт пен ана тілінің негізінде діни көрсеткіштер бойынша қазақ респонденттердің 82,0% өзін ислам дініне жатқызса, православ орыстар 75,9%, қалған ұлт өкілдерінің 48,9% ислам және 24,5% православие дінінде екенін көрсетеді. Басқа діни ағымдарға жататын респонденттер үлесі аз ғана және негізінен христиандық ағымдарда (католицизм – 0,5% респонденттер,

протестантизм – 0,2% және басқа да христиандық ағымдар – 0,8% респонденттер).

Сурет 20. Сіз өзіңізді қандай діни қауымдастыққа жатқызасыз? Ұлт пен ана тілінің негізіндегі көрсеткіштер бөлінісі (әр ұлттың арасында кім өзін қандай дінге жатқызатыны сұралғандар санның %)




Сурет 21. Төмендегілердің қайсысы сіздің жағдайыңызды жақсы сипаттайды? (сұралғандардың санының %)




Қазақстандағы түрлі діни конфессия өкілдерінің дінге қатынасында жіктелу байқалады. Православтармен (6,9%) салыстырғанда мұсылмандардың 19,3% бөлігі діни қауымда көп болады және діни нормаларды сақтайды. Басқа дін өкілдері мұсылмандар мен православиеге қарағанда қауымда жиі болады және өз діндерінің діни нормаларын сақтайды дегенді ұстанады (48,3%) және атеистер саны салыстырмалы түрде жоғары.

Сурет 22. Қазіргі уақытта дінге деген көзқарасыңыз қандай? Діни қауым негізіндегі көрсеткіштер бөлігі (әр діннен сұралғандардың саны бойынша %)




24 сурет сауалнама нәтижесіне сәйкес қазақстандықтар балаларына діни де, зайырлы да құндылықтарды үйретеді. 80,9% қазақстандықтар балаларын діни, зайырлы құндылықтарды бойына сіңіргенін қалайды. 28,2% балаларының діни өмірге қатысын қаласа, ал 51,5% балаларының дінді құрметтеп, діни өмірді жақтағанын қалайды. Яғни респонденттер балаларының атеист болғанын қаламайды: тек 16,5% респонденттер ғана балаларының діни көзқараста болмауын және дінге немқрайлы қарағанын қажет етеді. Дәл осы сұрақ ұлт және ана тіліне қатысы бойынша да анықталды. Орыстілді қазақтардың 62,4% баласының діни өмірге қызығып, құдайға сенгенін қаламаса, 22,2% орыстар мен 37,4% қазақтілді қазақтармен салыстырғанда тек орыстілді қазақтардың 12,8% ғана балаларының діни өмірге қатысқанын қалайды.

Сурет 24. Сіз балаларыңыздың ..... болғанын қалайсыз …? (сұралғандардың саны бойынша %)



Сурет 25. Сіз балаларыңыздың діни өмірге қызығып, құдайға сенгенін қалайсыз ба? Ұлт пен ана тілінің негізіндегі көрсеткіштер бөлінісі (әр сұралған ұлттың/ тілдің санының %)




Жалпы, қазақстандықтардың діншілдік деңгейі мен сипаты жіктеу қиын, 80% аса респонденттер құдайға сенетіндер, бірақ діни өмірге белсенді қатыспайды. Сондай-ақ 80% аса респонденттер өздерін діни конфессиялармен байланыстырады, бірақ барлығы құдайға сене бермейді немесе діни дәстүрді сақтамайды. Діншілдіктің мұндай сипаты қазақстандықтар үшін қолайлы және көбісі осындай діни және зайырлы құндылықтарды балаларына қалдырғысы келеді. Сарапшылардың айтуы бойынша мұндай діншілдік деңгейі зайырлы мемлекетке тән құбылыс.

Дәстүрлерді қадағалау тек 13,4% респондент үшін ғана шынайы дін көрсеткіші болып табылады. Қазақстандықтардың діни өмірге қатысының төмен деңгейі шынайы діннің көрсеткіші діни жоралғыларды сақтау деп есептемейтін қазақстандықтардың құндылықтық мақсатымен байланысты. Қазақстандықтардың 44,3% үшін шынайы діннің көрсеткіші игі істер және 42,3% үшін – дін шынайылығы. Мұндай мақсаттар мұсылмандарға да, православтарға да тән. 84,9% мұсылман және 90,1% православтар шынайы дін мен игі істер адамды нағыз шынайы діншіл адам етеді деп есептейді.

Сурет 26. Сіздің ойыңызша, адамды шынайы діншіл адам ретінде не анықтайды? (сұралғандардың санынан %)



Сурет 27. Сіздің ойыңызша, адамды шынайы діншіл адам ретінде не анықтайды? Дін негізіндегі көрсеткіштер үлесі (әр діннен сұралғандардың %)




Күнделікті өз дінінің нормаларын сақтау барлық діннің өмірінің басты құраушысы болып табылады. Сауалнама нәтижесіне сәйкес қазақстандықтардың арасында күнделікті діни нормаларды тұрақты түрде сақтайтындар 20,8% болса, респонденттердің 52,5% бөлігі дін белгілеген нормаларды керек кезде ғана сақтайды екен. Бұл Қазақстанда діни қауым институтының таралмағанын дәлелдейді, тіпті діни нормаларды сақтайтын респонденттердің өзі діни қауым болмайды. Респонденттердің біраз бөлігі (19,3%) өз дінінің белгілеген нормаларды сақтамайтынын айтады. 7,4% респонденттер ешбір дінді ұстанбайтынын жеткізеді.

Сурет 28. Сіз күнделікті өмірде дінмен ескерілген нормаларды қадағалайсыз ба? (сұралғандардың санынан %)




Қазақстандықтардың 90,2% бөлігі діни мейрамдарды мойындайды, оның ішінде 30,7% елде кең таралған діни мерекелерді тойласа, 23,7% тек отбасында ғана қабылданған діни мерекелерді, 18,2% дінмен ескерілген мерекелердің көпшілігін және 17,6% барлық діни мерекелерді атап өтеді екен. Мұндай нәтижелер діни сананың таралуына куә болады және көптеген мерекелерді респонденттер зиялы өмірдің бір бөлігі ретінде қабылдаған.

Сурет 33. Сіз діни мейрамдарды тойлайсыз ба? (сұралғандардың санынан %)




35 суретке сәйкес біз қазақстандықтар діни кітаптарды аз оқитынына куә боламыз. Қазақстандықтардың 16,6% бөлігі аптасына, айына, жылына бір рет не одан да кем діни кітаптарды оқыса (5,5%, 5,0%, 6,1%), 6,9% респондент жылына бірнеше рет, ал 5,6% қиын жағдайға ұшырағанда ғана діни кітапты қолына алатынын айтқан. Ең өкініштісі қазақстандықтардың 71,0% өз дінінің діни кітаптарын ешқашан оқымайтынын мойындаған.

Сурет 35. Қасиетті кітаптарды қаншалықты жиі оқисыз?(сұралғандардың санынан %)



Қасиетті кітаптарды оқу қазақстандықтардың дінімен анықталды. Қасиетті кітаптарды оқымайтындардың 56,5% арасында Құран, 31,8% - Библия («Жаңа Өсиет») оқитын көрсетті. Респонденттер 15,1% басқа да діни кітаптарды оқитынын айтқан (сурет 36). 19 кестеге сай, ислам мен православие өкілдерінің тең үлесі басқа діннің қасиетті кітаптарымен, яғни, мұсылмандар Библиямен 2,9% және православтар Құранмен 3,1% танысады екен.

Сурет 36. Егер қасиетті кітаптарды оқысаңыз, қайсысын оқитыныңызды көрсетіңіз? (Қасиетті кітаптарды оқитындардың %)




Кесте 19. Егер қасиетті кітаптарды оқысаңыз, қайсысын оқитыныңызды көрсетіңіз? Дін негізіндегі көрсеткіштер үлесі (діни кітаптар оқимыз деген әр дінге қатысты сұралғандардың %)

	Ислам	Православие
Библия	2,9%	85,5%
Құран	85,4%	3,1%
Құран Сүрелері	0,0%	0,0%

Дұға(псалтырь)	0,2%	0,0%
Евангелие	0,3%	0,0%

